Зерттеушілер қиын-қыстау кезінде қазақ қолбасшыларының пікірталаста, алауыздықта болып, бір шешімге келе алмай әрқайсысының жағдайды өз жағына тартып отырғанын келтіреді. Қазақтар сөзге тоқтаған халық. Оларды бірлікке шақыру үшін терең мағыналы, ұран болатындай сөз табу керек еді. Мысалы, Ресей зерттеушісі Гавердовский өзінің түбегейлі еңбегінде Бөгенбай батырдың 1710 жылы өз жауынгерлерін «Қыпшақ даласының ұлдары қашан жаудан тайсалған?»,- деген қысқа қайырумен-ақ ерлікке жігерлендіргені келтірілген.

Ұлан ғайыр кеңістікте көшіп-қонып мал шаруашылығын күнкөріс еткен қазақтардың өмірі оқшаулану жағдайына итермеледі. Сондықтан да біздің ата-бабаларымыз тіпті қандас және жақын туыстардың өздерінің бір-бірінен жүздеген шақырым оқшау тұрып шаруашылық жүргізу тәртібін қабылдаған.

Бірақ көктемде жайлауға, күзде қыстауға көшу кезінде, тойларда, өлім-жітім рәсімдерінде, астарда үнемі кездесіп отырған. Бір руға басқа ру пікірінің күші жүрмеген.

Бірақ әркелкі рулардан құралған қазақ қауымында төрелерге, Шыңғысхан ұрпақтарына бағыну үрдісі болған. Қазақ басшылығын тағайындауға сырт күштердің араласып, жоғарғы билеушілердің абыройын түсіру мақсатында ашықтан-ашық әлсіздерді тықпалағанша, бізде хандар абыройлы да, өз қызметтеріне сайда болды. Оларға тақ тікелей мұра ретінде берілмей, дауыс беру арқылы сайланып, қазақ даласындағы төрелердің арасынан намыс-жігері, басқа да адами сапалары ескеріліп таңдалып отырған.

Билікке ат үстінде нық отырып, әскери қол басқару қабілеті бар, сөзге жүйрік, саясаткер, домбыра шерте алатын, қара күші менжігіттік қайраты мол үміткер келіп отырған. Абылайдың өзі жасынан-ақ жекпе-жекке қатысқан, 12 әйел алып 70 бала сүйген, домбырада ойнап 20 күй шығарған.

Қазақтарды бірігуге итермелеген екінші фактор сырттан төнген қауіп болды. Соның бірі 1723 жылғы шапқыншылық.

Өз-өзіне келіп қазақтар ойраттарға екі үлкен тойтарыс – 1728 жылы Булантыда және 1730 жылы Аңрақай түбінде – берді. Міне осы екі жеңіс Жоңғар мемлекетінің қабырғасын күйретіп, басқыншылығын түбегейлі тоқтатты. Аңрақай шайқасында қазақ халқының бірлігі танылды. Жалпыхалықтық сипат алған соғысқа Каспий мен Еділден, Ташкент пен Омбы облысының солтүстігіндегі Тары қаласына дейінгі аралықтағы барлық қазақ руларының әскери жасақтары қатысты. Әр ру осы соғысқа қатысуды өзінің ұлттық намысы деп білді.

Мысалы қазақ әскерінің жасақтары қатарында Омбы облысынынан Байболат-батыр болса, Кіші және Орта жүз зерттеуші ресей зерттеушілері Левшин мен Андреев «Описание киргиз-кайсаков Средней Орды» атты кітапта Шанышқылы руының белгілі батыры Бердіқожаның Оңтүстік Қазақстаннан келіп соғысқа белсенді араласқанын баяндайды.

Кезінде кәзіргі Орынбор аумағында тыныш мамражай күйде өмір сүріп жатқан Әбілхайырға, мыңдаған шақырым жерден келіп киелі

Түркістан қаласын жоңғарлардан азат етіп, оларды шегіндіріп қуып тастауға кім зорлады? Иә, қазақтарда кей жағдайда ауызбіршілік бола қойған жоқ, бірақ «Менің жерім», «Менің елім», «Менің ұлы далам» деген ұлттық сана-сезім әркез басым болды.

Аңрақай шайқасы өткен жер «Қалмақ қырылған» деген атауға ие болған. Осы жеңілістен кейін, 1741-42 жылдағы Ертіс қорғаныс шебіндегі ресей басшыларының ықпалымен жасалған ұмтылысын ескермегенде, қазақ даласына ірі шапқыншылықтар тоқтады.

Жоңғар хандығында 1745 жылдан ішкі талас-тартыстар басталып, ыдырау үрдісінің басталғаны байқалды. Абылай хан осы кезде тартысқа түскендердің бірде бір жағын қолдаса, енді бірде олардың қарсыластарын жақтап ұтымды саясат жүргізді. Жоңғарлардың әлсірегені тек бізге ғана тиімді болды. Ал шығыс пен батысымыздағы қуатты державалар керісінше қазақ-жоңғар соғысының тұрақты жалғасқанына мүдделі болды. Оларға Қазақ не Жоңғар хандығының өркендегені емес, керісінше бір-бірін титықтырғаны тиімді болды. Империяларға болашақта өзіне неғұрлым аз шығынмен бағындырып алу үшін даланың әлсіз болғаны қажет еді. Түптің түбінде көздеген мақсаттарына жетті де.

Адамзат тарихында ешкім ешқашан өз еркімен мемлекеттілігінен бас тартпаған. Тәуелсіздік тек күшпен жойылуы мүмкін. Ал қазақ мемлекетін бодандыққа түсіруге Ресей империясы тарапынан тек құжатқа қол қою ғана жеткілікті болды.

Ұзақ уақыт бой ресми түрдебасқаша түсіндіріліп келгенімен, жоңғарлармен болған соғысты қазақтардың өздері жеңді. Кеңес тарихнамасында тек ресей құрамына кіру ғана «қазақ халқын жоңғарлардың түгелдей қырып-жоюынан аман алып қалды» деген пікір жасалды. Бұл түбегейлі теріс тұжырым! Керісінше, қазақтар мен жоңғарларды, қазақтар мен еділ қалмақтарын, қазақтар мен башқұрттарды, егер олардың қайсыбірі бағынбаушылық танытса, бір-біріне барынша айдап салып отыру саясатын пайдалану туралы тікелей нұсқаулар келтірілген тарихи құжаттар сақталған.

Қытайлар да тек ХУІІІ ғасырдың 50-ші жылдарында ғана, енді ойраттардың өз саясатына тигізетін пайдаларының болмайтынын түсініп, оларды жою туралы шешім қабылдаған.

1781 жылғы Абылай ханның өліміне дейін қазақ даласының өмірі сүру деңгейі жаман болмаған. Ауыз халық шығармаларын жинаған Машһур Жүсіп Көпеевтің суреттеуінше Абылай заманындағы

қазақтардың екеуінің бірі екі, не оданда көп әйел ұстап, олардың тұрмыс жағдайларын қажетті деңгейде жасап отыра алатын жағдайда болған.

Бұл пікірді 1803 жылы Кіші жүз территориясында болған, қазақ тілінде еркін сөйлеген орыс тарихшысы Гавердовский де құптаған. Оның айтуынша ХУІІІ ғасырдың орта кезінде қазақ даласында 100 жылқысы және 1000 қойы бар отбасы кедейлер қатарына жатқызылған.

Бірақ өкінішке орай, хандық биліктің жойылып, қазақ мемлекеттілігінің 170 жылға болмасқа кететінін кім білген? Оған себеп болған 1822,1824 жылдары Ресей патшасының Жарлығымен енгізілген «Устав о сибирских киргизах», «Устав об оренбургских киргизах» атты құжаттар.

Мемлекеттілігіміз жоғалмаған болса қазақ даласы мүмкін ірі империялардың қазақ даласына келуіне түбегейлірек дайындалар ма еді? Сол кездің өзінде бізде бірталай пушкалар мен атқыш қарулар болған. Сапасы нашар болғанмен порохты да жасай алатын деңгейде едік.

Жоңғар шапқыншылығы болмағанда ХІХ ғасырдағы Қазақ хандығының қандай болатындығын Бөкей ордасының мысалынан болжауға болады. Жәңгір хан 50 000 гектар жерге желек отырғызып, өзіндік «Жасыл белдеу» жасады. Ол қазақ даласында бірінші болып Қару-жарақ палатасын ашты, әржерде мектептер салды, өз қарамағындағыларды сауда-саттыққа үйретті. Бөкей ордасына сауда жасау мақсатымен келген орыс купестеріне жүріс-тұрысына кедергі болмайтынына Жәңгір хан өз жекелігіндегі меншікпен кепілдік берді. Ол нарықтық қатынас енгізді, жастарға рухани және адамгершілік тәрбие беруге белсенді көңіл бөліп, оларды Қазан, Мәскеу, Петербургтің озық оқу орындарына жіберіп отырды. Халық үшін отшашулар ұйымдастырылып, даламызға зоопарк әкелді, қазақтар алғаш рет бильярд ойнады. Жәңгір хан шамасы келгенше өз отанын алға жетелеп, модернизациялауға тырысты.

Жоңғар шапқыншылығы болмай, көрші империялар бөгет жасамағанда бүкіл Қазақ хандығында осы игі шаралар іске асуы мүмкін еді.

Бірақ қазақ тарихы басқаша өрбіді.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың сөзімен айтсақ: **«Бізін тарихымыз ерекше және біз ешкімнің алдында ұятты болып сезінуге тиісті емеспіз».** Қазақтарға шынында да ешкімнен ұялудың жөні жоқ. Өз жеріміз жеткілікті болғандықтан ешкімнің жерін жаулап алған жоқпыз. Ешкімге геноцид ұйымдастырған жоқпыз, депортация кезінде ешкімді

кеудесінен итермей соңғы нанымызды бөлістік. ХУІІІ-ХІХ ғасырлардағы сырттан аяусыз ұйымдастырылған ұлттар қасіреттерінде де біздің кінәміз жоқ.

Өз шежіреміздіеске алғанда біз оны мақтануға, өзімізді дәріптеуге емес, **тарихи санамызды ұмытпай сақтау үшін**айтамыз. Кәзір өзінің отбасылық шежіресін зерттеген адам тұқымында бий, немесе батыр, т.б. тектінің болғанын табады. Қазақтарда бірталай ұрпақ бойында бас көтертпеген түнерген қараңғылықта өмір сүру заманы да, құлдық та болмаған.

Француз философы Монтескье айтқанындай: әр заманда қуатты мемлекет құрған түрік ұрпақтарына жетіспегені жалғыз-ақ нәрсе – ол өз ішінен шыққан ұрпақ іс-әрекеттерін мадақтап дәріптейтін кәсіби тарихшылар.

Өкінішке орай, соңғы екіжүз жылдай мерзім ішінде халқымыздың бойындағы ежелгі асыл қасиеттер бұзылуда. Орыс және батысевропалық зерттеушілер ертедегі қазақтардың сөзіне тұратындығын, алып-сатуға келген келімсектердің өздерінің пайдасына жаратқаны туралы естеліктерінде көп деректер келтірген. Қазақтардың «Менің мойнымда аманат бар» деп, дүниеден озған адамдардың несиелерін олардың балаларына қайтарғандығы туралы да мысалдар жеткілікті.

Ал кәзір ше? Біздің барлығымыз өз ісімізге жауап бере алатын деңгейдемізбе?

Қазақ даласында ертеде өз-өзіне қол жұмсау дерегі болмаған. Өзіне қол жұмсаушылар жалпы қауымнан оқшау, жоқтаусыз, еске алу дәстүрлерінсіз жеке молада жататынын білген. Біз аса қонақжай болып, табалдырығымызды аттаған кезкелген шетелдікті құдайы қонақ деп қарсы алдық. Бізде қарттарды силау, отбасын құрметтеп, әр әйелден туған көп балалы отбасы болу дәстүрі болды.

Әрине әлем өзгеруде, сондықтан ешкім патриархалдық заманға қайта оралуды қаламайды. Дегенмен, неге бізге өзіміздің дәстүрлі қасиеттерімізді күшейтуді қолға алмасқа? Олар - батырлық рух, жастарды тәрбиелеуді күшейту, ішкі дүниенің тазалығы, дін мен дәстүрлерді сақтау, үлкен ұрпақты силап, оларға құрмет көрсетіп айтқан ақылын алу, қиыншылыққа түскендерге асар жасап, көпшілік болып көмек көрсету, қан араласуын болдырмау. Қазақтар ешқашан өз қарттары мен балаларын тәңір тәлкегіне түсірген емес, жұбайы өлген жесірді аш-жалаңаштықта қалдырмай, күйеуінің руластары әйелдің өзі мен балаларына көмектесіп жетістіріп отырған.

Бізге осы кезде мақтанатындай негіз жеткілікті: толеранттылығымыз, қонақжайлығымыз, осы заманғы экономикадағы, мәдениеттегі, спорттағы жетістіктеріміз, Астана, т.б. Бірақ, **қазақтарғатөл тарихымызды да оқып білуіміз өтемаңызды.** Бұл әрі қарай дамып, әлемдегі дамыған 30 елдің қатарынан көрініп, одан да әрірекке қойылған стратегиялық мақсаттарға жету үшін қажет.

Пайдаланылған басылым:

1.Зиябек Кабульдинов: Под Анракаем казахи сломали хребет Джунгарскому ханству.

*Демеуов А.Ш. п.ғ.к., аға оқытушы
С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті*

**АНЫРАКАЙСКАЯ БИТВА И ЕЕ ЗНАЧЕНИЕ В КАЗАХСКО-
ДЖУНГАРСКИХ ОТНОШЕНИЯХ**

Резюме

В данной статье описаны причины столь длительных нашествий джунгарпротив казахских поселений.В нужный момент казахские батыры, различные роды проявили единодушие и объединились против врагов под Анракаем, что поволито окончательно сломать хребет Джунгарскому ханству.Пример Бокейской орды дает повод строить благоприятный прогноз развитию казахского государства, если оно жило бы в мирных условиях, без столь длительных джунгарских нашествий.

Ключевые слова: *казахско-джунгарские отношения, битва под Анракаем, прогнозы развития казахского государства при благоприятных условиях, т.е. без джунгарских нашествий.*

*A.Demeuov - Candidate of pedagogical sciences, senior teacherof the
department of pedagogy, psychology and subject technologies
Aktobe University named after S.Baishev*

**ANYRAKAY BATTLE AND ITS IMPORTANCE IN THE KAZAKH-
JUNGAR RELATIONS**

Summary

This article describes the reasons for such a long invasions Dzhungars against Kazakh settlements. At the right moment, Kazakh batyrs, different

tribes showed the agreement of opinion and united against the enemies under Anrakay that allowed finally broke the back of Dzhungar Khanate. Bokey hordes example gives reason to build a favorable forecast for the development of the Kazakh State it would live in peace, without such long Dzhungar invasions.

Keywords: *Kazakh – Dzhungar relations, battle of Anrakay, forecasts of the development of the Kazakh State under favorable conditions, without Dzhungar invasions.*

УДК 821.512.122



Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан (1866-1937)

А.Ш.Демеуов п.ғ.к., аға оқытушы.

С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті

АЛАШ АРДАҚТЫСЫ, ҒАЛЫМ ӘЛИХАН БӨКЕЙХАНОВТЫҢ ТУҒАНЫНА 150 ЖЫЛ.

Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейхан Семей облысы Қарқаралы уезінде 1866 жылдың 5 наурызында дүниеге келген. Оның ата тегі Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошыдан тарайтын төре тұқымы. Арғы атасы атақты Сұлтан Барақ болса, Қазақтың соңғы хандарының бірі Бөкей осы Сұлтан Барақтың баласы. Әрі қарай жіктеуді жалғастырсақ Бөкейден Батыр, одан Мырзатай, одан Әлиханның әкесі Нұрмұхамед дүниеге келген..

Әлиханды әкесі тоғыз жасында Қарқаралыға апарып, жергілікті молданың қолына оқуға береді. Бірақ зерделі бала молдадан оқығандардан гөрі осындағы мектепте оқып жүргендердің сауаттылығын аңғарып, қаладағы үш кластық бастауыш мектепке өз еркімен ауысып алады.

Оны бітіргеннен кейін 1879-1886 жылдары Қарқаралы қаласындағы қазақ балаларына арналған мектепте оқиды.

1886-1890 жылдар аралығында Омбыдағы техникалық училищеде оқып, оны "техник" мамандығы бойынша бітіріп шыққан.

1894 жылы ол Дала генерал губернатор кеңсесінің ұсыныс хаты мен қазақ қауымдастығының 200 сом стипендиясын алып, 1894 жылы Ресей империясы-ның елордасы Санкт-Петербургтағы Орманшаруашылығы институтының экономика факультетіне түседі. Ол мұнда жүріп күнделікті сабақтарына қоса студенттердің саяси, әдеби, экономикалық және тағы басқа үйірмелердің жұмысына қызу араласып, студенттік толқуларға қатысады. XX ғасырдың босағасын аттағалы тұрған Ресейдің қандай жолмен дамуы тиімді болатындығы туралы студенттік қызу пікірталастарға қатысып, қайшылықты пікірлер қақтығысына куә болады және өз ойын да шыңдай түсті.

Оны екі ғасырға жуық Ресей империясының қол астында отырған туған халқының ауыр тағдыры қатты толғандыра бастайды. Қараңғылық пен надандықтың шырмауында отырған халқына білім мен мәдениет керек екенін ұғады, елдің тұрмысын, мәдениетін, білімін көтеруді өзінің алдына мақсат етіп қояды.

Оқуын бітіріп, Омбыға оралғанда Ә. Бөкейхан Ресей империясының қазақ даласына жүргізген отаршылдық саясатына деген өзіндік көзқарасы қалыптасқан, марксизмнің экономикалық қағидаларымен қаруланған, саяси астыртын күрестің түрлері мен әдістерін үйреніп білген, күрес тартыстан біршама тәжірибесі бар саяси күрескер болатын. Ол Омбыға келісімен қаланың саяси әлеуметтік, қоғамдық жұмысына белсене араласады.

«Народная свобода» (*Халық бостандығы*) партиясының қатарына өтіп, өзі қазақ зиялылары мен саяси белсенділері арасында осы партияның тобын ұйымдастырады. Әлиханның саяси көзқарасының пісіп, жетілуіне, кейін белгілі саяси, қоғам, мемлекет қайраткері әрі қазақ ұлт азаттық қозғалысының ұйымдастырушысы және көсемі ретінде танылуына, саяси күрескер ретінде шыңдалуына Омбыдағы күндері ерекше ықпал етеді.

1905 жылдан бастап Ресей конституциялық-демократиялық партиясының (кадеттер) мүшесі, оның қазақ бөлімшесін құру мақсатында Оралда, Семейде жиындар өткізген. Қарқаралыда патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы өткен қозғалысқа қатысып, 14 500 адам қол қойған Қарқаралы петициясын ұйымдастырушылардың белсенділерінің бірі болған.

1905 жылы Әлихан Бөкейхан Семей облысы қазақтарының атынан 1-ші Мемлекеттік думаға депутат болып сайланды. Бірақ ол 1-ші Мемлекеттік дума жұмысына қатыса алмады. Өйткені дума жұмысын бастаған кезде Ә.Н. Бөкейхан соттың тергеуінсіз, Дала өлкесі генерал-губернаторының негізсіз жарлығымен, 3 ай Павлодар абақтысында отырды.

Абақтыдан шығып Санкт-Петербургға жеткенде, Дума патшаның үкімімен таратылып, оның біраз мүшелері наразылық актісін қабылдау үшін Финляндияның Выборг қаласына жүріп кеткен еді. Ә.Н. Бөкейхан да солардың артынан аттанып Выборг үндеуіне қол қойды. Сол үшін жазаға тартылып, Санкт-Петербург сот палатасының төтенше мәжілісінің шешімімен 3 айға Семей түрмесіне жабылды.

1906 жылы Омбыдан шығатын кадеттік «Голос степи», «Омич» және «Иртыш» газеттерінде, 1908 жылы Санкт-Петербургта жарық көрген меньшевиктік «Товарищ», кадеттік «Речь», «Слово» газеттерінде редакторлық қызмет атқарды. 1909-17 ж.ж. «Дон егіншілік банкі» бөлімшесінде жұмыс істеді.

Әлихан Бөкейхан 1911-14 «Қазақ» газетін ұйымдастыруда және оның жалпы ұлттық деңгейге көтерілуіне зор еңбек сіңірді.

20 ғасырдың басында қазақ даласында екі ағымның болғаны белгілі. Бірі Бұқар мен Түркістан өлкесіне бет бұрған дәстүршіл, панисламшыл ағым, екіншісі негізінен Батыс өркениетін үлгі тұтқан жаңашыл, пантүркішіл ағым. Осы екінші ағымның басында Әлихан бастаған орыс мектептерінен тәлім тәрбие алған озық ойлы қазақ зиялылары тұрады. Бұл топ саяси ұстамдылық танытып, Ресей империясына қарсы ашық күреске шығудың әлі ерте екенін анық түсінеді. Сондықтан олар, ең алдымен, халықтың сана сезімін оятатын жағдай жасау керек деп білді.

Бар күш қуаттарын осы мақсатқа жұмылдырады. Бірақ олардың ойдағыдай жұмыс істеуіне жандармерия басқармасының жансыздары мүмкіндік бермейді. Солардың көрсетуімен қуғынға түседі, түрмеге қамалады. Бұдан студент кезінде-ақ сенімсіздердің қара тізіміне ілігіп, бақылауда жүрген Әлихан да тыс қалған жоқ, алдымен, Семей түрмесіне қамалып, кейін Самара қаласына жер аударылып, онда тек ғылыми-шығармашылық қызметпен айналысуға ғана мәжбүр болды.

1916 жылы жер аудару мерзімі бітіп, Самарадан Орынборға келген Әлихан бірден қаланың қоғамдық, саяси өміріне араласып кетеді. Қаланың қазақ тұрғындары атынан қалалық думаға сайланады.

Бүкіл мағыналы өмірін халқының азаттық алып, еркін ел болуына арнаған аяулы азаматтың соңғы демі біткенше сол мақсат жолында жасаған қызметі сан қилы. Ол Ресей жергілікті және қалалық қоғам қайраткерлері съезінің делегаты, Ресейдің I Мемлекеттік думасының және

мұсылман халықтары съезінің депутаты, IV Мемлекеттік Думаның мұсылмандар фракциясының Бюро мүшесі болды.

Ол 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен үлкен үміт күтеді. Бірақ ол үміті ақталмайды. Уақытша үкімет, оның ішінде өзі мүшесі болып жүрген кадет партиясының көсемдері қазаққа автономия беруге қарсы болады. Оның үстіне олармен жер мәселесі жөнінде де ымыраға келе алмайды да, ол бұл партиядан шығып, қазақтан сайланған тоғыз өкілді бастап барып, Томск қаласында Сібір автономистерінің құрылтайына қатысады. Осында болашақ Сібір республикасының құрамында Қазақ автономиясы құрылмақ болады.

Құрылтайдан оралысымен Әлихан қазақ тарихындағы тұңғыш саяси ұйым Алаш партиясын ұйымдастыруға кіріседі. Артынша, 1917 ж. желтоқсанында бүкіл қазақтардың құрылтайында Алаш автономиясы жарияланып, Ә. Бөкейхан сол алғашқы Қазақ республикасының тұңғыш төрағасы (президенті) болып сайланады.

Әлихан Бөкейхан — ғұлама ғалым ормантанушы, экономист, мал шаруашылығын зерттеуді ғылыми жолға қоюшы, тарихшы, этнограф, әдебиеттанушы, аудармашы, әрі публицист ретінде қазақ халқының саяси әлеуметтік, мәдени рухани тарихында өшпестей із қалдырған ұлы тұлға. XIX ғасырдың соңында Омбы орман шаруашылығы училищесінде оқытушылық қызмет атқарып, ғылыми жұмыстармен айналысады. 1896 ж. көрнекті ғалымдардың кепілдемесімен Орыс географиялық қоғамы Батыс-Сібір бөлімшесінің толық мүшесі болып сайланды. Әлихан «Ресей. Жалпы географиялық сипаттама» атты көп томдық еңбектің қазақ даласына арналған 18 томына автор ретінде қатынасқан. 1911-14 жж. Әлихан Бөкейхан «Жаңа энциклопедиялық сөздіктің» 4-21 томдарына автор ретінде қатысты.

Ә.Бөкейханұлының әдебиеттану тұрғысынан жазылған еңбектері ғалым Д.Қамзабекұлы тарапынан жан-жақты қарастырылады. Бұл зерттеуде Ә.Бөкейханұлының алғашқы еңбектерінің бірі ретінде «Женщина в киргизской бытине Кобланды» атты мақаласы сарапталған. «Туркестанские ведомости» газетінің бірнеше санында жарияланған. Ә.Бөкейхановтың әйгілі «Қобыланды» жырындағы әйел бейнесі» деп аталған мақаласы белгілі ғалым С.Қасқабасов тарапынан жан-жақты талданып, сол кездегі қазақ фольклористикасы үшін аса маңызды бірнеше мәселе көтерілгенін жеріне жеткізе айтылып: «Бұлар эпостың тарихилығы, «Қобыланды» жырының шығу мезгілі, қазақ фольклорының түрлері, жыршы және оның шеберлігі, қоғамдық ой-санасының жырда көрініс табуы, «Қобыланды» жырындағы әйелдер бейнесі, олардың атқарып отырған идеялық қызметі. Осындай ғылыми мәнді проблемаларды автор сол кездегі әлеуметтік, моральдық мәселелермен ұштастыра қарастырған», - делінген.

Ә.Бөкейхан XX ғасырдың алғашқы жартысында қазақ эпосы мен фольклорын ғылыми тұрғыдан зерттеген ғалымдарымыздың бірі болды. Ол қарастырған негізгі аспектілер: эпостың тарихилығы, қазақ фольклорының түрлері, шығу мезгілі, жыршы мен оның шеберлігі, қоғамдық ой-сананың жырда көрініс табуы, бейнелер, олардың атқарған идеялық қызметі, үлгінің көркемдік ерекшеліктері т.с.с.- әлі де қазақ фольклортану ғылымында өз маңызын жойған жоқ, және сол дәуірдің жетістігі болып саналатыны сөзсіз.

1919 жылы большевиктер өкіметінің бұрынғы алашордашыларға жасаған кешірімі-нен кейін Ә. Бөкейхан қалған өмірін ғылыми зерттеушілікке арнайды. Бірақ, ұлттық намыстан жұрдай, жалған интернационалист, жадағай белсенділердің көрсетуімен ол 1926 жылы екі рет тұтқындалып, түрме азабын тартты. Әлихан Бөкейхан Мәскеугежер аударылады. Оның зор беделінен қорыққан большевиктер өкіметі Әлиханды Қазақстанға жолатпады. Онда он жыл үй қамауында отырған Әлиханды 1937 жылы тамызында қайыра тұтқындап, бір айдан кейін жалған жаламен Мәскеуде ату жазасына кеседі.

Тек 1989 жылы мамырдың 14 күнгі КСРО Жоғарғы сотының қаулысы бойынша әрекетінде қылмыс құрамы жоқ болғандықтан, ақталды.

Көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ұлт-азаттық және Алаш қозғалысының жетекшісі, Алашорда автономиялы үкіметінің төрағасы, публицист, ғалым, аудармашы Әлихан Бөкейханұлының ардақты есімін есте сақтау шаралары іске асырылуда. 1992 жылы Қарағанды облысындағы Ақтоғай ауданының ол туған ауылына аудандық кеңесінің шешімімен Ә.Н.Бөкейханов есімі берілді 1994 және 2009 жылдары «Алаш туралы сөз», «Алашорда» деректі фильмдері түсірілді.

Пайдаланған дереккөздер

- 1.«Алаш» қозғалысы. Алматы, 2008. [ISBN 9965-32-715-7](#)
- 2.Тарихи тұлғалар. Танымдық - көпшілік басылым. Мектеп жасындағы оқушылар мен көпшілікке арналған. Құрастырушы: Тоғысбаев Б. Сужикова А. – Алматы. “Алматы кітап баспасы”, 2009 [ISBN 978-601-01-0268-2](#)
3. Қазақстанның қазіргі заман тарихы: Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. 2-басылымы, өңделген. Жалпы редакциясын басқарған тарих ғылымының докторы, профессор Б. Ғ. Аяған. Алматы: Атамұра, 2009. [ISBN 9965-34-933-9](#)

*А.Ш.Демеуов, к.п.н., ст.преподаватель
Актюбинского университета им.С.Баишева.*

**150 ЛЕТ УЧЕНОМУ, РУКОВОДИТЕЛЮ ПРАВИТЕЛЬСТВА,
ВИДНОМУ ДЕЯТЕЛЮ АЛАШОРДИНСКОЙ АВТОНОМИИ
АЛИХАНК БОКЕЙХАНОВУ**

Резюме

В статье повествуется биографии и творчестве видного общественного деятеля, руководителя национально-освободительного и алашординского движения, председателя Алашординского автономного правительства, публициста, ученого, переводчика Алихана Бокейханова имя будущего своего родного народа.

Ключевые слова: *Алихан Бокейханов, деятели алашорды.*

*A.Demeuov
Candidate of pedagogical sciences, senior teacher
Aktobe University named after S.Baishev*

**150 YEARS, SCIENTISTS, GOVERNMENT LEADERS AND
PROMINENT FIGURES ALASHORDINSKOY AUTONOMY
ALIHANK BOKEIKHANOV**

Summary

The article tells the story about the biography and works of prominent public figure, the head of the national liberation movement , the chairman of the Alashorda autonomous government, essayist , scientist, translator AlikhanBokeikhanov for future of its own people .

Key words: Alikhan Bokeikhanov, figures of Alashorda.

УДК 37.01

*Ермекбаева Г.Ғ. магистр, аға оқытушы
С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті*

**ЕГІСТІК КАТЕГОРИЯСЫН ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА
ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТІЛІН ДАМУДЫҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ,**

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ, ЛИНГВОДИДАКТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Аңдатпа

Мақалада қазақ тілі сабағында етістікті оқыту жұмыстарын тиімді де нәтижелі жүргізу үшін пән мұғалімінің лингвистика саласынан терең білімі ғана емес, философия, психология, педагогика саласынан да терең білімі болуы керектігі айтылған.

Кілт сөздер: *тіл дамыту, оқу-танымдық әрекет, етістікті оқыту.*

Қазіргі таңда мемлекеттік тілді оқытуды жаңаша жүргізіп, оны жүйелі түрде қалыптастыру – заман талабы.

Оқушылардың етістікті оқыту барысында тілін дамыту әдістемесінің теориялық негізіне біз сөйлеудің тууын зерттеген логикалық және психологиялық мәліметтерді, философиялық, дидактикалық, педагогикалық мәліметтерін де аламыз.

Оқыту мен тәрбие (педагогика) ұзақ уақыттар бойы философияның құрамдас бөлігі болып келгендігі белгілі, шын мәнінде педагогикалық ой-пікірдің қай саласы да (дидактика, лингвистика, психология, тәрбие теориясы) философиядан тысқары кете алмайды. Лингвистер тіл заңдылықтарын зерттейді, қарайды, ал психологтар оны адам қызметінің, яғни, қарым-қатынасының құралы ретінде қарастырады. Психологтар үшін тіл психологиялық процесс, ол – психология пәні. Тіл олар үшін ойдың жарыққа шығу құралы. Ал әдіскер-педагог үшін ол - оқыту пәні. Ол оқу-тәрбие ісіне тікелей қатынасты, бұл жерде тіл дамыту амалдарын жүргізу мұғалім мен тілі дамып жатқан оқушы іс-әрекеті бірлікте қарастырылады.

Әдіскер-педагогтер, психологтар, физиологтар бірігіп барып етістікті оқыту барысында тіл дамыту жұмыстарын қалай оқыту керек, оңтайлы әдістемесі қайсысы деген өзекті мәселелер айналасында ізденуі ғана оң нәтиже бермек.

Қандай педагогикалық теорияларды қарап отырсақ та, олардың жүйесін жасауға авторлар тек практикалық тәжірибелерді жинақтау, талдау, қорыту жолымен ғана келмегенін байқаймыз. Көбінесе белгілі бір методологиялық көзқарастар тұрғысынан келгендігін байқаймыз. Осындай ізді басшылыққа ала отырып, қазақ тілі сабағында етістікті оқыту барысында оқушылардың тілін дамыту әдістемесінің өзіндік болмысын философиялық тұрғыдан тануға алдыңғы орынды береміз.

Осы тұрғыдан байқайтынымыз, ұлы философтардың барлығы дерлік жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу мәселесіне қатысты, адам өміріндегі бұл үрдістің аса маңыздылығы, алатын орны туралы келелі пікірлерін ашық білдіріп отырған. Тіпті, бертін келе педагогика философияның құрамынан дербестеніп шыққанның өзінде де Я.А. Коменский, Ж.Ж. Руссо, Гельвеций, Герbart т.б. сияқты ұлы ағартушылар өздерінің

классикалық еңбектерін философиялық тұрғыда жазған. Мұның өзі оқыту мен тәрбиелеудің түп тамырын философиядан танып, тауып алуға болатынын ғана емес, солай болу қажет екенін де дәлелдейді.

Философия – болмысты білуге деген құштарлық, шындық шынайылығын пайымдауға қабілеттілік, дұрыс пікір сүйемеліндегі ой-толғам (Платон) [1, 109].

Осымен де байланысты, қазақ тілі сабағында етістікті оқыту барысында оқушылардың тілін дамыту әдістемесінің болмысын философиялық тұрғыдан зерделеуді, осыны өзіне негіз етуді мақсат тұтады.

Білімнің әдіснамалық (методологиялық) және теориялық функцияларын тепе-теңдікте қарастыруға болмайтыны белгілі. Өйткені әдіснамадан келіп зерттеу жолы, яғни зерттеу әдістемесі анықталады. Осы ретте проф. Н. Құрманованың «Сөз тіркесін оқыту барысында оқушылардың теориялық ойлауын дамыту әдістемесінің негіздері» атты монографиясында философияның «жалпы», «ерекше», «жеке» категорияларына сүйене отырып, оқушыларға сөз тіркесін оқытуда олардың теориялық ойлауын дамытуға арналған әдістер жүйесінің болмысын танудағы тұжырымдамасына сүйенуге болатындығын көздейміз [2, 14-15].

Егер біз *жалпы* деп қазақ тілі сабағы барысында оқушылардың етістікті меңгеру жүйесінің методологиялық негіздерін танитын болсақ, ал *ерекше* деп, әдістеменің теориялық бастауларын танимыз, *жеке* ретінде оқушыларға қазақ тілі пәні материалдарын оқыта отырып, олардың тілін дамытуға арналған әдістер жүйесінің болмысы танылуы керек деп ойлаймыз. Қазақ тілінде етістікті оқыту барысында оқушылардың тілін дамыту әдістемесі ғылыми тұрғыдан танылған кезде ғана өзінің ерекшелігі бар тұтастығын көрсете алатын сияқты. Ал ол ерекшелікті біз арнайы ғылыми тұрғыдан зерттелген әдістеменің аналитикалық және синтетикалық ұғыммен байланыстылығын көре аламыз. Қазақ тілі сабағында оқушылардың тілін дамыту жұмыстарының әдістемесі туралы жинақталған білімнің өзіндік логикалық жүйесі, аналитикалық және синтетикалық болып екіге бөлінеді. Мұндағы аналитикалық дегеніміз – қазақ тілі сабағы барысында оқушыларға етістікті оқыту барысында тіл дамыту жұмыстарының әдістемесінің негізін қалайтын білім. Ал синтетикалық дегеніміз – эмпирикалық (практикалық) фактілерге сүйене отырып, ақиқаттың белгілі бір деңгейін тану. Осы етістікті оқыту барысында тіл дамыту жұмысы әдістемесінің практикалық бөлігі философиядағы синтетикалықты білдіреді деп білеміз.

Философиялық негіздер танымның абстрактылықтан нақтылыққа қарай жүруін белгілейді. Осылайша, біздің жағдайымызда етістікті оқыту барысында оқушылардың тілін дамыту жұмыстарын таным объектісі

ретінде жүйе қылып, жан-жақты және тұтастық күйде меңгеру процесінің ерекшелігін танудың бағыт-бағдарын белгілейді.

Ақиқатқа жетудің, объективті шындықты танудың диалектикалық жолы: жоғарыда атап өткендей, нақты пайымдаудан абстрактілі ойлауға, одан әрі тәжірибеге көшу болып табылады. Таным барысында ойлаудың түрлі тәсілдері пайдаланылады. Олар: анализ бен синтез, дедукция мен индукция, лингвистикалық эксперимент, логикалық операциялар оқушылардың дағдыларын қалыптастыруды қажет етеді.

Ғалымның айтуынша, осылар арқылы оқушыға тек қазақ тілінің заңдылықтарын ғана емес, дүниені шынайы болмыс ретінде қабылдау, тану машық-дағдылары дамытылады екен [2, 16].

Оқушылардың етістікті оқыту барысында тілін дамыту жұмысының болмысы туралы білім мазмұнының генезисімен, дамуымен байланысты бола отырып, философиялық негіздер оқушылардың танымдық қызметінің танымдық қызығушылықтан шығармашылық әрекетке дейін өтуіне, оқушылардың тілін дамыту кезеңінде ойлау сауаттылығының болмысының қалыптасуына бағыт береді.

Тілдік құбылыстарды жете түсіндіру жолында қазақ тілін оқыту әдістемесі психология ғылымының табыстарына сүйенеді. Сөйлеу процесінің қалай іске асатындығы, сөйлемнің түрлері, оның адам психикасымен байланысы психологияда қарастырылады. Сөйлегенді тыңдау, түсіну, қабылдау процестерін психологияның қатынасынсыз шешу мүмкін емес.

Тілдің шығуын, қалыптасуын, сөйлеу тілінің өзіндік ерекшеліктері психологияда зерттелетінін жоғарыда атап өткен болатынбыз.

Етістікті меңгерту барысында оқушылардың тілін дамыту әдістемесінің психологиялық негіздерін анықтауда ойлауды мүмкін ететін жоғары психикалық процестердің табиғаты қарастырылады.

Психология – бүгінгі таңда жан-жақты дамыған ғылым саласы. Қазақ тілі сабағында етістікті меңгеру барысында тіл дамыту жұмыстарының әдістемесінің психологиялық негіздеріне оқушыны – білім алу процесіндегі негізгі психикалық процестерді басынан кешуші субъект деп тануымыз алдыңғы орында тұруы керек.

Тіл дамыту мен ойды дамыту – тұтас жүйе. Екеуі қосылып, оқушыға өмірді, әлемді, дүниені танытады, тіпті бұл екеуі оқушының өзіндік ішкі «менін» танытады. Атақты ғалым Виготский сөз екі түрлі қызмет атқарады дейді. Бір заттың атын білдіреді: кітап, дәптер, екінші қызметі сол дәптер мен кітаптың маңызы, мәнін түсіндіреді. Сөздің мәнін түсіну тілді, ойлауды дамытады [3, 119].

Тіл мен ойлаудың өзара байланысы туралы мәселе жалпы тіл білімінің ғана емес, сонымен бірге философия мен логиканы және психологияның да күрделі мәселелерінің бірі. Бұл туралы К. Аханов өз еңбегінде: «Мәселенің күрделілігі ойлаудың табиғаты мен тілдің табиғатының өте-

мөте күрделі болуымен байланысты. Дыбыстық тіл де, абстрактілі ойлау да – адамға тән құбылыстар. Біріншіден, тіл де, ойлау да – адам миының туындысы, соның жемісі, екіншіден тіл де, ойлау да - әлеуметтік құбылыс, өйткені адамның өзі қоғамдық құбылыс болып саналады. Тіл де, ойлау да әлеуметтік және индивидуалды-биологиялық жақтар ұштасып, бір-бірімен бірлікте болады. Осы бірліктен тіл мен ойлаудың жалпы ерекшелігі көрінеді» - деп тұжырымдайды [4, 44].

Ал орыс тіліндегі «Общее языкознание» оқулығында ғалымдар: «Ой тіл арқылы айтылған мазмұнның негізін құрайды. Ой арқылы, адам миының сәулелендіруші әрекеті арқылы тілдік единицалар объективті дүниенің заттары мен құбылыстары байланысқа түседі, мұнсыз адамдардың бір-бірімен тіл арқылы қатынас жасауы мүмкін болмаған болар еді. Белгілі бір тілдің дыбыстық комплекстері ойлауда сәулеленетін объективті дүниенің элементтерінің сигналдары ретінде қызмет етеді де, бұл дыбыстық комплекстерде адам танымының нәтижелері орнығып бекітіледі, ал осы нәтижелердің өзі ары қарай танып білуге негіз болады. Сондықтан да тіл ойлаудың қаруы, инструменті ретінде, ал тіл мен ойлаудың байланысы бірлік ретінде сипатталады» - деп тілдің бір бөлек қызметін, ойлаудың қаруы екендігін терең түсіндіріп береді [5, 372].

Сөйлеу тілін көптеген ғалымдар зерттеген. Осы ретте Н. Құрманова өзінің «Сын есімді оқыту барысында тіл дамыту әдістемесі» еңбегінде сөйлеудің адамға ғана тән керемет құбылыс екендігін айта келіп, адамның санаулы ғана тілдік дыбыстардан (фонемалардан) сансыз сөздер құрап, сөздерден сансыз сөйлемдер, текстер (мәтіндер) құрап өз ойын сыртқа ауызша және жазбаша түрде шығара алуы, шын мәнінде таңғалатын құбылыс екендігін айрықша атап өткен [6, 44].

Тіл дамытуда грамматикалық тақырыптарды оқытумен байланыстыру жолдарын қарастырып отырған, мұғалімдер мен методистер үшін ойлау мен тілдің байланысын білу өте құнды.

Сөйлеу әрекеті психикалық күрделі әрекет ретінде тілде 4 жағдайда көрінеді: оқу, тыңдау, сөйлеу, жазу. Оқу, тыңдау репродуктивті деп аталса, сөйлеу, жазу продуктивті деп аталады.

Сөйлеу әрекеті адамның іс-әрекетінің бірі ретінде түрткі, себеп (мотив) арқылы жүзеге асады. Бұл жөнінде адам әрекеті теориясының негізін қалаған А.Н.Леонтьев «себепсіз әрекет болмайды» деп тұжырым жасайды [7, 12]. Сөйлеу әрекетінің әрбір түрі адамның жалпы психикалық қызметіне тікелей байланысты. Мәселен, адам оқығанын, тыңдағанын түсініп, жаза біліп, сөйлеу үшін соған итермелейтін түрткі мотивация керек. Сүлейменова Ж.Н. өзінің «Оқу орыс тілінде жүретін мектептерде қазақ тілінен етістікті оқыту» атты кандидаттық диссертациясында ассоциация теориясы бойынша, адамның сөздерді кезек-кезек қабылдамайтындығын, алдында тұрақты жадыда сақталған материалмен ұштастыру, салыстыру арқылы қабылдайтындығын атап өтеді [8, 20].

Жоғарыда атап өткен сөйлеу әрекетінің репродуктивті, продуктивті түрінің жүзеге асуы кезінде оқушы оқу материалының мазмұнын алдымен шатастырып, содан соң практикада қолдануға дағдылану арқылы меңгеретін болады. Баланың материалды түсінуі ең алдымен бұрын алған білімімен ұштастыру арқылы шатастыру кезеңі мен кейін бірте-бірте айыратын дәрежеге көтерілу кезеңінен тұрады. Осы екі процестің бірінен соң бірі ауысып отыруы арқылы мида, жоғарыда айтқандай, шартты байланыс пайда болады. Ал адамның дүниені танып білуі осы уақытша шартты байланысқа тікелей қатысты. Физиологтардың айтуы бойынша, бұл уақытша шартты байланыстар адам миына мазмұны ұқсас, бір типтегі нерв импульстері тез арада түскенде тез қалыптасады. Демек, лексикалық, грамматикалық материалды игеруде әр сабақта берілетін білімнің мазмұны бір-бірімен байланыса, жүйелі орналастырылуы керек.

Белгілі психолог Қ.Жарықбаев: «Грамматиканы меңгеру – біздің ауызша және жазбаша сөйлеуімізді дамытудың бірден-бір құралы. Оның заңдарын білу арқылы ғана бала өзінің ауызша және жазбаша сөйлеуін белгілі мақсатқа сай ұйымдастырып, жоспарлап, жүйелі етіп құра алатын қабілетке ие болады» - дейді [9, 186]. Тілдің грамматикалық құрылысын игеру, оны практикалық тілде қолдана білу оқытудың синтаксистік принципіне негізделуі қажет. Сөйлеу әрекетінің қай түрі болмасын дағды дәрежесіне көтерілуі қажеттілігін психологтар да, әдіскерлер де атап көрсетеді. Осы тұрғыда дағды дегеніміз – психологиялық жағынан белгілі бір мақсатты іс-әрекетті саналы түрде қайталау негізінде автоматтандыру дәрежесіне жеткізу. Дағды жаттығу негізінде қалыптасады. Баланың материалды қабылдауы, ұғынуы, түсінуі – берілген білімнің жас ерекшелігі мен ойлау қабілетінің деңгейіне сәйкестілігімен байланысты. Білімді бекіту, дағдыларды қалыптастыру жаттығу мазмұнының сапасына да байланысты. Дағдыны дұрыс қалыптастыруда жаттығу жұмыстарын тексеріп отырудың да маңызы зор екендігін әдіскер ғалымдар еңбектерінен көруге болады. Бұл, біріншіден, оқушылардың материалды игеруде жіберілген қателерін жөндеуге көмектессе, екіншіден, қаншалықты дәрежеде түсінгендерін анықтауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар психологияда оқу процесінде дағдыны қалыптастыруды қиындататын бірнеше кедергілер айтылған. Олар: объективтік және субъективтік. Объективтік түріне оқу құрал-жабдықтарының сапасыздығы, ал субъективтік түріне оқушының өзіне-өзі сенбеушілігі, көңіл-күйінің нашарлығы жатқызылған.

Етістік – сөз таптарының ішіндегі күрделі категориялардың бірі болумен қатар, сөйлеуге қажеттілігі жағынан алдыңғы қатарлы ауқымды сөз табы. Сондықтан бұл сөз табын дұрыс қолдану дағдысын қалыптастыру мұғалімнен үлкен табандылықты қажет етеді.

Жоғарыда аталған мәселелерге талдау жасай отырып, оқу процесінде сабақтың нәтижелі болуы үшін пән мұғалімі психология жетістіктеріне сүйенетінін жоққа шығара алмаймыз.

Қазақ тілін оқыту әдістемесі – педагогика ғылымының бір саласы. Қазақ тілін оқытудың әдіс-тәсілдерін анықтау, берілетін білім көлемі мен мазмұнын белгілеу оқытудың педагогикалық негізіне сүйенгенде ғана дұрыс іске асады.

Мұғалім мен оқушы арасындағы өзара түсіністік, сыйластық қатынас жеке тұлғаның рухани дамуына ықпал ететін жағымды эмоцияның орнауына жол ашады. Ал сабақ барысында жағымды эмоция құру шығармашылық жұмыстың нәтижесінде жүзеге асады.

Осы тұста белгілі педагог М.Жұмабаевтың еңбектерінен оқушылардың тілін дамытуға арналған шығармашылық жұмыстардың бай үлгісін көруге болады. Мәселен:

- әңгімелерді сахнаға айналдыру;
- бір әңгімеге ұқсас екінші әңгімені ойдан шығарып айту;
- даяр әңгімені өз жанынан толықтыра білу;
- бастан кешкен оқиғалар бойынша ойдан әңгіме шығару;
- басталған әңгімені толықтырып жаза білу.

Мұнда білім берудің дамумен байланыстылығы айқын көрінеді.

Оқушының оқу-танымдық қызметтегі ролі оның жалпы дамуымен байланысты болады. Оқушылардың жеке даму барысы заман дамуымен астарласып жататындығы белгілі. Ана тілі әдістемесінің іргетасын қалаушы А. Байтұрсынов: «...әдіссіз тек мәніс білім - өлі білім, тіршілік тірлік – шарасы. Тіршілік шарасына үйретілген білім тірі болуы керек. Ондай білімді адам мәніс білімі мен әдіс білімін қатар үйренгенде білмек. Әдіс – кезекшіліктен шығатын нәрсе, әдістің жақсы-жаман болмағы жұмсалатын орнының керек қылуына қарай», - деген [10].

Демек, тіл дамыту жұмыстарының нәтижелі болуы үшін оқыту әдістерін қолайлы етіп таңдай білуге тікелей байланысты.

Қазіргі оқыту – жаңа технологияларды қолдану заманы. Дидактикада «оқыту мазмұны» мәселесі - заман дамуына байланысты өзгертіліп, толықтырылып, дамытылып отыратын проблема.

Қазақ тілінің әдістемесі – лингводидактиканың бір саласы ретінде педагогика ғылымының жалпыдидактикалық принциптеріне сүйенеді. Қазақ тілін оқытудың принциптерін дидактикада шартты түрде екі топқа бөліп қарастыруға болады:

- 1) жалпыдидактикалық принциптер;
- 2) қазақ тілі ерекшеліктеріне байланысты тіл әдістемесіне тән жеке принциптер [8, 29].

Қазақ тілі материалдарының қандайы болса да, бағдарлама бойынша белгілі бір пән ретінде танылса, қазақ тілін оқыту әдістемесі – оның оқыту әдістері мен тәсілдерін зерттейді. Осы ерекшеліктеріне қарағанда, қазақ

тілі мен оның әдістемесі – бірін-бірі айқындап, толықтырып отыратын пәндер.

Әдістеме қазақ тілінен берілетін білімді мектеп оқушысына лайықтап, қарапайым береді. Ал, ғылыми грамматикада, яғни тіл білімінде: «Морфология сөз формаларын зерттейді. Сөз өзге сөздермен қарым-қатынасқа түсіп жұмсалады да, қызметі түрленіп, оған орай форма жағынан да сан алуан өзгерістерге ұшырап отырады. Бірақ сол өзгерістердің бәрі қалай болса, солай жүйесіз туа салмайды, тілдегі қалыптасқан белгілі жүйе бойынша жасалады. Морфология сөздердің түрлену, өзгеру жүйесін анықтап, олардың грамматикалық формаларын саралайды. Әр сөздің өзіне тән грамматикалық құрылысы болады» деген сияқты ғылыми тұжырымдар жасалады [11, 7].

Ал 7-класстың қазақ тілін оқыту әдістемесінде мұндай ғылыми қағидалар оқушының ой-өрісіне лайықталып беріледі, бірақ ғылыми негізі сақталады. Мысалы: жоғарыдағы морфологиялық тілдік фактілерді былай беруге болады: сөздердің түбір және қосымша сияқты әр түрлі бөлшектерден құралатыны бастауыш кластардан белгілі. Сол әрбір бөлшектің өз мағынасы, өз тұлғасы, өз қызметі бар. Бірақ ол ерекшеліктердің бәрі сөздің құрамында тұрғанда ғана анықталады. Сөз құрастырып тұрған бөлшектердің бірлігі немесе жиыны сөздің құрамы делінеді. Морфология – сөздің құрамын зерттейтін ғылым деп осылайша жеңіл тілмен жеткізуге болады.

Сайып келгенде, лингвистика мен әдістеменің өзара тығыз байланысы мақаланың негізгі объектісі десек те болады. Өйткені етістіктің ғылыми тұрғыда зерттелуін – тіл білімінің нысаны десек, ал жаңаша тұрғыда оқытылуы – қазақ тілі әдістемесінің еншісінде дей аламыз.

Қорыта айтқанда, қазақ тілі сабағында етістік категориясын меңгеру барысында оқушылардың тілін дамытудың философиялық, педагогикалық-психологиялық ерекшеліктерін, жас ерекшелігі физиологиясын және лингводидактикалық негіздерін ескерген жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қадырқұлова Г. Қазақтың дәстүрлі және жаңашылдық дүниетанымдылығы // Ұлағат. Ғылыми-психикалық және педагогикалық басылым. 2006. №2, 109 б. 63
2. Құрманова Н. Сөз тіркесін оқыту барысында оқушылардың теориялық ойлауын дамыту әдістемесінің негіздері: Монография Алматы, 2001, 300 бет. 64
3. Жанәбілова А. Тіл дамыту жұмыстары // Қазақ тілі мен әдебиеті. 2004. №11, 118-122 б. 66

4. Аханов К. Тіл білімінің негіздері: Оқулық, 3-бас. Алматы: Санат, 1993, 496 бет. 67
5. Общее языкознание, Москва: Наука, 1970, 404 с. 68
6. Құрманова Н. Сын есімді оқыту барысында оқушылардың тілін дамыту әдістемесі. Ақтөбе, 1999, 120 б. 70
7. Леонтьев А.Н. Основы теории речевой деятельности. Москва: Наука, 1974, 333 с. 72
8. Сүлейменова Ж.Н. Оқу орыс тілінде жүретін мектептерде қазақ тілінен етістікті оқыту. пед. ғыл. канд. дисс... Алматы, 1993, 191 б. 1
9. Психология: пед.уч-щелерге арналған оқулық / Жарықбаев Қ. 2-ші бас., өңделіп, толықт. Алматы: Мектеп, 1982, 280 б. 73
10. А.Байтұрсынұлы. Тіл тағлымы. Алматы: Ана тілі, 1992, 444 б. 8
11. Қазақ тілінің грамматикасы. II том. Алматы: Ғылым, 1967, 28 б. 56

*Ермекбаева Г.Г. магистр, старший преподаватель
Университет имени С.Баишева*

ФИЛОСОФСКИЕ, ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ, ЛИНГВОДИДАКТИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ РАЗВИТИЯ ЯЗЫКА УЧАЩИХСЯ В ПРОЦЕССЕ ИЗУЧЕНИЯ КАТЕГОРИИ ГЛАГОЛА

Аннотация.

Для эффективного изучения и результативного проведения учебной работы по глагола на уроках казахского языка учитель должен иметь глубокие знания не только в области лингвистики, но и в области философии, психологии, педагогики.

Ключевые слова: языковое развитие, учебно-познавательная деятельность, изучения глаголов.

*Yermekbayeva G.G. master of Kazakh language and literature, teacher
Aktobe University named after S.Baishev*

LINGVO-DIDACTICS AND PSYCHO-PEDAGOGICAL BASICS OF IMPROVING THE LANGUAGE OF PUPILS LEARNING THE TYPES OF VERBS

Anatation

For effective learning and resultative holding of teaching process of verbs on Kazakh language lessons. The teacher must have a deep knowledge not only in the sphere of linguistics, but also in the sphere of philosophy, pschycology, pedagogics.

Key words: improving language, cognitive activity, learning verbs.

УДК 37

*Изтлеуова С.Ш., магистр,
С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университетіні*

СТУДЕНТТЕРДІҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МӘНІ

Аннотация

Бұл мақалада функционалдық сауаттылық ұғымының мәні мен педагогикалық процесте студенттердің игеруі тиіс құзыреттіліктері анықталып, функционалдық сауаттылығын қалыптастыру жолдары ұсынылады.

Кілт сөздер: функционалдық сауаттылық, құзыреттілік, түйінді құзыреттіліктер

Жалпы функционалдық сауаттылық дегеніміз адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы және өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына қарай ілесіп отыруы. Сонымен, функционалдық сауаттылық адамның мамандығына, жасына қарамастан үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Мұндағы басшылыққа алынатын функционалдық сапалар: белсенділік, шығармашылық тұрғыда ойлау, шешім қабылдай алу, өз кәсібін дұрыс тандай алуға қабілеттілік, т.б. яғни, білім беру орындарында Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру.

«Функционалдық сауаттылық» ұғымы өткен ғасырдың 60-жылдары ЮНЕСКО құжаттарында пайда болды және кейіннен қолданысқа енді.

И.Я.Мещеряков функционалдық сауаттылыққа дағды менбілімді қамтамасыз ететін жеке тұлғаны дамытуға, жаңа білім алу мен мәдениет жетістіктерін игеруге бағытталған білім нәтижесі, жаңа техниканы қолдануды игеру, кәсіби міндеттерді жетік меңгеру, жанұялық өмірдегі сәтті үйлесімділік құра білу, өмірлік түрлі жағдаяттарды шеше алу деп анықтама береді[1].

Функционалдық сауаттылықтың ерекшеліктері:

- оқу мен жазудағыларын қалыптастыру үшін базалық деңгей болып табылады;
- тұрмыстық проблемаларды шешуге бағытталады;
- адамды нақты жағдайлардағы тәртібіне байланысты сипаттайды;
- стандартты мәселелерді шешумен байланысты;
- ең алдымен ересек адамдарды бағалау үшін пайдаланылады.

ЖОО студенттерінің функционалдық сауаттылығын қалыптастыру үшін оқытушы білім алушының бойына алған білімін тәжірибелік жағдайда тиімді және әлеуметтік бейімделу үдерісінде пайдалана

алатындай негізгі құзыреттіліктерді сіңіруі керек. Олар: басқарушылық (проблеманы шешу қабілеті); ақпараттық (өз бетінше ақпараттар көздері арқылы үнемі білімін көтеріп отыруы, сол арқылы танымдық қабілетін ұштау); коммуникативтік (үш тілде: қазақ, орыс, ағылшын (шет) ауызша, жазбаша қарым-қатынас жасау); әлеуметтік (қоғамда, өзі өмір сүрген ортада іс-әрекет жасай алу қабілеті); тұлғалық (өзін жеке тұлға ретінде қалыптастыруға қажетті білім, білік, дағдыларды игеру, болашақ өзі таңдаған кәсібін өзі анықтау, оның қиыншылығы мен күрделілігіне төзімді болу); азаматтық (қазақ халқының салт-дәстүрі, тарихы, мәдениеті, ділі, тілін терең меңгеріп, Қазақстанның өсіп-өркендеуі жолындағы азаматтық парызын түсінуі); технологиялық (әр азамат өз мамандығына қарай ақпараттық технологияларды, сандық технологияны, білім беру технологияларын сауатты пайдалануы). Білім алушы осы аталған негізгі құзыреттіліктермен қатар пәндік құзыреттіліктерді (әр пәннің мазмұны арқылы) меңгеруі тиіс.

Студенттерге оқыту процесінде тілдік қарым – қатынасқа негізделген және проблемалық сипаттағы өзіндік жұмыстарды (ауызша баяндамалар, жоба қорғау, эссе жазу, презентациялар, ғылыми еңбектен, көркем әдебиеттен мысал келтіру, мәтіннен қажетті анықтаманы немесе тұжырымды табу т.б.) және рольдік ойындар мен педагогикалық жағдаяттарды, өз ойын жеткізуге бағытталған тапсырмаларды көптеп қолдану функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың тиімді жолдары болып табылады.

Студенттердің функционалдық сауаттылықты қалыптастыруда педагогикалық практика үлкен рөл атқарады. Педагогикалық практиканы өту кезінде студенттің педагогикалық іскерлігі мен дағдылары жылдам қалыптасады. Оның шығармашылық және педагогикалық құбылыстарды зерттеуге деген қабілеті дамиды, теориялық білімдерін практика жүзінде қолдану, педагогикалық шеберліктің негіздері қаланады. Алғашқы кәсіби қызметтеріне кірісіп, маман ретіндегі сөздік қорлары дамиды және кәсіби қарым – қатынасқа түсу шеберлігі артады.

Функционалдық сауаттылықтың қалыптасу нәтижесі студенттердің түйінді құзыреттіліктер жүйесін меңгеруінен көрінеді. Ол адамдарға алынған білімдерін практикалық ситуацияларда пайдаланып, әлеуметтік бейімделу процесінде тиімді қолдануға мүмкіндік береді. М.А.Холодная зерттеуінде жалпы білім беру процесін реформалауда екі базалық ұғымды анықтауға болатындығын, олар «түйінді құзыреттіліктер» мен «функционалдық сауаттылық» ұғымдары екендігіне тоқталады [3]. Аталған ұғымдар оқытудың нәтижесі және білім мазмұны бағдары ретінде қарастырылады. Ол нәтижелер оқу әрекетінде, ақпараттық қолдануда, шығармашылық іс-әрекетте, спорттық жетістікте, еңбек әрекеттері нәтижелерінде көрініс табатынын қарастырды.

Түйінді құзыреттіліктер – бұл мемлекеттің жеке тұлғалық сапаларға қоятын талаптары. Студенттер бойында қалыптасуы тиіс төмендегідей құзыреттіліктерді атауға болады:

- басқарушылық (мәселелерді шешуге қабілеттілік)
- ақпараттық (өз бетінше танымдық әрекетке қабілеттілігі немесе үздіксіз білім алу дағдысы)
- коммуникативтік (қазақ, орыс, ағылшын (шетел) тілдерінде ауызша, жазбаша, еркін қарым-қатынас жасай алу қабілеті)
- әлеуметтік (әлеуметтік өзара ықпалға қабілеттілігі)
- жеке тұлғалық (өз бетімен ұйымдастыруға, өзін-өзі жетілдіруге, өмірлік және кәсіби бағдарлануға, өзін-өзі жетілдіруге қабілеттілігі, толерантты болуы)
- азаматтық (қазақстандық өзіндік сана мен мәдени сәйкестік негізінде өз отанына деген сүйіспеншілік, жауапкершілік таныту қабілеті)
- технологиялық (ғылыми, сандық технологияларды тиімді қолдану қабілеті)

Түйінді құзыреттіліктермен қатар жекелеген пәндер аумағынан меңгерілген білім, білік, дағдылар бойынша пәндік құзыреттіліктер анықталады. Түйінді және пәндік құзыреттіліктер білім беру нәтижесі ретінде нақты, өлшенетін, қолжетімді және шынайы, уақытпен анықталған болуы қажет.

Сонымен функционалдық сауаттылық – адамның сыртқы ортамен қарым-қатынасқа түсе алу қабілеті және сол ортаға барынша тез бейімделе алуы мен қарым-қатынас жасай алу деңгейінің көрсеткіші. Олай болса, функционалдық сауаттылық тұлғаның белгілі бір мәдени ортада өмір сүруі үшін қажетті деп саналатын және оның әлеуметтік қарым-қатынас жасауын қамтамасыз ететін білім, білік, дағдылардың жиынтығынан құралады. Ал кең мағынасында ол тек білік пен білімділік әлеміне барудың жолы ғана емес, ол – ұлттың, елдің немесе жеке адамдар тобының мәдени және әлеуметтік дамуының өлшемі. Осындай сапалық сипаты тұрғысынан қарағанда функционалдық сауаттылық жеке адамды дамытудың тетігі ретінде қолданылады, сондықтан теория мен тәжірибені байланыста болуын қамтамасыз ету үшін әрбір пән бойынша берілетін білімнің мазмұны мен көлемін анықтағанда теориялық қағидалардың, заңдылықтар мен ережелердің, яғни ұғымдық-ақпараттық материалдардың адам өмірінде кездесетін түрлі проблемалық мәселелерді шешуге көмегі тиетіндей, оны қолдана алатындай тәжірибелік маңызы ескерілуі тиіс, сондай-ақ студенттердің оқу материалын тек жаттап қана алмай, оның мән-мағынасын терең түсінуін қамтамасыз ету міндетті болып саналады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Мещеряков И.А. Проблемы со школьной психологией.//Курьер образования.1997-№2
2. Мирсеитова С. Оқыту ізденіс ретінде және ізденіс оқыту ретінде.- Қарағанды, 2011
3. Холодная М.А. Когнитивные стили и интеллектуальные способности.//Психологический журнал. Т.13.№3, 1992.

*Измалеуова С.Ш., магистр № ст.препод
Актюбинский университет им. С. Баишева*

**СУЩНОСТЬ ФОРМИРОВАНИЯ ФУНКЦИОНАЛЬНОЙ
ГРАМОТНОСТИ СТУДЕНТОВ**

Аннотация

В данной статье рассматривается сущность понятия функциональная грамотность и определяются компетенции которыми должны владеть студенты в педагогическом процессе. Автор раскрывает пути формирования функциональной грамотности студентов.

Ключевые слова: функциональная грамотность, компетенция, ключевые компетенции.

*Iztleuova S.Sh., master's degree of pedagogy and psychology
Aktobe University named after S.Baishev*

**ESSENCE OF FORMATION OF STUDENT'S FUNCTIONAL
LITERACY**

Annotation

In this article are consider the essence functional literacy and the author shows the ways of formation student's functional literacy.

Keywords: functional literacy, competence, key competence

УДК 37

*Килибаева С.К., магистр., аға оқытушы.
С.Бәйішев атындағы Ақтөбе Университеті
Еркінқызы Ш. студент
С.Бәйішев атындағы Ақтөбе Университеті*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ ТҮЙІНДЕМЕ

Еліміздегі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен бүкіл өркениетті елдердегі ақпараттық даму білім берудің дәстүрлі қалыптасқан жүйесін, әдістері мен технологиясын қайта қарауды талап етуде.

Кілт сөздері: *Білім, ақпараттық технология, оқу процесі, интерактивті тақта, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар.*

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын, кредиттік, қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану; білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделді [1].

Осындай алға қойған басты міндеттерді шешу үшін дәстүрлі оқыту жүйесінен біртіндеп қарқынды даму шеңберіне жеткізе алатын жаңа оқыту технологияларын қолдану қажет. Осыған байланысты, бүгінгі таңда ақпараттық және коммуникациялық технологияларды игеру әрбір жеке тұлға үшін қажетті шартқа айналууда. Қазіргі ақпараттық қоғамда дамудың негізгі құралы болып ақпараттық ресурстардың қажеттілігі көрінеді. Сондықтан білім беру саласы да өзінің дамуы үшін жаңа қадамдарға баруда. Осыған байланысты адамдарға ақпараттар кеңістігінде дұрыс бағытты таңдауға мүмкіндік жасай алатын оқытудың жаңа технологиялары пайда болуда.

«Ақпараттық технология» терминін академик В.М. Глушков енгізген. Білім беру процесін ақпараттандыру оқушыға білім берумен байланысты болғандықтан, В. Глушковтың анықтауынша, «Ақпараттық технологиялар» ақпаратты өңдеумен байланысты процестер болып табылады. Ал білім беруде компьютерді және оның құралдарын пайдалана бастаған кезде оқытудың ақпараттық технологиялары ұғымы пайда болды. А. Горячевтің тұжырымдауынша, «Ақпараттық технология» – мәтіндік редактор, электрондық кесте, мәліметтер базасы, графиктік редактор, мультимедия және коммуникациялық технологиямен сипатталады. Р. Әбдірәсілова болса, «Ақпараттық технологияны» оқыту құралдары жүйесінің элементі деп қарастырады [2].

Соңғы жылдары қоғамдық және әлеуметтік өмірде болып жатқан елеулі өзгерістер, ғылыми-техникалық ақпараттар ағынының бұрын-соңды болып көрмеген қарқыны, адамзат баласының талап-талғамының

өсуі, электронды құралдардың күнделікті өмірде кең қолданылуы оқу-ағарту саласында оқытудың ақпараттық технологияларын енгізе отырып, оқу үдерісіне елеулі жаңалықтар енгізуді, оқыту әдістемесін жетілдіре түсуді көздейді. Қоғамөмірін ақпараттандыру және онымен байланысты ақпараттық технология құралдарын жан-жақты дәріптеу, білім беру жүйесінің дамуына айтарлықтай ықпал етеді.

Оқу-тәрбие үдерісіне қажетті жаңа техникалық құралдардың жеткілікті болуы білім беруге және оны меңгертуге қажетті ақпараттық жүйені жасауға ынталандырады.

Ақпараттық технологиялар қоғамның барлық саласында және ғылыми-техникалық зерттеулерде кеңінен қолданылуда, қазіргі ғылыми дүниетанымда жаңа технологиялардың орны ерекше.

Ақпараттық технологияларды қолданып оқыту арқылы жалпы интеллекттің артуына ықпал жасаймыз. Бүгінде ғылымның әр саласын дамыту ақпараттық жаңа технологияларды игерумен тығыз байланысты.

Жаңа технологияларды оқу үдерісінде қолдануда жаңа оқу пәндерінің пайда болуы, оқытудың жаңа формалары мен тәсілдерін қарастыру бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып отыр.

Көп жылдан бері қалыптасқан дәстүрлі сабақ беру әдісіне компьютердің жаңаша өзгеріс пен жаңа идеялар қосқаны баршаға мәлім. Бүгінде Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуына байланысты өзгерістерді бастан кешіріп жатыр.

Сондықтан білім беру формалары мен әдістеріне деген көзқарас өзгере бастады. Қазіргі кезде қоғамның ақпараттық сипатқа ие болуы негізінде ғаламдық ақпараттық үдерістерге ілесуінің мәні өте зор болып отыр.

Сөздіктерде берілген анықтамалар бойынша «технология» сөзінің мағынасы грек тілінен аударғанда «techne» «шеберлік, өнер» туралы ғылым деп берілген.

Соңғы жылдары білім беру аясы жүйесінде компьютерлік техниканы пайдалану белсенді түрде жүзеге асырылуда. Білім беру жүйесіндегі жаңа ақпараттық технология дегеніміз—оқу және оқу-әдістемелік материалдар жинағы, оқу қызметіндегі техникалық құралдар, олардың рөлі мен орны туралы ғылыми білімнің жүйесін және оқытушылар еңбектерін жүзеге асыру үшін оларды қолдану формалары мен әдістері деген анықтама беруге болады. Яғни, ақпараттық технология — білім беру ұйымдары мамандарының жұмысын жүзеге асырушы әдістер мен формалар және студенттерге білім беруші құрал.

Бүгінгі күні ақпараттық-коммуникациялық технологиялар өндірісте, кәсіпорындарда, құжат өңдеу іс-әрекеттерінде кеңінен қолданылуда, оның қамтитын іс-әрекет саласы зор қарқынмен өріс алуда. Бүгінде ақпараттық технологиялар білім саласында да кеңінен пайдаланылуда.

Ұстаздың шығармашылық жұмысы ең алдымен сабаққа даярлықтан басталады. Сабақтың өз мәнінде өтуі ұстаздың біліміне, ұйымдастыру қабілеттілігіне, яғни шеберлігіне байланысты. Оқушылардың шығармашылық даралығын қалыптастыру үшін, оқушының дайындық деңгейін, ынтасын және материалдарды тиімді оқытуды ұйымдастыру және оқыту үрдісіне жаңа ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктерін пайдаланған дұрыс. Жаңа технологиялық үрдістің кең таралуының еркіндігін әр пән мұғалімдерінің өздерінің дәстүрлі сабақтарынан бастап әр тараптанылған сабақ түрлерін, ашық сабақ үлгілерін компьютерді, интербелсенді тақтаны, электронды оқулықты, мультимедия кабинетін еркін меңгере отырып өткізуі үлкен жетістік [3].

Қазіргі уақытта көптеген білім ошақтарында сабақ барысында электрондық интерактивті тақта қолданылады. Оның кәдімгі бормен жазатын тақтаға қарағанда шексіз мүмкіндіктері бар. Интерактивті – «inter» өзара, «akt»

-әрекеттесу деген мағынаны білдіреді.

Интерактивті тақта –бұл компьютердіңқосымша құрылғыларының бірі және де дәріс оқушығанемесе баяндамашыға екі түрлі құрылғыны: ақпаратты кескіндеуге арналған экран және қарапайыммаркер тақтаныбіріктіруге мүмкіндік беретінқұрылғы. Мұндай бағдарламалық-техникалық кешенді сабақты қызықты және динамикалық түрде оқуға мүмкіндік беретін визуалды қор деп те атауға болады. Сабақты түсіндіру барысында оқытушы тақта алдында тұрып бір мезетте мәтіндік, аудио, бейне құжаттарды DVD, CD-ROM және интернет ресурстарын қолдана алады. Ал аудио және видео ақпаратты бір мезгілде қолдануесте сақтауды 40-50 пайызға дейін арттырады.

Сонымен қатар, интернетке қосылған интерактивті тақта арқылы басқа қаладағы, басқа мемлекеттегі оқытушылардан да дәріс алуға мүмкіндік бар.

Зерттеу барысында білімгерлер үшін, оқытушылар үшін интерактивті тақталар тапсырмаларды тартымды ететінін, әртүрлі ресурстарды пайдалануға болатынын және ынтасын жақсартатынын байқауға болады. Интерактивті тақтаәртүрлі бағытта оқытуды жәнесабақ беруді өзгертуі мүмкін. Олар білімгерлердің зейінін аударуға және ынталандыруға, ақпараттарды көрсетуге, уақытты тиімді пайдалануға өте қолайлы.

Интерактивті тақта сабаққа қатысушылардың барлығының ойын бір ортаға жинақтап, қажет ақпаратты өңдеу арқылы жалпыланған ақпараттық біліктілікті қалыптастыратын тиімді құрал болып табылады. Алдын-ала дайындалған оқу материалдары –презентациялар, мәтіндік, графикалық ақпараттық объектілер –сабақтың жақсы өтуін және барлық ақпарат түрлерін қолдануды қамтамасыз етеді. Интерактивтік электрондық тақтаны қолдану

жаңа технологияларды пайдалану жолымен білім беру сапасын арттыруға ықпал етеді. Білім беру сатысына қарамастан интерактивтік тақта білім беру үрдісін жаңа деңгейге көтереді. Интерактивтік тақтаның мүмкіншіліктері бейнелер мен белгілеулерге кез-келген өзгертулер енгізіп, оны компьютерлік файл түрінде сақтауға, редакторлеуге, принтерден басып шығаруға, факс немесе электрондық пошта арқылы жіберуге болады. Интерактивтік тақтада тек қана электрондық қарындашпен жұмыс жасау мүмкіндігінен басқа, саусақпен жазбаларды енгізуге болады.

Баяндамашы арнайы маркерді қолына ала отырып, экрандағы бейнемен: оны белгілеп, астын сызып, сызбалар салып немесе оларды реттеп, мәтінге өзгерістер енгізу сияқты жұмыстарды жасай алады.

Интерактивті қалам –бұл меңзерді басқару құрылғысы және компьютер мен тақтаарасындағы байланысты іске асырушы құрал болып есептелінеді.

Интерактивтік тақтаны қосымша интерактивтік жабдықтарымен қолдана отырып, оқытушылар аудиторияның назарын жоғары деңгейде ұстап тұра алады. Сабаққа дайындалу үшін ресурстардың кең көлемді кітапханасын қолдана аласыз. Сонымен қатар, жергілікті немесе ауқымды желілер арқылы басқа университеттермен байланыс жасап, басқа елдермен байланыс жасауға мүмкіндік беретін видеоконференция ұйымдастыруға болады.

Технологиялық шешімдерді қолдана отырып, оқытушылар өздерінің

сабақтарында интерактивтік оқытудың мүмкіндіктерін аша алады.

Білім-беру жүйесін ақпараттандыру дегеніміз –ақпараттық технологияларды оқыту үдерісінде тиімді пайдалана білу және меңгеру. Білім беру жүйесінде ақпараттық коммуникациялық технологиялар білім алудың нәтижесін арттырады және мультимедиялық жабдықтарды қолдану студенттердің қабылдау қабілеттерін дамытады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар деп, жергілікті, аймақтық, бүкіл әлемдік желілерде ақпарат алмасуды жүзеге асыратын қазіргі заманғы байланыс құралдарының барлық түрін, бағдарламалық жүйелер мен кешендерді, мультимедиялық құрылғыларды, телекоммуникацияны, виртуалды ақпараттар жиынтығын айтамыз. Ақпараттық–әдістемелік материалдар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді және компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті құралдарды қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді.

Ақпараттық технологияның келешек ұрпақтың жан-жақты білім алуына, іскер әрі талантты, шығармашылығы мол, еркін дамуына жол ашатын

педагогикалық, психологиялық жағдай жасау үшін де тигізер пайдасы аса мол.

Болашақ мамандардың кәсіби құзырлылығын қалыптастыруда ақпараттық

-коммуникациялық технологияларды пайдалану ақпараттық қоғамның қазіргі дамуында жоғары оқу орындарына қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады. Ақпараттық қоғам еңбек мазмұнының өзгеруіне сәйкес жылдам бейімделетін, жаңа білімдерді, біліктіліктерді және дағдыларды қысқа мерзімде игеру қабілетіне ие болатын мамандарды қажет етеді.

Қазіргікезде студенттерді оқыту үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану жүйесін қалыптастырудың жолдары жетілдірілуде.

Әлем ақпараттық қоғамға аяқ басқан қазіргі заманда ақпараттық мәдениет деңгейі кез-келген мемлекеттің дамуының басты дәлелі болып отыр. Еліміздің білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі –білім беру жүйесін ақпараттандыру болып табылды. Аталған бағытты жүзеге асыру үшін жаңа буын оқулықтарын электрондық нұсқаға аудару қажет болды.

Электрондық оқулық –курстың теориялық материалын өз бетінше оқуға негізделген және жеке білім беру траекториясымен жұмыс істеуге мүмкіндік беретін гипермәтіндік негізде құрылған. Ол құрылымданғаноқу материалынан тұрады, білімгерге интерактивті бейнелердің тізбектілігі түрінде ұсынылады, тек қана мәтіннен емес, сонымен қатар, мультимедиялық қосымшалардан да тұрады. Электрондық оқулықта оқытушыға әрі қарай талдау жүргізуге мүмкіндік болатындай білімгердің іс-әрекетін хаттамалау мүмкіндігі қарастырылуы мүмкін.

Электрондық оқулық –бұл бағдарламалы–әдістемеліккешен, компьютердің көмегімен дидактикалық әдіс-тәсілдержәне ақпараттық технологияны қолдануға негізделген ғылыми-педагогикалық құрал. Электрондық оқулықтарды пайдалану студенттердің танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен жұмыс жасауға жағдай жасайды. Электрондық оқулықтың мазмұны студенттердің интеллектілік ойлау қабілетін дамытуға бағытталуы қажет.

Қазіргі заманғы жаңа технологияларды, соның ішінде электрондық оқулықтарды пайдалану студенттердің ақпаратпен жұмыс істей білуін қалыптастырады. Электрондық оқулықтар жоғары ғылыми және әдістемелік деңгейде жасалынады. Электрондық оқулықарқылы түрлі суреттер, анимация, гиперсілтеме, бейнекөріністер, дыбыс және музыка тындатып көрсетуге болады. Бұл, әрине, оқытушының тақтаға жазып түсіндіргенінен әлдеқайда тиімді, әрі әсерлі. Электрондық оқулықтардың тиімділігі:

-теориялық материалды өз бетімен оқып үйренуге, зерттеуге мүмкіндік береді;

-сабақты иллюстрациялық материалдармен жабдықтауға көмектеседі;

-сабақта және сабақтан тыс уақытта өз бетімен әртүрлі деңгейлі шығармашылық тапсырмалар орындауға мүмкіндік береді.

Қазіргі ақпараттандыру дәуірінде студенттердің жеке тұлғасын қалыптастырып, ақпараттық қоғамда өмір сүруіне, оның ақпарат ағымында дұрыс бағдар жасап, тиімді шешім қабылдауына қажет ақпараттық технологияларды таңдап алу және оларды қолдану қабілеттілігін қалыптастыруда Интернет көздерін қолданудың маңызы зор.

Онлайн шаралары да бүгінгі күндегі ақпарат алудың тиімді тәсілі. Мысалы, қашықтықтан оқыту және онлайн конференциялар және т.б. Соңғы уақытта қашықтан оқыту түрі біршама сұранысқа ие. Қазақстанда қашықтан

оқыту жүйесіне қызығушылық өсуде. Қазіргі уақытта қашықтан оқыту жүйесін республиканың білім беру саласында кеңінен қолдану оқытуды жандандыруға мүмкіндік беріп отыр.

Қашықтан оқытуда көбіне интернет желісі қолданылады. Қашықтықтан оқыту-ақпараттық-коммуникациялық технологиялар көмегімен тұрғылықты жерінен немесе уақыттан тәуелсіз оқыту, үйренуші және қашықтықтағы оқытушының өзара байланысты қатынасы негізінде жүзеге асырылатын білім беретін үрдіс.

Қашықтықтан оқыту – ол студентті өз бетінше оқытуға үйрететін оқу үдерісінің жаңа технологиясы. Қашықтықтан оқыту жүйесі студентке оқып жатқан курсты өз бетімен электронды тасымалдауыштар арқылы меңгеруге, оқытушымен қосымша сабақтарды немесе диалогты интернет немесе электронды пошталар арқылы жүргізуге мүмкіндік береді.

Қашықтықтан оқыту – оқулық материалды жеткізу, оны өз бетімен оқып-үйрену, оқыту үрдісі қандай -да бір нақты оқу орнының орналасқан жеріне тәуелсіз болған жағдайда оқытушы мен білімгерлер арасындағы сұхбатты ұйымдастыру үшін қолданылатын дәстүрлі және жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануға негізделген оқытудың интеграциялық нысаны.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану студенттердің ғылыми-танымының қалыптасуына, олардың ойлау мүмкіндіктерінің дамуына, мамандыққа даярлығын жетілдіруге үлкен септігін тигізеді. Қазіргі қоғам – жаңа ақпараттық технологиялар дәуірі. XXI

ғасыр – бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі. Қоғамның ақпараттануы бүкіл дүние жүзінде шексіз ақпараттық кеңістік қалыптастыра отырып, өндірісті, білім беруді және адамдардың тұрмыс-тіршілігін түбегейлі өзгертуде. Ақпараттық-коммуникациялық

технологиялар және ғаламдық Internet желісінің дамуы еліміздің халық шаруашылығының барлық салаларындағы қызметтің тиімділігін едәуір арттыруға мүмкіндік беріп отыр. Ақпараттық технологияны бәсекеге қабілетті ұлттық білім беру жүйесін дамытуға және оның мүмкіндіктерін әлемдік білімдік ортаға енудегі сабақтастыққа қолдану негізгі мәнге ие болып отыр. Қорыта айтқанда, оқу үдерісінде ақпараттық және коммуникациялық технологияларды қолдану оқыту мүмкіндіктерін кеңейтеді, жана технологияларды пайдалану білім беру сапасын арттыруға ықпал етеді, білім беру үрдісін жаңа деңгейге көтереді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. 2007 жылғы 27 шілде, N 319.
2. А. Иманбаева, Оқу-тәрбие үрдісін ақпараттандыру ділгірлігі. Қазақстан мектебі, №2, 2000
3. С.Т. Мұхаметжанова, Ж.Ә. Жартынова, Интерактивті жабдықтармен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдері. Алматы, 2008ж.

*Килибаева С.К., магистр, ст.препод.
Актюбинский университет им. С. Баишева
Еркинқызы Ш. студент
Актюбинский университет им. С. Баишева*

ВНЕДРЕНИЯ ИНФОРМАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИИ В СФЕРУ ОБРАЗОВАНИЯ РК РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются вопросы необходимости освоения новых технологий, способствующих саморазвитию и оптимизации учебного процесса.

Ключевые слова: *Образования, информационные технологии, учебный процесс, интерактивная доска, информационно-коммуникативные технологии.*

*Kilibayeva S.K., master, senior teacher.
Aktobe University named after S Baishev
Erkinkizy Sh. student.
Aktobe University named after S Baishev*

THE INTRODUCTION OF INFORMATION TECHNOLOGIES IN THE EDUCATION IN KAZAKHSTAN SUMMARY

This article is about the questions of necessity of a new technologies which are assisted for self development and optimization of teaching process.

Key words: *Education, information technologies, educational process, interactive board, information and communication technologies.*

УДК 330

*Килибаева С.К., магистр. аға оқытушы.
С. Бәйішев атындағы Ақтөбе Университеті
Муса А., студент.
С. Бәйішев атындағы Ақтөбе Университеті*

ХІХ ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ – ДЕМОКРАТТАРЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІ – ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ.

ТҮЙІНДЕМЕ

ХІХ ғасырдағы Қазақ – демократтарының әлеуметтік – экономикалық мәселелер жөнінде айтқан пікірлері – қазақ халқының экономикалық ойларына өлшеусіз үлес қосты және ұлттық сана – сезімді оятуда белгілі роль атқарды. Осы жаңарудың әсерін біз қазіргі рухани өмірдің барлық бағыттарынан сеземіз деп айтылған.

Кілт сөздер: *Мәдениет, сана-сезім, тұлға, данышпан.*

ХІХ ғасырдың екінші жартысында қазақтың тарихи деңгейіне орысша білім алған, еуропалық мәдениетке енген, сонымен қатар туған жеріне қызмет ету деген мақсат қойған ұлттық қайраткерлер шыға бастады. Олардың ойынша қазақ халқының алдында бір ғана жол жатыр, ол-өнерді, мәдениеті, ғылым мен жаңа дәуір білімдерін тек қана орыс тілін игеру арқылы үйрену деді.

Бұл жерде ең алдымен Омбы Кадет корпусын бітірген, Абылай ханның ұрпағы, офицер, ғалым және саяхатшы Шоқан Шыңғысұлы Уалихановты (1835-1865 жж) атап айту қажет.

Шоқан ұлы орыс жазушысы Ф.М. Достоевскийдің ең жақын досы болған, сонымен қатар Петербург университетінің ректоры, ботаника профессоры А.Н. Бекетовпен, ғалым саяхатшылар П.П. Семенов - Тянь-Шанский, Г.Н. Потанин, ақын және жазушылар А.Н. Майков, Л.Н. Полонский, В.В. Крестовский сияқты сол уақыттағы прогресивті қайраткерлермен достық қарым – қатынаста болған. Шоқан сол

уақыттағы орыс қоғамына Шығыс Түркістанды, Ыстық көлді зерттеушісі, география ғылымына үлкен жаңалық енгізген ұлы саяхатшы ретінде танымал болды. Сол үшін ол 22 жасында Имераторлық географиялық қоғамның мүшесі болып сайланды (1).

Сонымен қатар оның аты қазақ халқының рухани мәдениетінің дарынды өкілі, ұлттың ашық болашағының кепілі ретінде де шықты, ол - “Манас” эпосының тарауларын бірінші қағаз бетіне түсіріп, қазақ эпосының керемет шығармасы “Едігені” жазған бірінші ғалым. Шоқан қырғыз және қазақ халықтарының экономикалық қатынастары, мәдениеті мен әдебиеті, этнографиясы мен тарихына арналған көптеген зерттеулер қалдырды.

“Сіз-еуропалық білім алған, өз ортаңыздың бірінші адамысыз... Бұл сізді көп нәрсеге міндеттейді”, - деген Достоевский Шоқанға жазған хаттарының бірінде.

Шынында да, Ш.Уалиханов тек қазақ халқының ортасынан ғана емес, сонымен қатар барлық Түркістан ортасынан шыққан жаңа типті ғалымдардың бірі еді және ол тағдырмен жүктелген ұлы мәселелердің биігінде, шыңында өз орнын тапты. Өзінің қысқа ғұмырында Шоқан бес томды құрайтын үлкен ғылыми мұра қалдырды.

Оның шығармаларына кіріспе сөзінде, жас ғалым өмірінің кілт үзілгеніне өкініш білдіре отырып, профессор Н.И. Весельевский былай деп жазды: “Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов құйрықты жарық жұлдыз секілді шығыстану аспанынан ағып түсті. Орыс оқымыстылары әлемде оны феноменалды құбылыс деп таныды және одан түрік халықтарының тағдыры туралы ұлы және аса маңызды жаңалықтар ашуын күтті”.

Ш. Уалихановтың экономикалық ойларының толысып, жетілуі, ең алдымен, оның өмірі мен қызметі өткен объективті жағдайлар негізінде қалыптасты. Бұл кезең, патшаның отаршылдық саясатынан туындаған, қазақтардың малшаруашылығының құлдырауын бастан кешіп жатқан кез болатын.

Күшейтілген бекіністер салу үшін мал жайылымдарының маңызды бөлігін патша әскерлерінің басып алуы, көшпелі шаруашылықтардың жаппай кедейленуіне әкелді. Қоғамның одан әрі қарай экономикалық даму қажеттілігі, көшпелі өмір салтымен байланысты емес, шағын учаскелер жағдайында табысты түрде дами алатынын, шаруашылықты жүргізудің өзгеде формаларын дәлелдеуші теориялар туды. Қазақ қоғамының өндіріс күштерінің дамуына қойылған заңсыз талаптар Ш. Уалихановтың экономикалық пайымдауларында өз көрінісін тапты.

Орыс революционер – демократтарының экономикалық шығармалары Ш. Уәлихановтың экономикалық көзқарастарының қалыптасуына орасан зор әсерін тигізді. Әсіресе ол Н.Г. Чернышевскийдің “Современник” журналында басылған, “Капитал және еңбек”

мақаласының “Еңбекшілердің экономикалық теориясы” мен “Джон Стюарт Миллдің саяси экономия негіздеріне ескертпе” деген бөлігінен өзінің “Қырғыз Сібір ведомствасының сот реформасы туралы жазбалары” деген жұмысында сілтеме жасады. Орыс демократтарының экономикалық шығармаларымен танысу, Уәлихановқа Қазақстанның шаруашылық дамуының жай – күйі мен болашағын терең зерттеп – үйрену мен талдауды ғана емес, сонымен бірге Орта Азияның өзге мемлекеттерінің қызметін талдауға және өзінің экономикалық ойларының қалыптасуына көмектесті.

Уәлиханов халық шаруашылығының жекелеген салаларын экономикалық талдау жасауға аса назар аударды, көшпелі халықтар шаруашылығын жүргізу формалары мен әдістері бойынша практикалық кеңестер беруге тырысты.

Шоқан Уәлихановтың экономикалық пайымдаулары, негізінен, мал бағу, көшпелі өмірдің рөлі, егіншіліктің маңызы, өнеркәсіп, сауда, мемлекеттің салық саясаты, халықтың қоныстану жағдайы және қазақ қоғамының экономикалық, саяси, мәдени өмірінің мәселелері сияқты проблемаларына бағытталды.

Шоқанның алға жылжитқан демократиялық идеяларын қазақтың өзге де ағартушы – демократтары Ыбрай Алтынсарин мен Абай Құнанбаев одан әрі дамытты.

Ыбрай Алтынсарин(1841-1889 жж) - қазақтың ағартушы – педагогі, фольклоршысы, жазушысы, этнографы. Қазақтың алғашқы мұғалімі, қазақ балалар үшін ана тіліндегі және орыс тіліндегі оқулықтардың авторы.

Ыбрай Алтынсариннің экономикалық көзқарастары оның шығармаларында баяндалған, сондай-ақ патша әкімшілігінің атына жазған ресми баяндама жазбаларында көрініс тапқан. Алтынсарин халықтың еңбек ететін қабілетін тек ағартуға ғана шақырып қойған жоқ, сонымен бірге экономикалық жағдайларын жақсартуға да шақырды. Ол мұндай дәреже барлық қазақтардың көшпелі салт өмірден отырықшылыққа көшуі нәтижесінде ғана болады деп санады. Алтынсарин Қазақстанда кәсіптік – техникалық білім беруді дамытуға үлкен үмітпен қарады. Оның пікірі бойынша, бір ғана жалпы білім беру салыстырмалы түрде экономикалық өмірге аз пайда әкеледі, сондықтанда халыққа қолданбалы білім қажет. Алтынсариннің өтініш хаты бойынша Торғай қаласында бірінші рет, қазақ даласында балалар мен қыз балаларға училищесі ашылды, онда қыздар жалпы біліммен қол өнерін оқыды (2).

Оның ағарту – педагогикалық көзқарастары К.Д. Ушинский, Л.Н. Толстой және т.б. орыс мәдениетінің қайраткерлерінің ықпалымен қалыптасты Ы.Алтынсарин мектептерінде оқу процестері діни негізінде емес, ізетті бағытында жүргізіліп, содан барып қатысушылар жоғарыдағы билікте емес, халық қажеттеріне қызмет етуіне көп күш жұмсады. Осы

деңгейде ол қазақ балаларын үнемі орыс тілін тереңдеп оқуға, орыс мәдениетінің жетістіктерін игеруге, содан соң европалық өркениетке “терезе ашуға” шақырды. Осы жолда ұлы педагог ағартушылық қызметіндегі беделін ғана емес, сонымен қатар ғылыми және әдеби дарынын пайдаланды. Оның әдеби мұрасы орыс графикасы негізінде баспасөзден шыққан “Қазақ хрестоматиясы” жазылған. Ағартушы – педагог өзінің әдеби шығармаларында ең басты байлық – қой немесе басқа байлықтар емес, басты байлық-білім деді. Білім ғана жоғарыға өсуге, материалдық және рухани дамуға мүмкіндік береді деген ойды айрықша айтқан. Сондықтан, әлемдік бірлестіктің ішінде жемісті еңбек етіп, өсіп даму үшін қазақтар еңбек пен ғылымның биік шыңдарын да жете білу керек деген.

XIX ғ. Ренесанс дәуіріне дейінгі қазақ даласының рухани өмірінің ерекшеліктерінің бірі, оның тұйықтылығы мен оқшаулығы болды. Оның поэзиясы мен өнері негізінен ескі дәстүрлер маңызында өзін-өзі байыту жолымен дамыған болатын. Енді қазақтың ойшылдары мен ағартушылары, уақыт талабына сай, Батыс өнері, ғылымы, мәдениеті мен әдебиетіне бағдарлама бастады. Ұлттық тамырларды жоғалтпай, еуропалық өркениетке бұра бастады. Осының нәтижесінде, аз уақыт ішінде, Қазақстанның экономикасы, әдебиеті мен мәдениеті, ұлттың рухани өмірі алға жылжып, жаңа сапа мен мазмұнға ие болды.

Осы рухани төңкеріс **Абай Құнанбаевтан (1845-1904 жж)** басталды.

Беделді халықаралық ұйымның бастауымен 1995 жылы Абайдың 150 жылдығын тойлау – барлық қазақстандықтар үшін үлкен қуаныш болды.

Абайдың мерейтойы Париж, Лондон, Пекин, Стамбул - әлемінің 80 елінде тойланды. Абай – ұлы дарын ғана емес, ол данышпан кемеңгер. Атақты Кант “дарын” мен “данышпан” түсініктерін беріп – “Данышпан” өнер, ғылым, жалпы қоғам дамуында жаңа бағытты қалыптастырады десе, Томас Манн “данышпан адамзатты дамудың жаңа сапалы сатысына көтереді” деді. Сондықтан данышпандық кең ұғымды категория. Абайдың, қазақ ұлтының, атақты қайраткерлері Бұқар жыраудан, Төле биден, Қазыбек биден, Әйтеке биден және басқа ойлылардан айырмашылығы, ол өзінен -өзі жалпы қазақ өмірінің дәуірі болып табылады(3).

Абай қазақтарға ойлау мен тандаудың жаңа жүйесін әкеліп, Шығыс пен Батыс Еуропа мәдениеттерінің арасындағы көпір болып, қазақ өміріне араб, орыс, парсі, неміс, поляк, венгр мен ағылшындардың рухани жетістіктерін жеткізген тұлға. Абай әлемі осы екі мәдениеттің қоймасын танытады.

Абай ақын, классик және қазақтың жазба әдебиетінің негізін қалаушы ғана емес, сонымен бірге ғылымның әртүрлі саласында, оның

ішінде экономикалық мәселелер, әсіресе көшпелі ауылдың экономикасы туралы көптеген ойлар айтқан, мұра қалдырған ұлы ойшыл.

А. Кунанбаевтың дүниетанымы мен қызметінің қалыптасуы, қазақ ауылына тауар – ақша қатынастарының салдары – патриархалды – феодалдық құрылыс дағдарысының кең етек алған жағдайында өтті. Бұл кезең, сондай – ақ, аймақтағы патша отаршылдығының күшеюі мен сипатталды.

1886 жылы Абай Семей статистикалық комитетінің толық мүшесі болып сайланды. Облыс әкімшілігінің жанындағы бұрынғы ресми орган, статкомитет өзінің тікелей міндеттерінен тысқары, аса маңызды ғылыми зерттеу жұмыстарында жүргізді. Орыс зерттеушілерінің еңбектеріне назар аударған Абай, экономика, статистика және социология мен бір мезгілде орыс зерттеушілерінің көшпелі шаруашылық экономикасының ерекшеліктерімен, әдеттегі құқықтарымен қазақ халқының тарихымен танысты.

Қоғамдық істерге би және болыс басқарушысы болып, Абай көшпелі шаруашылық экономикасын, оның мұқтаждарын өте жақсы білді. Сондықтанда, ағартушы – демократ ретінде, Абай, өзінің шығармаларында Қазақ халқының алдында тұрған экономикалық проблемаларды көрсетті.

Қазақ ағартушысы Абай бүкіл шығармасының арқауы ретінде патриархалды – феодалдық құрылыстың ру аралық тартысын, феодалдық езгіні, жұмыссыздықты, байлардың кедейлерді қанауын, көшпенділік және т.б. сол сияқты өзекті мәселелерінің көрінісін берді.

Ол өзінің “Қараша, желтоқсанмен сол бір екі ай” өлеңінде ауылдағы әлеуметтік қатынасты неғұрлым дәл ашып суреттейді. Мұнда Абай көшпелі – кедейлердің тағдырымен бірге, сондай – ақ, олар мен байлардың арасындағы таптық қарама қайшылықтарды көрсетті. Қазақ ауылы екі жікке жарылды. Бір жағында – кедейлер, олардың үлесіне ауыр еңбек пен тұрмыс қиындығы тиген. Екінші жағында – байлар, олар көшпелі – кедей көпшіктерін қанау есебінен байыған, сараң және тас жүрек адамдар. Сонымен бірге, ол байларды кедейлердің ауыр еңбегін жеңілдетуге көмектесуге, өмірді жақсартуға шақырады. Дәл осы көзқарасында Абайдың әлеуметтік – экономикалық ойларындағы қайшылықтар көрінеді.

Абай өз кезеңінде Ыбрай Алтынсарин шығармаларының тақырып өзегі ретінде өнімді еңбекті алса, ол да осыны өзіне тақырып етіп алды. Абай қоғамды дамытудағы еңбектің рөлі туралы Алтынсарин ойларын одан әрі дамытты. Ол адамдары жалпы еңбекке, мал шаруашылығымен, егіншілікпен және қолөнер кәсіпшілігімен айналысуға ғана шақырып қоймай, еңбек жағдайы үшін жаңа өріс іздейді: кедейлерді жалдануға шақырады, патриархалды – феодалдық қанаудан құтылудың бір құралы осы деп білді.

Абайдың пікірі бойынша, еңбек қана адамды көтереді және оның әл – ауқатын жақсартады.

Сол кездегі қоғамның таптық құрамын Абай, А. Добролюбов сияқты адамдарды “еңбекшілерге” және “жатып ішер арамтамақтарға” бөлді. Абай еңбек, қайраткерлігін сүйді. Ол үшін адамдарға молшылық әкелетін қызмет формаларының барлығы жақсы. Абай жатып ішер арамтамақтардың барлығын бірдей жек көрді, бұл адамдар ештеңемен айналыспайтын немесе өз ісіне салдыр - салақ қарайтын немесе қалада, өз еңбегін сату есебінен өмір сүрудің орнына, байдың қызметшісі болудан аспайтын, кедейленген батырақтарды сынады.

Абай әрекетсіздікті, жұмыссыздықты көптеген керексіздіктердің көзі деп санады. Абай өз шығармаларында қазақ халқының экономикалық деңгейін көрші халықтардың деңгейімен салыстырды. Ол, қазақтардың көршілері - өзбектер, татарлар мен орыстардың – шаруашылық дамуының салалры мен мәдениетін айқындап алға дамығанындығын көрсетті. Бұл құбылыстың себебін ағартушылықтан, көрші халықтардың шаруашылықты жүргізудің неғұрлым прогресивті формаларымен байланысты екендігін көрсетті. Сондықтан да, ағартушы өзінің шығармаларында қазақ халқын үнемі өнімді, пайдалы еңбекпен айналысуға, шаруашылық жүргізудің алдыңғы қатарлы формаларын қабылдауға, шақырды.

Абай еңбек пен жерді байлықтың көзі деп санады. Ол өзінің ауыл – аймағымен бірге отырықшылыққа көшуді және оның артықшылығын көрсету үшін егіншілікпен айналысуға шақырды. Ол облыс басшылығынан көшпелі халықтың қалың ортасында орналасатын екі ауыл шаруашылық мектебін ашуды сұрайды. Бұл егіншілік тәжірибесін тез қабылдауға және отырықшылыққа көшуді жеңілдетуге көмектеседі дейді.

Абай “Қара сөздерінің” “Отыз үшінші сөзінде: “Молшылық болуы үшін, кәсіпкерлікке үйрену қажет” дейді. Ол қолөнершілік кәсібімен айналысатындар қазақтардың ішінде дұрыс іспен айналысушылары деп санады. Өйткені, олар өз еңбегінің өнімдерімен өмір сүреді.

Ағартушы қоғам дамуына, экономикалық прогреске, саудаға үлкен орын берді. Ол өзінің шығармаларында феодалдық тұйықтықты жою ісіне, ауылдар арасындағы экономикалық байланыстарды күшейту ісіне сауданың прогрессивтік ролін дұрыс сипаттады.

Абай өзінің шығармаларында адамдардың мүліктік теңсіздік себептеріне, біреулердің бай, біреулердің кедей болуына тоқталды. Ол адамдар туысымен барлығы тең, мүліктік және әлеуметтік айырмашылықтар Құдайдың бергені, жаратқанның ісі емес, адамдардың өзінен, олардың еңбекке деген ұмтылушылығы мен ынталануына байланысты деді.

Абай шығыс тәртібіне сынмен қарады, уақытты бос өткізумен шарапқа мойын сұнуды сынап, бірінші болып қазақ даласында өмірлік деңгейге ағарту мен білім мағнасын көтерді. Қоғамдық даму принциптері басқа елдерде бар екендігін айтып “Оян қазақ” деп ұран тастаған алғашқы қазақ қайраткері.

Абай өмір мен еңбек мағынасына жаңа мазмұн берген данышпан. Оның айтуынша, тек еңбек қана – барлық байлықтың түп тамыры, адамға – қанағат әкеледі. Оның “Сенде бір кірпіш болып дүниеде, кетігін тап та, бар, қалан” деген афоризмі қазақ өмірінің жаңа мазмұнын көрсетеді. Абай халқына еңбекке негізделінген жаңа мұрат-идеал әкелді “Адам байлығының ерекшелігі малының көптігінде емес, білім мен еңбек қорлығында”, яғни “байлықты еңбексіз жинай алмайсын”, “Маған жас еңбекқор қадірлі, өзінің сақалын саудалап сатқан шалдан гөрі”, - деген ол.

Абай-өте қайғылы тұлға. Оның тағдыры гректерге жаңа дүние танымын әкелген Сократтың өміріне ұқсайды. Виктор Гюго айтқандай “жаңашылдық бұрынғы дәстүрлерді жоққа шығарады” дегендей, халық әрбір жаңашылыққа күмәнділікпен, сенбеушілікпен қарайды. Гректер өз уақытында Сократты “ол жаңа ұрпақты дұрыс өмірлік бақыттан тайдырды деп” – сот алдында жауапқа тартты. Тек жүздеген жылдар өткеннен кейін ғана отандастары Сократты данышпан деп таныды. Абай тағдыры осы ұлы данышпанның тағдырынан айырмашылығы жоқ. Томас Манның айтқанындай “данышпан өмірі үнемі қайғылы” – дегендей Абай халқын жаңа биікке көтеруге тырысты, бірақ өкінішке қарай, оны түсінбеді. Міне, бізде оның қайтыс болғанына 100 жыл өткеннен кейін ғана оны тануды бастадық. Бұл Платон, Кант, Достоевскийді тану сияқты ұзақ өмірлік процесс.

Егер Абай шығармаларын ұқыпты көңіл бөліп оқысақ, онда оның шығармалары арқылы, қызыл жіппен тіккендей шеттетуге, қоғамды жоққа шығару мәселелері талданған. Бұл мәслені өз уақытында Гегель, Маркс, Сартр, Камю да көтерген болатын. Абайда былай деген «мұндай қоғамда барлығы керісінше құрылған, оған қарсы шаралар регреске әкеледі»(4).

Абай өз халқына сын көзбен қарап, өз патриотизмін қазақтардың ұлттық кемшіліктерінің сынына тоғыстырған. Осыдан, Абай гректерді сынаған Сократтың, Ресейді сынаған Лермонтовтың, “Торе от ума” авторы Грибоедовтың пікірлесі болып табылады.

Абай ұлы философ. Оның “қара сөздері” мың жыл бұрын өмір сүрген біздің данышпанымыз Әл-Фарабидің шығармалары деңгейіндегі философиялық трактат болып табылады. Мысалға , “Жиырма жетінші қара сөзінің” мазмұны, оны Абай, Сократ, Платон, Аристотель, шығармаларымен таныс бола отырып жазды деген ойды тудырады. Оның үлгісі мен сөз байланысы Монтен, Лорешфуко, Авиценаның шығармаларын елестетеді.

Зерттеушілердің ойлары бойынша, қазақ даласында ренесанстік даму кезеңдерінде, саяси, идеологиялық және экономикалық жүйелер қалыптасты. Осы жаңарудың әсерін біз қазіргі рухани өмірдің барлық бағыттарынан сеземіз.

Абай көшпелі халықты ағартып, патриархалды – феодалдық қоғам сарқыншақтарын жойып, қазақ халқына еркіндік және теңдік әперуге көмектесуші болды.

Абай Қазақстанның экономикалық дамуының болашағы бойынша дұрыс ойлар айтқан үздік білгір. Оның әлеуметтік – экономикалық мәселелер жөнінде айтқан пікірлері– қазақ халқының экономикалық ойларына өлшеусіз үлес қосты және ұлттық сана – сезімді оятуда белгілі роль атқарды.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Жатқанбаев Е. Средневековые мыслители Центральной Азии о государстве и государственном управлении //Вестник КазГУ. Серия экономики, 1998. № 10
2. Кабдиев Д. К. Развитие экономической мысли в Казахстане (конец XIX-начало XXвека)Алма-Ата: Казахстан, 1978.
3. Муканов М.С. Из исторического прошлого. Алматы: «Казахстан». 1998.
4. Прошлое Казахстана в источниках и материалах. /Под ред. проф. С. Д.Асфендиярова. 2-е издание. Алматы: «Казахстан». 1998.

*Килибаева С.К., магистр, ст.препод.
Актюбинский университет им. С. Баишева
Муса А., студент.
Актюбинский университет им. С. Баишева*

СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКИЕ ВЗГЛЯДЫ КАЗАХСКИХ ПРОСВЕТИТЕЛЕЙ XIX ВЕКА

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматривается определение «экономического воспитания» с позиции взглядов казахских просветителей XIX века которые трактуют его как систематическое целенаправленное воздействие общества на человека в интересах формирования знаний, умений, навыков, мышления и деятельности.

Ключевые слова: *Культура, самосознание, нравственное воспитание, личность, гениальность.*

Kilibayeva S.K., master, senior teacher.
Aktobe University named after S Baishev
Musa A., student
Aktobe University named after S Baishev

SOCIAL-ECONOMIC VIEWS OF KAZAKH EDUCATION ACTIVITIES XIX CENTURY

SUMMARY

This article is about a definition of “economical upbringing from the position of views of Kazakh scientists of XIX century who interpret it as systematical influences of society to a man in the interests of formation of knowledge, habits, thinking and activity.

Key words: *Culture, self-awareness, moral training, person, genius*

УДК 1

*Косдаулетова А.Н. магистрант
С. Бәйішев атындағы Ақтөбе Университеті*

АҚЫН-ЖЫРАУЛАР ДҮНИЕТАНЫМЫНДАҒЫ ЭКЗИСТЕНЦИАЛДЫҚ САРЫН

Аннотация

Бұл мақалада ақын-жыраулардың философиялық көзқарастары экзистенциалдық бағытта қарастырылады. Шернияз бен Махамбеттің өлім мен өмір мәселелері кеңінен талданады.

Кілт сөз: *Дүниетаным, экзистенциализм, ақын-жырау.*

XX-ғасырда «экзистенциализм», «экзистенциалдық философия» деген ұғымдар кең тарады. Көпшілік мұндай философия, философиядағы мұндай тенденция тек біздің заманымызда орын алған деп есептейді. Шындығында, экзистенциалдық мәселелер ежелден бері қойылып қарастырылып келеді. Шығыста буддизмде, батыста грек, рим философиясында экзистенциалдық мәселелер қарастырыла бастаған.

Мұндай мәселелер арнаулы философиялық еңбектердің ғана емес, ауыз, жазба әдебиетінің, діни кітаптардың, аңыз-әңгімелердің, шешендік сөздердің, ақындар айтысының, мақал-мәтелдердің арқауы болып келеді: өмір мен өлім, өмірдің мәні, өмірдің ауыртпалықтары –нәпсі, ләззат, азап, уайым, жалғыздық, үрей, арамдық, зұлымдық, тағдыр, құлдық, бақыт, бақытсыздық, ар, ұят, жігер, намыс, сенім, қанағат, ізгілік т.т. Осы мәселелер төңірегінде тебіренбеген, ойланбаған қазақ данасын табу қиын. Жыраулардың толғауында, Ыбырай мен Абайдың өлеңдері мен қара сөздерінде, Шерниязбен Ғұмар Қараштың, Мағжан Жұмабаевтың өлеңдерінде осындай өмір туғызған мәселелер жырға қосылады, сөз болады.

Қазақ даналарының қай-қайсысы да – сөзі мен ісінде, адамшылығы мен өмір салтында алшақтық болмаған тұтас, кесек тұлғалар. Олар өздерінің болмыс-бітімін, шама-шарқын, парызы мен борышын абайлап, бар өмірін, дарынын, күш-жігерін сол азаматтық борышын ақтауға сарқа жұмсаған. Асан Қайғыны алып қарайық. Көшпенділердің ішінен шыққан философ, өмірдің, дүниенің, адамның түпкі мәнін, терең ұққан кемеңгер ойшыл, халық үшін қам жеген көсем, суырып салма ақын. Бұхар жырау, тарихшы Манап Қозыбаев тауып айтқандай, «сайын даланың данасы», хандар сыйлап, ақыл сұраған кемеңгер, көмекейі бүлкілдеп сөйлегенде аузынан жыр төгілген ақын, хан екен деп райынан қайтпаған, айта жағын айтып өткен ержүрек жырау, сұңғыла дипломат, қайраткер. Махамбет – шешен, «аса жұртты меңгерген көсем», әрбір сөзі ұранға айналған жырау, елі үшін егескен «еңіреген ер». Шернияз Жарылғасұлы да кіші жүз қазақтарының Исатай, Махамбет бастаған ұлт-азаттық көтерілісіне (1836 — 37) қатысып, оның жалынды жыршыларының бірі болған. Шернияз жырларында көтеріліс тақырыбы басты орын алады. Ақын көтеріліс жеңіліске ұшырап, оның басшысы Исатай мерт болса да, азаттық, бостандық тақырыбын асқақ үнмен жырлады. Сол арқылы Исатайдың батырлық бейнесін жасаған: «Па, шіркін, Исатайдай сабаз тумас», «Ақ алмас алтын сапты, қылышым-ай», «Исатай ел еркесі, ел серкесі», т.б. жырларын шығарды. Шернияздың «Ай, Қазы би, Қазы би», «Тостағанды қолға алып», «Ай жігіттер», «Сөз сөйлеймін бөлмелеп», «Көл қылып құдайым талай судай ағын», т.б. өлеңдерінде өзі өмір сүрген қоғамның әділетсіздігі, өмірдің өзгермелілігі мен оның мән-мағынасы үлкен ой елегінен өткізіле жырланады.

«Кете Шернияз ақын атақты Махамбетпен замандас болған. Исатай көтерілісі жеңілгеннен кейін болған оқиға болса керек және Шернияз ол кезде сарай ақыны екен дейді. Ауылына Махамбет келе жатыр дегенді естіген Шернияздың әкесі: «Шырағым, бағы бастан тайып жүрген, ел сыйлаған арыс қой, сен де сыйла, қарсы сөз айтпа», деп тоқтатқан екен. Дегенмен Махамбетті жақсы қабылдап енді аттандырып жатқан жерде Шернияз аяқ астынан:

*Көп үйрек көлде жатқан көлгілікті,
Ғалымдар шарияттан сөз біліпті.
Баласы Өтемістің ер Махамбет
Бізге айтар не сөзің бар ескілікті? – депті.*

Махамбеттің бір жерге тұрақтай алмай жүрген кезі болса керек және өзі сол сәтте Арқаға сапар шегі бара жатыр екен дейді.

*Әліп, ләм аймен тұрады алқам басы,
Мүйімнің бимен тұрады біссімләсі.
Мүйімнің құйрығы имек, ортасы ақ.
Білсең айт, осы ненің нышанасы.
Он бүркіт, отыз аққу көлде жатқан,
Лашын қақпай қанат дәмін татқан.
Арқадан қайта айналып келгенімше*

Шернияз шеше алмасаң өзің сақтан [1], – деп, жүрі кеткен екен дейді. Шернияз өзі шеше алмай, жақыннан шеше қоятын кісі таппай, Махамбет Арқадан келгенде жауабы дайын болмаса өзіне сын боларын сезіп, Маңғыстаудағы Абылға бұйым салып шештіріп алған екен. Бұл кез Абылдың алпыстан асқан шағы болса керек.

Қазақ ойлауындағы өзекті мәселелер өмір мен өлім хақында. Бір қызығы –қазақ даналығында бұл экзистенциалдар бірге, қатар қарастырылып отырады. Өмір адам үшін – ауыр сынақ; сол сияқты тіріге де, өліге де өлім де - сынақ; тіріге –тірлігі үшін; тірлігінде мән-мағына бар ма, жоқ па? өліге –артында ізі қалмаса, не үшін жер басып жүрді екен? «Өлі разы болмай, тірі байымайды» деген мақал бар. Өткен адамның ізін басу, ісін жалғастыру, жамандығын жасырып, жақсылығын асыру – кейінгі ұрпақтың міндеті.

Адам деген қызық-ақ! Оның көбірек көңіл бөлетіні –оған қатысты, өзі жасап жатқан осы шақ емес, өткен шақ пен болашақ. Оның дүниеге келуі де, ертең уақыты жеткенде дүниеден озуы да заңды және бұған ол ешқандай әсер ете алмайды. Дат философы Кьеркегор мынадай риторикалық сұрақ қояды: «Мен қайдамын? Дүние деген не?... Кім мені мұнда әкеліп тастаған? Неге менің келісімімді сұрамады?...» [2]. Адамның өзін өзі танытып, бойындағы қабілетін жүзеге асыратын кезі – өмір сүріп отырған уақыты.

Қазақ ойының философиялық сипатын аша түсетін экзистенциалдық ұғымдардың бірі –жалған дүние. Орыс әдебиетінде, «Тауратта» «суета сует» деген осы қазақ ұғымына балама болып келетін сөз бар. Бәрі өткінші, алдамшы, дүние бір күйде тұрмайды, ауытқи береді, өмірдің өзгеруін қазақ «аумалы-төкпелі» деген тамаша теңеумен білдіреді. Шал ақынның толғауын тындап көрейік:

*Дүние деген шолақ депті,
Жан кеудеге қонақ депті,
Ахирет деген бір киім*

*Алып қайтар сол-ақ депті.
Дүние деген осы,
Ешкімнің емес досы,
Болар еді досы,
Аумаса егер қосы.
Дүниеге қызығамыз несін біліп,
Аз күнгі қызығына есерленіп,
Жалаңаш кеп, жалаңаш қайтамыз зой,
Мойынға төрт қарыз бөз тесіп іліп [3, 102 б.].*

Дүниенің, өмірдің диалектикасын қазақ ойшылдары ғылыми сараптау арқылы емес, поэзия тілінде бейнелеумен шебер суреттеп береді. Шәңгерей Бөкеев қарапайым төрт жолға терең мағынаны сыйғыза біліпті:

*Ағаш едің құрма өскен,
Ұршық болдың шуда ескен.
Бір қалыпта тұрмақ жоқ,
Шығармалық мұны естен.* Кішкене нәрседен үлкен философиялық ой туғыза білген.

Махамбеттің «Жалған дүние» деп аталатын өлеңінен де көп сыр аңғарылады:

*Қоғалы шөлдер, құм, сулар
Кімдерге қоныс болмаған?
Саздауға біткен құба тал
Кімдерге сайғақ болмаған?
Басына жібек байлаған
Арулар кімге қалмаған?
Таңдап мінген тұлпарлар*

Иесін қайта жауға салмаған? – деп өмірдің ащы шындығын жайып салады. Сонымен бірге қазақ ойлауында түңілу, тоқырау, сары уайымға салыну сирек кездеседі. Керісінше, өмірдің қатал заңдарына қасқайып қарсы тұру байқалады.

Философияның әдебиетпен, өнермен астасып жатуы философия тарихында жиі кездеседі. Белгілі ғалым, философ Т.Х. Рысқалиевтің пікірінше, «қазақ философиясының ерекшелігі – оның дені шешендік сөз, өлең-жыр болып келетіні. Философиялық ойды қара сөз, ұғымдар арқылы жеткізіп берудің қиындығын, философиямен жақынырақ танысқан адам біледі» [4, 169 б.], деп бекер айтпаған. Ал поэзия тілінде, поэзия болғанда төгіліп ағып тұрған суырып салма көркем поэзия тілінде баяндау – философия тарихында сирек кездесетін құбылыс.

Жыраулық дәстүр ақынның рухани дүниесінің көрінісі, замандық пен ағыммен қатынастың жемісі дерлік. Жыраулық сарын бір бағытта ғана серпілді деу ағаттық. Жыраулық рухани дәстүрді, әлеуметтік-тәлімдік бағдарына орай: жаугершілік-азаттық, елдік-қауымдастық және рухани-адамгершілік сияқты түрлерге саралауға болдады. Жалпы алғанда,

жыраулықтың қай түрі болмасын қазақтануды дәйектеді, адамгершілікті дәріптеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назарбекұлы С. Шығармалар жинағы. II том. –Алматы: «Жазушы», 2001.-306 б.
2. Зотов А.Ф., Мельвиль Ю.К. Буржуазная философия середины XIX-начала XX в. - М:Наука, 1988. -221 с.
3. Бес ғасыр жырлайды. Үш томдық. -Алматы, 1984. -Т.1. -256 б.
4. Рысқалиев Т.Х. Даналық пен түсініктің үлгілері (философия тарихына шолу).- Алматы: «Ақыл кітабы», 1999.-240 б.

*Косдаулетова А. Н. магистрант
Актюбинского университета им. С.Баишева*

ЭКЗИСТЕНЦИАЛЬНОЕ НАПРАВЛЕНИЕ В МИРОВОЗЗРЕНИИ ПОЭТОВ И ЖЫРАУ

Аннотация

В данной статье рассматриваются взгляды поэтов-жырау – представителей экзистенциализма как направления в философии. Раскрываются проблемы, связанные с жизнью и смертью Шернияза и Махамбета

Ключевые слова: *Мировоззрение, экзистенциализм, жырау и поэтов.*

*Kosdauletova A.N masters
Aktobe University by S. Baishev*

EXISTENTIALISM DIRECTION IN WORLD VIEW OF POETS AND ZHIRAU

Annotation

In the article described views (opinion) of poet-zhiraus representative of existentialism as directions in philosophy. The problems related to life. The problems are being revealed to life and death Shernyaze and Mahambet.

Key words: *world view, existentialism, poet-zhirau*

УДК94(574)

*Сулейменова Э.Б., к. филос. н, ст. препод.
Актюбинского университета им. С.Баишева*

ПОСЛЕДНИЙ ПОХОД ИСАТАЙ БАТЫРА

АННОТАЦИЯ

В данной статье рассматриваются подвиги, его героизм, преданность общенародному делу и последний подвиг великого батыра.

Ключевые слова: народ, герой, подвиг, восстание, битва, царизм.

В XVIII-XIX вв. на территории Западного Казахстана, в местах кочевий племен и родов Младшего жуза, полыхали очаги народно-освободительных восстаний казахов против Российского колониализма. Начавшееся в конце XVIII в. военное сопротивление казахских ополченцев под руководством Сырыма Датова, получило свое дальнейшее продолжение в восстаниях против царизма Тентек-торе, Арынгазы султана, Жоламан батыра, Исатая Тайманова, братьев Сержана и Кенесары Касымовых и многих других. Заметную роль в истории открытой борьбы против политики царского колониализма сыграло восстание в Букеевской Орде в 1836-1838 гг. под руководством Исатая Тайманова. По народным преданиям, богатому творческому наследию акына-батыра Махамбета, соратника Тайманова, документам царских чиновников, это национальное движение широко известно казахскому народу. Подняв знамя восстания в Букеевской Орде против произвола царской администрации и его верных слуг, в виде хана Жангира и его родственников, Исатай батыр со своим соратниками продолжил непримиримую борьбу на территории современной Актюбинской области.

Об этом восстании написано много научных работ, очерков, где расследуются причины и цели народного движения в Букеевской Орде. Мы не будем затрагивать эту тему, а остановимся на последней битве Исатай батыра, о его героической гибели в степях нашей современной Актюбинской области. Итак, вначале проследим путь движения отряда Исатай батыра после того, как его войско 15 ноября 1937 г. потерпело поражение на Тастобе от русской армии. 26 ноября на Канышмоле Исатай и его сторонники приняли решение переправиться на левый берег Урала (Жаика) и продолжить борьбу против царской администрации. В это

время повсюду был обнародован указ Оренбургского генерал-губернатора Перовского о поимке Исатая- «за живого Исатая -500 рублей! Кто привезет его мертвым – получит половину этой суммы!». Также объявлялось, что даже из его родственников сдавшего батыра в руки российской власти, тому будет полное прощение и денежная премия. Этот указ стимулировал некоторых казахов, которые ради наживы были готовы изловить руководителя восстания. В короткий срок быстро собрались «охотники за головами» в количестве около 80 человек и под водительством старшины Жанторе начали поиски Исатая и его соратников. Одновременно были усилены патрульными службами и берега Жаика (Урала) с целью не допуская прорыва через военную линию на левый берег повстанцев. Но, несмотря на принятые поисковые меры, в ночь на 13 декабря 1837 года, Исатаю и его соратнику Махамбету с товарищами, удалось перейти реку в несколько километров южнее от Жаманкалинского форпоста. В архивном деле Пограничного отделения Оренбургского военного губернатора 1836-1840 гг. «О беспокойстве и мятежах в Западной части орды Оренбургских киргизов и в нескольких киргизских волостей в одном из внешних Омских округов» сохранился рапорт Уральского казачего атамана Покатилова – «Разбойник Тайманов бежал за Урал ночью с 12 на 13 декабря в 4 часа по полуночи. Всего с ним было мужского и женского пола 38 человек. Побегу злодеев способствовал жестокий холод и буран. Казачий разъезд открыл переход этой шайки еще до приближения к Уралу, но не смог остановить. По ружейным выстрелам прибыло подкрепление, но также не могли переловить или перебить злодеев, которые были о дву-конь на лучших лошадях и, пользуясь темнотой ночи и выюгой, скрылись и следы их замело. Успели захватить только одного киргиза Нурманбая Сюнина, верблюда со съестными припасами, 6 лошадей, 2 пики и чекан» [1].

Ключевые слова: агропромышленный комплекс, индустриально-инновационное развитие, аграрный сектор.

Agzamova A.B. Candidate of Economic Sciences,

Aktobe University named after S Baishev

Askar L.G. Master student

Aktobe University named after S Baishev

Annotation

The article discusses the development of agro-industrial complexes. Problems of development of in the agro-industrial complex

Keywords: agriculture, industrial and innovative development, the agricultural sector.

ОӘЖ 332.1

*Аззамова А.Б. э.ғ.к., доцент
С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті
Лаукенов А. А. магистрант
С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті*

**ӘЛЕУМЕТТІК ИНВЕСТИЦИЯЛАУДЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ
НЕГІЗІНДЕ АЙМАҚ ЭКОНОМИКАСЫНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫН
ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Түйіндеме

Мақалада еліміздің инвестициялық саясаттың ролін, яғни алатын орнын, маңыздылығын, тәуелсіз елімізге қажеттілігі қарастырылады.

Кілт сөздер: *инвестиция, инвестициялық жоба, қаржылық тұрақтылық, жобалық талдау.*

Еліміздің инвестициялық саясаттың ролін, яғни алатын орнын, маңыздылығын, тәуелсіз елімізге қажеттілігін атап көрсету осы мақаланың өзектілігі болып табылады. Инвестициялық портфельді жобалық несиелеу – бұл халықаралық және отандық тәжірибеде қолданылатын несиелеудің жаңа нысаны болып табылады және оның дәстүрлі банктік несиелеуден мынандай артықшылықтарын атап айтуға болады:

- инвестициялаудың стратегиясын дайындау;
- инвестициялаудың белгілі бір уақытша аясын белгілеу;
- инвестициялық приоритетті анықтау;
- баламалы нұсқаларды қарастыру;
- инвестицияны жүзеге асыру жоспарын дайындау;
- бір уақытта бірнеше көздер арқылы қаржыландыра алу.

Дұрыс қолданған инвестициялық жоба жалпы ресурстар көздерін ұтымды пайдалану есебінен экономикадағы ресурс тапшылығын азайта алады. Алайда, жобалық әдістің өзіне тән кемшіліктері де бар. Ең алдымен, бұл болжаудағы есептеулеріндегі мүмкін болатын қателер, сонымен қатар нарықтағы әртүрлі өзгерістер, инфляция құбылысы, заңдардың өзгеруі сияқты түрлі факторлар әсері жобалық әдістің тартымдылығына тежеу болуда. Сонымен қатар, қарыз алушыға тән жобалық несиелеудің мынандай жағымсыз жақтары көрініс береді:

- тәуекелдің жоғарылығына байланысты несие бойынша пайыздың өсуі және комиссияндық ақының қымбатқа түсуі (жобаны бағалағаны үшін, жобалық бақылау жүргізгені үшін алынатын ақы);

- жобалық несиелеу алдындағы шығындар (техникалық-экономикалық негіздеме дайындау, пайдалы қазбалар табу жұмыстар, қоршаған ортаға жобаның тигізетін зияндары, терең маркетингтік зерттеулер, т.б.);
- несие алуға деген өтініш пен оны несиелеу туралы шешім қабылдау кезеңдерінің ұзақтығы;
- қарыз алушының қызметіне банк тарапынан жүргізілетін бақылаудың қаталдығы (қаржылық, өндірістік, коммерциялық);
- кейбір жағдайдағы қарыз алушының өз тәуелсіздігін жоғалтып алу қаупі[1].

Соңғы уақыттарда республикамыздағы екінші деңгейдегі банктер экономика секторларын несиелеу барысында ұзақ мерзімді жобалармен тығыз жұмыс жасауда. Жобалар бойынша экономика секторларын несиелеуде бұл қазіргі несиелеу механизмінің өзіндік ерекшеліктерін сипаттайды. Компания үшін жобалық циклін толық білу мынандай мәліметтер алу үшін қажет:

- жобаны іске асырудағы барлық шығындар мен түскен табыстарды білу үшін (әрбір кезең, әр саты бойынша);
- жобаны іске асыруда пайда болатын тәуекелдерді анықтау үшін (әрбір кезең, әр саты бойынша);
- жобаны іске асыруда өз бақылау кестесін құру үшін [2, 32-34 бб].

Айта кететін жайт, жобалық циклдің үш сатыға бөлінуі барлық жобаларға тән. Кейбір банктерде бұдан басқада қосымша сатылар болуы мүмкін. Мысалы, ХҚДБ мамандарының сарапталуы бойынша жобалық цикл мына кезеңдерден тұрады: жобаларды таңдау; жобаларды дайындау; жобаларды бағалау; келіссөздер жүргізу және жобаны бекіту; жобаны жүзеге асыру және оны бақылау; жобаның нәтижелерін бағалау.

Инвестициялық жобаларды қаржыландыруға маманданған банктер, жобалық құжаттар, жоба бойынша мамандардың лауазымды міндеттемелері жөнінде мағлұматтары бар арнайы нұсқаулар дайындалды. Мұндай нұсқаулар жобаның тез іске асуына ықпал етіп, банктің жобалық циклін қысқартады. Әлемдік банктің міндеттеріне сүйенсек, инвестициялау алдыңғы кезең шығындарын былайша топтауға болады (жоба құнынан):

- жобаның инвестициялық ниетінің қалыптасуы (инвестициялық ұсыныс) – 0,2-1%;
- инвестициялық зерттеулер – 0,25-1,5%;

Жобаның техникалық-экономикалық міндеттемелерге, нарықтық талаптарға байланысты жобаның соңғы мақсаты белгіленеді[3]. Бұл мақсат жеке инвестор мен Үкіметтің өндірістің өсуін қамтамасыз етуі, халықтың қажеттілігін қанағаттандыру, табиғат ресурстарын тиімді пайдалану, жұмыссыздықты жою үшін пайда болған ойларын бастау алады. Алға қойылған мақсатты жүзеге асыруға бағытталған жобалардың

бірнеше түрлері болғандықтан, оның ең ұтымды нұсқасын таңдаудағы бірден-бір шарт жобаның болашақтағы тиімділігі. Алғашқы кезеңдерде жобаларды таңдау сандық талдауларға байланысты емес, сапалы талдауларға, логикалықсыз бағаларды таңдау, т.б. факторларды есепке алу арқылы жүргізілуі керек. Ол үшін алдын-ала мынандай мәселелер талданды:

- нарық сұранысына байланысты өндіріс көлемі;
- қажетті қаржы көлемі;
- материалдық және еңбек ресурстарының жеткіліктілігі;
- саяси-ұйымдық және басқарудағы кедергілердің мүмкін болуы, т.б.

Инвестициялау алдындағы кезеңде, ең алдымен, жобаны талдайды, есептейді, сайып келгенде, оның тиімділігін бағалайды. Осы мақсатта жобалық шешімдерді негіздеу және дайындау үшін әдістемелік тәсілдер жиынтығы, яғни, инвестициялық жобаларды талдауды қолданды. Жобалық талдаудың мақсаты – іске асырылатын жобаның нәтижелерін анықтау. Жобаның нәтижелілігі жобадан түсетін табыстар мен жобаға жұмсалатын ресурстардың арасындағы айырмамен сипатталады[4].

Қойылған мақсатқа жету үшін жобалық талдаудың алдына міндеттер белгіленеді:

1. іске асырылатын жобалардың іс жүзінде кедергі болар шектеулерді жәнешаралардың өзгерістерін есепке ала отырып, қол жеткізетін нәтижеге баға беру.

2. жоба бойынша жұмсалатын қажетті ресурстардың көлемін анықтау жәнеларды әр түрлі шаралар бойынша салыстыру.

3. жобаның және оны іске асырылу жолдарының бірнеше болуына қарай ең тиімді жобаның қабылдауға немесе ең тиімді нұсқаны таңдауға шешім шығару.

4. жобаны іске асырудан түсетін табыстарды бағалау және инвесторлар арасында бөлу.

Жобаны талдаудың міндеттеріне инвестициялық жобаның іске асырылуын бағалау, жобаның нәтижелілігін бағалау, жобаның тиімділігін бағалау және оптимизациялау жатады.

Компанияның жағдайын талдаудағы 3 мәселелері айқындалады

1. қаржы ресурстарының тапшылығы. Төлеу мүмкіндігінің төмендігі. Бұл, яғни компанияның өз міндеттерін орындай алмауы. Компанияның кредиторлар алдында өз міндеттерін өтеу үшін, мүмкіндігінше көп несиелерді беруге тырысады. Осының есебінен өз жағдайын жақсартады.

2.

өзіндік капиталды толық өтей алмауы.Бұл мәселені теорияда «Өзіндік капиталдың рентабельділігінің төменділігі» деп аталады. Тәжірибе жүзінде анықталмаған тауар өзіндік түсетін табыс, өзінің салымымен өтеледі. Ал бұл, компаниядағы салынған капитал есебінен рентабельділігінің төмендеуін көрсетеді.

3. қаржылық тәуелсіздіктің төмендеуі немесе қаржылық тұрақтылықтың төменділігі. Тәжірибе жүзінде болашақтағы кәсіпорынның міндеттерді өтеудегі қаржылық тұрақтандырудың төмендеу мәселесімен анықталады[5].

Айналмалы активтердің ағымдағы міндеттемелерден өсетін болса, ол не кәсіпорын қызметіне табыс әкеледі, не айналмалы активтердің өсірілуі не емес ұзақ мерзімді активтердің қолданылуына ағымдағы міндеттемелерді шығындалады.

Ағымдағы міндеттемелерден ұзақ мерзімді активтерді қолдануға құралдарға шығындалуы, кәсіпорынның мүмкіндігі жоқ міндеттемелерді орындайды.

Қаржылық менеджменттің заңдары қарапайым және логикалық: ұзақ мерзімді несиелер – капиталды шығындарды қаржыландыруға тарту керек, ал қысқа мерзімді несиелер – айналмалы капиталды қаржыландыруға тарту керек.

Кәсіпорын негізінде ұзақ мерзімді несиелерді тарту көп жағдайда мүмкін емес болғандықтан, көбінесе капиталдық шығындар қаржыландыратын қысқа мерзімді несиелерді тартады. Осы негізде кәсіпорынның өтімділік коэффициентінің көрсеткіштерінің төмендеуін күтуге болады. Бірақ та өтімділік коэффициенті белгілі бір деңгейде болу керек.

Жалпы өтімділік коэффициенті=айналмалы активтер/қысқа мерзімді міндеттемелер=жалпы активтер – айналмалы емес активтер/қысқа мерзімді міндеттемелер.

Жалпы активтер=өзіндік құраладр (жиынты табыс)+ұзақ мерзімді несиелер+қысқа мерзімді міндеттемелер=1+өзіндік құраладр (жиынтық табыс)+ұзақ мерзімді несиелер – айналмалы емес активтер/қысқа мерзімді міндеттемелер.

Барлық капитал рентабельділігінің коэффициенті таза табыстың белгілі кезеңде атқарылған қызметтің қорытынды балансқа қатынасы- кәсіпорынның қосымша ақшаны иелену өз капиталын өсіру мүмкіндігін көрсетеді. Қаржылық активтердің негізінде кәсіпорынның атқаратын қызметтің табыстылығы мен активтердің айналмалы кәсіпорынның рентабельділігін анықтайды[6].

Әдебиеттер тізімі

1. Мейірбеков.А.Қ., Әлімбеков.Қ.Ә Кәсіпорын экономикасы: Оқу құралы-Алматы: Экономика, 2003.
2. Ихданов.Ж.О, Орманбеков.Ә.О. Экономиканы мемлекеттік реттеудің өзекті мәселелері.- Алматы: экономика, 2002, 136-172 бб.
3. Әубәкіров Я.Ә., Байжұманов Б.Б., Экономикалық теория: Оқу құралы / 2002. – 288 бет.

4. Әлжанова Н.Ш. Инвестициялық жобалау: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 160 бет.
5. Боқаев Д. Инвестициялық жобаның тиімділігін бағалау әдістері // Экономика негіздері мектепте, колледжде және ЖОО-да оқыту. 2006. - №6.4-7 бб.
6. Жолдасов Б. Анализ инвестиционных вложений в экономику региона и их структура. // Изденіс. – 2015

*А.Б.Агзамова к.э.н., доцент.
Актюбинский университет им.С.Баишева
Лаукенов А. А. магистрант
Актюбинский университет им.С.Баишева*

ФОРМИРОВАНИЕ УСТОЙЧИВОГО РАЗВИТИЯ ЭКОНОМИКИ РЕГИОНА ЗА СЧЕТ РЕАЛИЗАЦИИ СОЦИАЛЬНЫХ ИНВЕСТИЦИЙ

Аннотация

В статье рассматриваются роль инвестиционной политики страны, а также значимость, потребность страны в инвестициях.

Ключевые слова: *инвестиция, инвестиционный проект, финансовая устойчивость, анализ проектов.*

*Agzamova A.B. Candidate of Economic Sciences,
Associate Professor of "Economics and Tourism"
Aktobe University named after S Baishev
Laukenov A.A. Master student
Aktobe University named after S Baishev*

CREATING SUSTAINABLE ECONOMIC DEVELOPMENT OF THE REGION GO THROUGH THE IMPLEMENTATION OF SOCIAL INVESTMENT

Annotation

In this article consider the role of invest policy of country, and the importance, the need of investments for the country.

Keywords: *investment, investment project, financial stable, analysis of projects.*

ОӘЖ 69

*Бекбусинова Г.К. э.ғ.к., аға оқытушы
Актюбинский университет им.С.Баишева
Андакулова А.А. магистрант.
Актюбинский университет им.С.Баишева,*

ОПРЕДЕЛЕНИЕ ТЕОРЕТИЧЕСКИХ ОСНОВ КЛАСТЕРНОГО РАЗВИТИЯ В ЭКОНОМИКЕ

Аннотация

В данной статье определены теоретические основы кластерного развития в экономике. Разработан теоретический подход к пониманию сущности термина кластер, который способствуют установлению конструктивных взаимоотношений между предприятиями, исследовательскими, образовательными, финансовыми учреждениями и органами власти. Приведена классификация кластеров и выявлена преимущества кластерного подхода.

Ключевые слова:*кластер, кластерный подход.*

Термин «кластер» как экономическая категория введен в оборот зарубежными учеными. Американский ученый Майкл Портер определяет кластер как группу географически соседствующих взаимосвязанных компаний и связанных с ними организаций, действующих в определенной сфере, характеризующихся общностью деятельности и взаимодополняющих друг друга [1].

Теоретически идея специализированной индустриальной локализации не нова. Альфред Маршалл еще в 19 веке рассматривал феномен особых регионов, состоящих из специализированных близкорасположенных фирм (текстильное производство в Манчестере и металлообработка в Шеффилде (Англия)). Впоследствии в своей классической работе он определил три основных типа экстерналий (триада внешних экономий), получаемых этими фирмами: простейший обмен знаниями и инновациями (эффекты перелива знаний), совместное использование трудовых ресурсов (экономия от использования рабочей силы), а также свободный доступ к поставщикам (локализованные цепочки создания стоимости, или цепочки «покупатель-продавец»)[2].

В 1979 году в работе С. Замански и Л. Абласа появилось понятие «промышленный кластер» как «множество производств, связанных потоками товаров и услуг сильнее, чем с другими секторами национальной экономики»[3].

Современная литература под кластером понимает сеть независимых производственных и/или сервисных фирм (включая их

поставщиков), создателей технологий и ноу-хау (университеты, научно-исследовательские институты, инжиниринговые компании), связующих рыночных институтов (брокеры, консультанты) и потребителей, взаимодействующих друг с другом в рамках единой цепочки создания стоимости [4].

Кластерная политика характеризуется тем, что центральное внимание уделяется укреплению сетей взаимосвязей между экономическими субъектами – участниками кластера, в целях упрощения доступа к новым технологиям, распределению рисков в различных формах совместной экономической деятельности, в том числе, совместного выхода на внешние рынки, организации совместных научно-исследовательских и опытно-конструкторских работ, совместного использования знаний и основных фондов, ускорения процессов обучения за счет концентрации и контактов ведущих специалистов, снижения транзакционных издержек в различных областях за счет увеличения доверия между участниками кластера [5].

Кластеры являются механизмом повышения конкурентоспособности территорий, перехода к производственным процессам с большей добавленной стоимостью, способствуют установлению конструктивных взаимоотношений между предприятиями, исследовательскими, образовательными, финансовыми учреждениями и органами власти. Возросший интерес к созданию технопарков, бизнес-инкубаторов, инновационно-технологических центров является нечем иным, как частью экономической политики региона, основывающейся на кластерных принципах, так как создание подобного рода организаций обеспечивает необходимую производственно-технологическую инфраструктуру для доступа предприятий (прежде всего малых) к производственным ресурсам.

Преимущество и новизна кластерного подхода заключаются в том, что он придает высокую значимость микроэкономической составляющей, территориальному и социальному аспектам экономического развития. Данный подход предлагает использование эффективных инструментов для стимулирования развития индустриальных регионов, применение которых приведет к увеличению занятости, повышению конкурентоспособности производственных систем, росту бюджетных доходов и др. позитивным изменениям.

Систематизация имеющихся в экономической иностранной литературе определений позволила рассматривать кластер как рыночный институт, характеристика которого возможна с трех позиций [6]:

- 1) взаимосвязанности предприятий и организаций, географически близко расположенных друг к другу;
- 2) отраслевой принадлежности;

3) локализации сетей, которые производят выгоды для задействованных фирм.

Формирование и развитие кластеров конкурентоспособности является одним из основных методов активизации инновационных процессов в рыночных условиях, эффективным механизмом привлечения прямых иностранных инвестиций и активизации внешнеэкономической интеграции.

На взгляд Кокаревой М.С. объективной основой (первопричиной) формирования кластеров выступают исторические, экономические и социальные условия и ресурсы, присущие исключительно данной территории в конкретный момент времени, определяемые нами как специфические уникальные активы территории. Данные активы генерируют необходимость и закономерности создания специфических видов общественной деятельности людей и разнообразие ее форм [7].

К историческим предпосылкам можно отнести следующие:

- 1) наличие ремесленных промыслов, развивающихся веками, на основе которых сложились производственные навыки, местные традиции, система общественных норм и правил, регулирующих взаимодействия людей (яркий пример - Италии, Испания);
- 2) наличие первоисточников глобальных изменений в развитии общества и экономики (европейские города, где впервые зарождался капитализм, источники агломерационных процессов; сельские местности, источники активных урбанизационных процессов и т.п.).

Преимущества формирования кластеров конкурентоспособности с точки зрения экономической, социальной и экологической эффективности для региона и для предприятий, входящих в кластер, представлены в таблице 1.

Таблица 1.

Преимущества кластерного подхода

Критерии преимуществ	Для региона	Для предприятий, входящих в кластер
Экономическая эффективность	Увеличивается количество налогоплательщиков и налогооблагаемая база Появляются предпосылки для экономического роста региона	Повышается производительность предприятий Удерживается потенциал инновационного роста, появляется инфраструктура для исследований и разработок Появляются возможности для более успешного выхода на международные

		рынки
Социальная эффективность	Сбалансированный региональный бюджет дает возможность проводить эффективную социальную политику	Повышается заработная плата Улучшаются условия труда
Экологическая эффективность	Снижается нагрузка на окружающую среду за счет использования ресурсосберегающих технологий	Повышается безопасность деятельности предприятий кластера для окружающей среды

Резюмируя вышеизложенное, следует отметить следующее. Несмотря на то, что существует множество разновидностей кластеров (таблица 2), но для социально-экономического развития региона инвестиционный проект – создание горно-металлургического кластера - является приоритетным, так как он не только способствует увеличению налоговых поступлений в государственный бюджет, но и влияет на развитие отношений со странами Азиатско-Тихоокеанского региона, ведь продукция кластера в большей степени экспортная. Кластер имеет серьезное значение и для страны в целом, потому что в комплексе это не только перспективы в горной металлургии, но и в энергетике, строительстве. Сегодня основу подобных кластеров составляют отдельные предприятия и горно-обогатительные комбинаты.

Таблица 2

Классификация кластеров

Географический масштаб (и масштаб экономической деятельности)	Точечно-очаговый; локальный; региональный; национальный (межрегиональный); транснациональный
Степень однородности выпускаемой продукции	Моноспециализированный; полиспециализированный
Степень развития (или стадия жизненного цикла)	Зарождающийся; развивающийся; высокоразвитый (сильный), с позитивной динамикой развития всех элементов (устойчивый), с неравномерным развитием элементов (потенциальный), с медленным развитием и не до конца сформировавшейся структурой (латентный), трансформирующийся

Вид интеграции	Вертикально-интегрированный; горизонтально-интегрированный; комбинированный
Степень завершенности производственного цикла	Полного технологического цикла; неполного технологического цикла;
Вид структуры	Однородный; фокальный (ядерный); моноцентрический; полицентрический
Степень участия в создании инновационного продукта	Генерирующий и активно внедряющий новые технологии; ориентированный на «добавочную инновацию»; пользователь новых технологий
Присутствие в кластере центров генерации инноваций	Формирующийся на базе центров генерации инноваций кластер, в котором центры генерации инноваций отсутствуют
Сфера деятельности (базовые отрасли, подотрасли их функционирования)	Промышленный (в частности, горнопромышленный, металлургический, машиностроительный, химический и т.д.); сельскохозяйственный; лесной; в сфере транспорта и коммуникаций; в строительной сфере; в сфере услуг
Объекты конкуренции	Внешнеориентированной конкуренции; внутриориентированной конкуренции
Способ возникновения	Исторически обусловленные; случайные; планово-программные; объективно обусловленные (социально и экономически обоснованные)

Список использованной литературы

1. Портер Майкл Э. Конкуренция / Пер. с англ. М.: Издательский дом «Вильямс», 2002 496 с.
2. Marshal A. Industry and Trade. – London, 1920, с. 341-342
3. Романова О.А., Лаврикова Ю.Г. Теория развития промышленных кластеров // Теория эволюции социально-экономических систем / Под ред. акад. А.И. Татаркина, акад. В.И. Маевского, РАН, УрО, Ин-т экономики. М.: ЗАО «Издательство «Экономика», 2008. 694 с.
4. Авдашева С. Б., Розанова Н. М. Теория организации отраслевых рынков. – М.: Магистр, 2010

5. Виленский П. Л., Лившиц В. Н., Смоляк С. А. Оценка эффективности инвестиционных проектов: теория и практика : учебно-практическое пособие. –М. : Дело, 2007.
6. Николаева Л. А. Кластерный подход к оценке потенциальных точек роста инновационной инфраструктуры региона // Проблемы современной экономики. – №3 (27).
7. Кокарева М.С. Теоретические аспекты формирования кластеров: сущность и классификация// Экономика региона – №4, 2008, с. 136-148

*Бекбусинова Г.К. к.э.н., ст.препод.
С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті
Андақұлова А.Ә. магистрант
С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті,*

ЭКОНОМИКАДАҒЫ КЛАСТЕРДІ ДАМУДЫҢ КЕЙБІР ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Аннотация

Осы мақалада экономикаға елеулі үлесін қосатын кластер өзіне кәсіпорындардың, университеттер, зерттейтін мекемелермен, тұтынушылармен, технологиялық брокерлермен және кеңес берушілер арасындағы стратегиялық альянсты қоса алатын механизм екеніне теориялық негізден анықталды. Кластерлердің классификациясы келтірілді және кластерлік тәсілдеменің артықшылықтары атап көрсетілді.

Кластерлер өңірлердің бәсекелестігін, инновациялық әлеуетін арттыруда және кіші және орта кәсіпорындардың көбеюіне әкелетін қолайлы орта болып табылатындығына көз жеткіземіз.

Кілт сөздер: *кластер, кластерлік тәсілдеме.*

*Bekbussinova Gulnafiz – Candidate of Economic Sciences
Aktobe university named after S. Baishev
Andakulovaa A.A. masters
Aktobe university named after S. Baishev*

CERTAIN THEORETICAL BASIS OF CLUSTER DEVELOPMENT IN THE ECONOMY

Annotation

In this article, cluster is include enterprises, universities, research centers, consumers, technological brokers and consultants of strategic alliance mechanism which determined unification all of this on theoretical side. By the author it is given classification of clusters and clusteral approach benefits.

Clusters are defined as favorable environment to increase competitiveness of regions, increase in innovative potential and growth of small and medium-sized enterprises.

Keywords: *cluster, clusteral approach*

ОӘЖ 368

*Бекбусинова Г.К. э.ғ.к. аға оқытушы
С.Бәйішев ат. Ақтөбе университеті
Айбасова А.М., магистр, аға оқытушы
С.Бәйішев ат. Ақтөбе университеті
Жексенбиева Ж.Ж. магистрант
С.Бәйішев ат. Ақтөбе университеті*

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҮРЛІ СФЕРАСЫНДА САҚТАНДЫРУ НАРЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аннотация

ҚР сақтандыру нарығының қалыптасуы мен қазіргі жағдайына талдау жасалынды. Отандық сақтандыру нарығын дамытудың негізгі институционалды бағыттары мен даму тенденциялары берілген.

Кілт сөздер: *Сақтандыру. Сақтандыру нарығы. Мемлекетік сақтандыру жүйесі. Сақтандыру резервтері.*

Қазіргі жағдайда сақтандыру – бұл өмірдің әртүрлі салаларында барынша жиі болатын жағдайлардың теріс әсерінен занды тұлғалар мен азаматтардың мүдделерін қорғау әдістерінің бірі.

Сақтандыруда адамдар арасында материалды игіліктерді өндіру, бөлу, айырбастау, тұтыну саласындағы экономикалық қатынастар орнайды. Ол барлық шаруашылық субъектілеріне және қоғам мүшелеріне залалдардан кепілдік береді[1].

Сақтандыру экономиканың маңызды әрі аз зерттелген саласы болып табылады. Қазақстанда өзінің даму кезеңінде болуына қарамастан, ерте

кезде пайда болған. Содан бері жазатайым жағдайлардан сақтандыру жүйесі арқылы қорғап, адамзаттың әртүрлі қажеттіліктерін қанағаттандыра отырып даму жолында.

Қазіргі кезде сақтандыру ісін ұйымдастыру бір жағынан нарықтық экономиканың әрекет етіуінің жалпы экономикалық заңдылықтарына сүйенсе, екінші жағынан оған Қазақстан Республикасының өтіуінің өзіндік ерекшелігімен сипатталады. Өз кезегінде сақтандырудың өзі реттеу объектісі болып табылады.

Нарықтық қатынастарға өту Қазақстан Республикасының сақтандыру жүйесіне бірқатар құрылымдық өзгерістер алып келді. Қазіргі кезде өз жұмыстарын жаңашыл қалыптастыратын сақтандырудың қазіргі жағдайы сақтандыруды одан әрі дамыту мен модернизациялаудың әлемдік тәжірибелерге негізделуін қажет етеді. Бұл ең алдымен құқықтық және ақпараттық базаның жетілмегендігіне, әдістемелік жұмыстардың жүргізілмеуіне байланысты[2].

Қазақстандағы сақтандыру ісі бұрынғы мемлекеттік сақтандыру жүйесі негізінде қалыптасты. Бұған дейін Қазақстан Республикасында тұрғындармен, кәсіпорындармен және ұйымдармен сақтандыру операцияларын жүргізудің монопольдық құқығына мемлекеттік сақтандыру ұйымдары ғана ие болып келді, қазіргі уақытта республиканың сақтандыру нарығында барлық сақтандыру ұйымдары бірдей құқықтың дәрежеге ие болды. Нарықты экономика жағдайында мемлекеттік сақтандыру ұйымдарымен экономикалық және ұйымдық тұрғыдан байланысты емес, дербес сақтандыру ұйымдары құрылып, дами бастады. Сақтандырудың дамуы, өз кезегінде заң қорларының жетілуіне байланысты болады, мемлекеттің ақша- несиелік саясаты мен салықтық- бюджеттік тиімділігіне, сақтандыру қызметін қадағалау сапасы мен сақтандыру ұйымының қызметінің сенімділігіне байланысты болады.

Кез келген салада кәсіпкерлік қызмет өмір мен мүліктің жоғалу тәуекеліне ықпалды, олардың уақыты мен масштабын анықтау мүмкін емес, Кездейсоқтық емес, кәсіпкерлік табысының шығу тегі капиталды салудың тәуекеліне берілген төлемі болып табылады. Экономикалық қатынастардың жүйесі саймандар қатарын өңдеді, олар тәуекелді тиімді басқаруға жол береді, кәсіпкер үшін қауіпсіз орынды таңдай отырып[3].

Сақтандыру қаржы рыногының элементтерінің бірі болып табылып экономикалық категориялар арасынан ерекше орынға ие болады. Сақтандырудың айырмашылықты ерекшелігі болып қаржы қаражаттары мағыналарының шоғырлануы болып табынады. Дүниеде сақтандыру капиталы банктен түсіп ғана қоймай, одан озып кетеді: АҚШ, Финляндия, Швейцария, Жапония және басқа да мемлекеттер қатарында сақтандыру қорлары бұл мемлекеттердің Жалпы ұлттық өнімінен 3-4 мәрте алып түседі. Сақтандыру компаниялары АҚШ

долларымен 4 триллион сомасы көлемінде экономикаға салынған қаражаттан жалпы көлемдерін басқарып отырады. Көріп отырғанымыздай; онда сақтандыру өзінің спецификасымен орындалатын функциясының күшімен қоғамда экономиканың стратегиялық секторы болып табылады. Қазақстан Республикасында сақтандыру резервтері ішкі вальдық өкілінің 0,2% құрайды, жүз сақтандыру қаржыларын инвестициондық процесске әрекеттенуіне жол бермейді.

Сақтандыру әлеуметтік қолсыздандыру мәселелерін сәтті шешуге жол береді, мемлекеттің әлеуметтік жүйесінің қажетті элементі болып табылады. Дамыған елдерде халықты әлеуметтік қорғау жүйесі өзіне мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандуды, нормативтікті, жеке сақтандыруды, мемлекеттік емес зейнеткерлік қамсыздандыруды өзіне қосады. Қазақстанда бұл жүйені нақтырақ және реттеу қажет.

Осыдан басқа сақтандыру аса қажетті қызметті орындайды - бюджеттік шығын бөлігінің жүгін төмендету, өйткені табиғи және техногенді болмыстар кезінде шығындар тығынын қалады.

Экономикалық нақтылы секторында өндіріс көлемінің құлдырауы және 90-шы жылдардың басындағы оның тиімділігінің күрт төмендеуі сақтандыру нарығына күшті ықпал етті.

Өтпелі экономикадағы жүйесіз қалыптасулар өтпелі кезеңдегі институционалды қайта құрулар экономикалық өрлеулерге емес, бір мезеттік пайдаға бағытталуы осындай ортаның қалыптасуына әкеліп соқтырады. Мұнда алып сату операциялары негізгі роль атқарады. Әрине, бұл сақтандыру нарығының қалыптасуына әсер етпей қалмады. Бірақ бұл келеңсіз құбылысты сақтандыру сыйақыларының түсімін төмендеткенде сақтандырудың тәукедді және міндетті түрлерінің үлесі артты, нәтижесінде сыйақы мен төлемдердің негізгі сомасы ірі сақтандыру компанияларында шоғырландырып, шағын және қаржылық тұрақсыз компаниялардың іс-әрекеті кері кетті[4].

Нарықтық қатынастарға көшу жағдайында қаржы несие саласының құрамдас бөлігі ретінде экономикалық тұрақтылыққа қол жеткізу және ары қарай сақтауда маңызды роль атқарады.

Отандық сақтандыру нарығының қалыптасуының бірінші кезеңінде белгілі бір шамада шағын компаниялар болғандықтан нарықтың негізгі үлесі мемлекеттік сақтандырудың үлесінде болды. Капиталдың аса өсімі байқалған жоқ, компанияның операциялары да дамымаған. Бірақ, осыған қарамастан сақтандырушылардың іс-әрекеті үшін біртіндеп экономикалық кеңістік қалыптасты.

ҚР «Сақтандыру нарығын қалыптастыру мен дамыту бойынша Ұйымдастырушы құқықтық шаралар туралы» бағдарламаға сәйкес кіру табалдырығы жоғарылатады, сақтандырушылардың жарғылық қорының ең төменгі деңгейі 2 млн теңгеге көтеріліп талаптары күшейтілді,

сақтандыру іс-әрекеттік лицензиялау енгізіліп, сонымен қатар сақтандырушы ұйымдарға сақтандырудан басқа іс-әрекетпен айналысуға тыйым салынады. Нәтижесінде сақтандырушы компаниялардың саны 1 жылда 10 еседен артық төмендеді. Сақтандыру компанияларының өсу қарқыны бірден төмендеп, олардың саны тұрақтана бастады.

Бүгінгі таңда Қазақстанның сақтандыру саласында 37 сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы, оның ішіне 4 шетелдік сақтандыру (қайта сақтандыру) өкілдіктерінің қатысуымен, 3 өмірді сақтандыру, 29 сақтандыру ұйымының көлік құралдары иелерінің азаматтық -құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыруға лицензиясы бар, 12 сақтандыру брокері, 30 актуарий, 36 аудиторлық мекеме және сақтандыру қызметіне аудит жүргізуге лицензиясы бар 70 аудитор қызмет етеді.

Сақтандыру компанияларының санының қысқаруы сақтандыру компанияларының капиталдандыру деңгейіне, олардың қаржылық тұрақтылығы мен төлем қабілеттілігіне заң талаптарының күшімен түсіндіріледі. Сонымен қатар отандық сақтандыру компаниясында теңсіздік мәселесі де орын алғаннарықтың 60% жуығы 5 ірі сақтандыру компанияларының үлесінде. Бірақ сақтандыру секторының шоғырландыру дәрежесінің төмендіуінің оңды құбылыс екенін атап өткен жөн. Сонымен, егер Өткен жылдары 5 ең ірі компанияның үлесіне сыйақының 79% тиесілі болса Соңғы жылдары бұл көрсеткіш 58,2% төмендеді.

Қазақстанның сақтандыру секторындағы тенденцияларға тоқталар болсақ, 1992 жылдың шілде айынан Қазақстан Республикасының «Сақтандыру туралы» заңы әрекет ете бастады. Бұл либералды заң мұнда ұйымның құрылуы және сақтандыру нарығына кіру процессі қарастырылған. Занда сақтандыру іс-әрекетін лицензиялау қарастырылмаған.

Сақтандырушының жарғылық қоры 100 мың сом көлемінде бекітілді. Еркін жеке басты сақтандыру үлесі сақтандыру портфелінің 10% құрайды. Дамыған шетелдерде бұл көрсеткіш 90% ке жуықтайды. Істің қалыптасқан жағдайына сақтанушы - жеке тұлғалардың және олардың жеке басты сақтандырудағы жұмыс берушілерінің салық салуға деген көз-қарасы да әсерін тигізеді өмірді сақтандыру сыйлықтарының үлесі жалпы жиналған сақтандыру сыйлықтарының 1,1% құрайды. Салыстыру үшін шетелдерді қарастыратын болсақ 2002 жылғы мәлімет бойынша бұл көрсеткіш Жапонияда- 72%, АҚШ-та 48%. Германияда 40%.

Қазақстанда өмірді сақтандыру бойынша нарық сыйымдылығы тұрғындардың көпшілігінің табысы төмен болғандықтан төмен. Сонымен қатар тұрғындар мемлекеттік әлеуметтік жәрдем ақынар алуға ниеттенген және сақтандыруға деген қызығушылығы тиісті деңгейде емес.

Қазақстанның сақтандыру нарығының дамуы жаңа сақтандыру өнімдерін жасау, ұсыну және олардың жоғарғы сұранысқа ие болуы жыл өткен сайын сақтандырудың қанат жайып келе жатқандығын және

сақтандыру компанияларына деген халық сенімінің артқандығын білдіреді.

Нарықтық экономика жағдайында сақтандыру бір жағынан бизнесті және адамдарды қолайсыз жағдайдан қорғау құралы болып, екінші жағынан табыс әкелетін іс-әрекет түрі болып табылады. Сақтандыру ұйымдары өзінің тікелей міндеттерін атқара отырып, ел экономикасының инвестиция көзіне айналады. 2014 жылдың 1 қаңтарына сақтандыру ұйымдарының жиынтық активтерінің көлемі өткен жылмен салыстырғанда 66,3% - ға өсіп 73,3 млрд. теңгеге жетті. Қазақстанның сақтандыру нарығы жаңа компаниялардың пайда болуымен осындай көрсеткіштерге қол жеткізді. 2013 жылы сақтандыру ұйымдары активтерінің бөлінуін келесі суреттен көруге болады.

2013 жылы жиынтық активтер сомасының көбеюі есебінен активтер құрылымында біршама өзгерістер болды. Активтер құрылымында жедел салымдар үлесі 15,7%-дан 10%-ға суреттен көруге болады.

2013 жылы жиынтық активтер сомасының көбеюі есебінен активтер құрылымында біршама өзгерістер болды. Активтер құрылымында жедел салымдар үлесі 15,7%-дан 10%-ға төмендеген. Ал бағалы қағаздарда инвестицияланған активтер сомасы 44,6% -дан 57,5%-ға көтерілген. Бұл көрсеткіштің өсуі сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының пруденционалды нормативтерді орындауларымен байланысты. Басқа да заңды тұлғалардың капиталдарына 2%-ды, ақшалай қаражаттар 6%-ды, сақтанушылар мен делдардардан алынатын сыйақы сомалары - 13%-ды, басқа да активтер 12% құрап отыр (сурет-1).



Сурет-1. Сақтандыру ұйымдары активтерінің бөлінуі

Сақтандыру резервтері - сақтандыру шарты бойынша сақтандырушының өз міндеттемелерін орындалуын қамтасыз етуге ғана арналады. Сақтандырушы өзінің қабылдаған сақтандыру міндеттемелерін өтеу үшін сақтанушылардың төлеген сақтандыру жарнасынан сақтандыру

салалары бойынша сақтандыру резервтерін құрайды. Мұнай және газ өндіру саласындағы сақтандыру тәуекелділіктерін жүзеге асыру жөніндегі міндеттемелердің орындалуы едеуір мөлшердегі шетелдік валютаның жұмсалыуына, жоғалуына байланысты екенін ескерсек, шетелдік нарықта тәуекелділікті сақтақдырудың қажетті және лажсыздықтан қолданылып отырған шаралар екенін аңғару қиын емес. Бұлар экспортқа шығарылатын өнімдердің ысырапқа ұшырауына, шетелдік жабдықтарды алмастыру және т.б. жағдайлардың себеп – салдарына байланысты туындайды.

Ұлттық сақтандыру индустриясының дамуы жалпы мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қажетті алғышарттарды құруға жағдай жасайды.

Қорыта айтар болсақ, отандық сақтандыру ісі өзінің даму жолында түрлі кедергілерді артқа тастап, бәсекелестік ортаны қалыптастыру жолында дамыды. Қазіргі таңда республикада адал бәсеке нарығы қалыптасты деп айтуға болады. Бұрындары тек шетелдерде қолданып келген сақтандырудың жаңа түрлері енгізіліп, жауапкершілік артуда.

Дегенмен олқылықтар да аз емес. Сақтандыру қызметін тұтынушылар нарығының жағдайына тоқталатын болсақ, Қазақстанның көпшілік тұрғындары бүтінде сақтантарудың маңыздылығын жете түсіне алмауда. Олар сақтандыруды өз өмірінің қажетті элементіне баламайды, себебі, мемлекеттік сақтандыру жүйесі республика тұрғындары алдында өз міндеттемелері кезінде толық орынадай алған жоқ. Сондықтан да сақтанушыларды сақтандырудың қажет екендігіне көздерін жеткізу үшін нақты шараларды қолдану қажет. Қазақстанның сақтандыру ісінің маңызды мәселелерінің бірі сақтандыру инфрақұрылымының жетілмегендігі, кәсіби кадрлар даярлау жүйесінің жоқтығы. Бұл мәселелерді сақтандыру төлемдерінің кепілдік қорының, экспорттық несие мен инвестицияны сақтандыруды жүргізетін мемлекеттік сақтандыру Корпорациясының, Қазақстанның Ақуарлық Орталығының қызметін жетілдіру, сақтандыру нарығында өзін-өзі реттеуші ұйымдарды дамыту, жоғарғы және арнаулы орта оқу орындарында сақтандыру ісінің мамандарын дайындау орталықтарын ашу арқылы шешуге болады деп ойлаймыз.

Ұлттық сақтандыру ісін ұйымдастыруды ғылыми негіздеу және тәжірибеде іске асыру мақсатында сақтандырудың саналық жіктелімін жетілдіру қажет[5].

Инвестициялық қызметті жүзеге асыру және қосымша табыс табу республикадағы сақтандыру бизнесінің сапалық деңгейін көтерудің негізгі факторы болып табылады. Бірақ зерттеу нәтижесі сақтандыру ұйымдарының инвестициялық қызметінің басқа да салыстырғанда едеуір артта қалғандығын корсетеді. Мұны сақтандырушылардың инвестициялық ресурстарының төмендігімен және инвестициялау бағыттарының шектеулілігімен түсіндіруге болады.

Қазіргі заман талабына сәйкес сақтандыру индустриясын құру мемлекетке, мемлекеттік бюджеттің табиғи техногендік сипаттағы көлденең шығыстарды етеу бөлігіндегі салмақты азайтуға, нарықтың экономика қағидаттарында сақтандыру арқылы халықтың, жеке ұйымдардың жинақ ақшасын ұзақ мерзімді негізде ұлттық экономикаға тартуға мүмкіндік береді.

Экономиканың инновациялық дамуына әсер ететін отандық сақтандыру нарығын дамытудың негізгі институционалды бағыттары:

- сақтандыру қорларын инвестициялау талаптарын жетілдіру, сақтандыру қызметін пайдаланушылар үшін кепілдік және компенсациялық қорлар құру, қаржы делдалдарының жауапкершіліктерін сақтандыруды дамыту жолымен көлемді және ұзақ мерзімді инвестициялық ресурстар қалыптастыру;

- төтенше апаттар жағдайында өзіндік қызығушылықтарын сақтандыруға деген заңды және жеке тұлғалардың ықынасын марапаттау арқылы адам капиталын дамытуға жәрдем беру;

- жапа (залал, зиян) шеккен тұлғалардың реабилитациялануы мен денсаулығын қалпына келтіруге жұмсалған шығындарды бағалаудың бірыңғай стандарттарын жасау;

- сақтандыру компаниялары мен мемлекеттік емес жинақтаушы зейнетақы қорлары арқыны жинақтаушы сақтандыруға деген ынта құру;

- сақтандыру компанияларының қаржылық жағдайын нығайту арқылы қаржы нарығындағы тәуекелдерді басқаруды жетілдіру.

Сөйтіп, Қазақстанның сақтандыру нарығының өнімін дамыту мақсатында ұсынылған шаралардан мынадай қорытынды шығады:

1) сақтандыру нарығы өнімінің институционалдық элементтері үкіметаралық деңгейде келісілуі тиіс.

2) Қазақстанның сақтандыру нарығы өнімінің біздің аймақтағы көршілеріміздің сақтандыру нарығы өнімінен ең болмағанда баға, сапа қатынасында кем түспеуі тиіс.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Джемпеисова, Г. И.. Сақтандыру: оқу құралы / Г. И. Джемпеисова, О. Н. Чикунов, С. Н. Сүйеубаева; Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университеті. - Алматы : Экономика, 2010. - 256 с.
2. Шахов. В.В. Страхование : учеб. для вузов / В. В. Шахов. - М. : Страховой полис : ЮНИТИ, 1997. - 311 с.
3. Аленичев. В.В. Страхование валютных рисков, банковских и экспортных коммерческих кредитов / В. В. Аленичев, Т. Д. Аленичева. - М.: Ист-Сервис, 1994. - 112 с.

4. Бланд.Д. Страхование: принципы и практика: учебник: пер. с англ. / Д.Бланд; Фин.акад. при Правительстве РФ. - М.: Финансы и статистика, 2000. - 416 с.
5. Жуйриков.К.К. Страхование в Казахстане - пути дальнейшего развития / К.К Жуйриков. - Алматы: Жибек жолы, 1994. - 278 с.

*Бекбусинова Г.К. к.э.н., ст.препод.
Актюбинский университет им.С.Баишева
Айбасова А.М., магистр, ст. препод.
Актюбинский университет им.С.Баишева
Жексенбиева Ж.Ж. магистрант
Актюбинский университет им.С.Баишева*

ФОРМИРОВАНИЕ РАЗЛИЧНЫХ СФЕР СТРАХОВАНИЯ РЫНКА В КАЗАХСТАНЕ

Аннотация

В статье рассматривается становление современного страхового рынка РК. Страхование является молодой и малоисследованной сферой экономики. Автор предлагает основные институциональные направления и тенденции развития отечественного страхового рынка (страхования).

Ключевые слова: *страхование, страховой рынок, государственная страховая система, страховые резервы .*

*Bekbusinova G.K. Candidate of Economic Sciences,
Associate Professor of "Economics and Tourism"
Aktobe University named after S Baishev
Aibasova F.M. master, senior teacher.
Aktobe University named after S Baishev
Zheksenbieva Zh.Zh. Master student
Aktobe University named after S Baishev*

CREATING VARIOUS SPHERES OF INSURANCE MARKET IN KAZAKHSTAN

Annotation

The article deals with the development of modern insurance market of Kazakhstan. Insurance is a young and little-studied area of the economy. The

author proposes the basic institutional direction and development trends of the domestic insurance market (insurance).

Keywords: *insurance, insurance market, the state insurance system, insurance reserves.*

ОӘЖ 658

*Бекбусинова Г.К. э.ғ.к., аға оқытушы
С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті
Жабасова Н. Ж. магистрант
С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті*

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІҢ МЕХАНИЗМІН ЖЕТІЛДІРУ НЕГІЗІНДЕ КӘСІПОРЫННЫҢ ТАБЫСТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Түйіндеме

Мақалада инновациялық қызметті жетілдіру нәтижесінде кәсіпорынның табыстылығын көтеру жолдары қарастырылады.

Кілт сөздер: инновациялық кәсіпкерлік қызмет, индустриальды-инновациялық дамуы, инновациялық қызмет.

АҚШ-тағы Гарвард зерттеу орталығы инновациялық қызметке келесі ұғым береді – «экономикалық игіліктердің таралуы үшін немесе өзінің өнімінен табыс алу үшін тырысатын бөлікті құру, қолдау үшін арналған, мақсаты немесе табыс өлшемі – ақшалай немесе басқа пайда, осы немесе басқа кезеңдегі осы бөлшектің ішкі күйімен және экономикалық, саясаттық, әлеуметтік жағдайлармен өзара байланысты жеке адамның немесе жеке адамдар тобының қарым-қатынас қызметі».

Ресей Федерациясының мемлекеттік инновациялық саясаты және инновациялық қызметі туралы федералды заң оны былай түсіндіреді: Инновациялық қызмет — өндірісте ассортиментті кеңіту, жаңарту және шығарылатын өнімнің сапасын жақсарту, оларды шығару технологиясын жетілдіру үшін ғылыми – техникалық қызметтің нәтижесін пайдалану процесі [1].

Инновациялық қызмет туралы Қазақстан Республикасының заңы инновациялық қызметті өндірістің түрлі саласына жаңа ойларды, ғылыми білімдерді, технологияны және өнімнің түрлерін еңгізуге бағытталған, нәтижесі экономикалық өсуде және бәсекелік қабілетінде пайдаланатын қызмет ретінде анықтайды.

Инновациялық кәсіпкерлік қызмет – ертеде пайдаланбаған саудалы нәтижелі қорларды өндіріске қатыстырумен ұлттық байлықты көбейтетін нарық экономикасымен мемлекеттердің экономикалық дамуының маңызды факторы. Инновациялық қызмет кәсіпкерлік құрылымдардың қызметіндегі өндірістің нәтижелілігін көтеруінің негізгі факторы болып келеді.

Сонымен, инновациялық қызметтің ұғымы менеджмент объекті ретінде 2 негізгі аспект қосады:

Біріншіден, бұл қоғамдық қажеттіліктің деңгейін көтеру нәтижесінде өндірісті үздіксіз жетілдіру қажеттілікке әкелетін, объективті экономикалық заң негізінде ғылым мен техниканың үдемелі даму процесі. Ол жинақтық қоғамның әлеуметтік-экономикалық даму мәселесін шешуіне бағытталған, шаруашылық тәжірибеде жаңа ғылыми білімдерді құру, таратылу және практикалық пайдалану жолымен өндірістік негізін жаңартуын жорамалайды.

Екіншіден, бұл өндірістің инновациялық потенциалын құрайтын элементтер жинағын пайдалану. Мұнда қазіргі өндірістік потенциалын, басқару персоналды кең пайдалану негізінде тәжірибе сипаттамасында жұмыстарды орындайтын жоғары маман ғылыми және өндірістік кадрларды қанау саласындағы процестер және оқиғалар, сондай-ақ ұғымда инновациялық қызмет көлемінде және нәтижесінде әртүрлі категориялардың жұмыскерлермен нақты ынталылығын қамтамасыз етуін ұйымдастыру, әлеуметтік, экономикалық, құқықтық жоспарлардың шараларын қарастырады.

Инновациялық қызмет – бұл ҒТҮ қарқынды дамуын жылдамдатуына және оның әлеуметтік-экономикалық нәтижелілігін көтеруіне бағытталған ғылыми зерттеулермен, өнімнің жаңа түрлерін шығарумен, жабдықтау мен еңбек заттарын, технологиялық процестерін және ғылымның, техниканың жаңа жетістіктерінің негізінде өндірісті ұйымдастыру түрлерін жетілдірумен, ҒТҮ жоспарлау, қаржыландыру, экономикалық тетіктер мен ынталарын жетілдірумен, шаралар жинағын қадағалау жүйесін өңдеумен айналысатын әртүрлі тәсілдер, факторлар және басқару бөлімдердің әрекеті мен бір-бірімен әрекетінің күрделі жүйесі [1,2].

Нарық экономикасы енді құрылып жатқан жағдайда инновациялық қызметтің экономикалық механизмін жетілдіру үшін, ең алдымен инновациялық менеджментті дамыту керек. Ол негізгі шарт болып келеді. Кәсіпорынның табыстылығының жағдайы да осы кәсіпорында жүргізілетін инновациялық қызметтерге байланысты.

Компания даму жолындағы негізгі мақсаты қызметінің жалпы табыстылық деңгейі мен тиімділігін арттыру.

Жалпы кәсіпорын табыстылығын арттыру үшін келесідей іс-шараларды жүзеге асыру қажет.

1. Ең бастысы компанияның клиенттерге бағытталуы керек. Компания келісім-шартпен жұмыс істейтін әрбір дүкен, әрбір сауда кәсіпорындарының басқа компаниялармен жұмыс істейтін әмбебап және кішігірім дүкендеріне қарағанда нарықтық артықшылықтарға ие болуы қажет. Осы тұрғыда кәсіпорын жүргізетін саясат клиенттермен дұрыс қарым-қатынаста ұстау болып табылады.

2. Бағасы тиімді, ал сапасы ұзақ мерзімге жарамды әрі кең ассортиментті өнім өндіру арқылы. Бұл саясат арқылы кәсіпорынға деген тұтынушы қызығушылығын арттыруға, сондай-ақ сату көлемі мен олардың географиясын кеңейту арқылы пайданы көбейту.

3. Шығарылған өнім сапасын тұрақты түрде және қатал тексеріп отыру қажет. Шикізат сапасынан бастап, дайын өнім сапасына дейінгі кезеңдегі сапаны тұрақты бақылап отыру.

4. Шығындарды төмендету арқылы өндіріс тиімділігін арттыру. Шығындарды төмендету жұмыстар тұрақты сипатта болып, өндіріс процесінің барлық бөлімшелерін қамтуы қажет және де мұнда үнемділікті де ұмытпауымыз қажет.

5. Жоғары класты инфрақұрылым. Тиімді құрылымнан тасымалдау автокөліктері, жіктеу технологиясының бір сарындалығы мен ақпарат құрылымдарының қазіргі заманға сай компьютерленуі. Дұрыс, әрі тиімді құрылған инфрақұрылымсыз болашақта тұрақты жұмыс істеу мүмкін емес.

6. Нарық жағдайының өзгермелілеріне тұрақты бейімделу.

7. Кез-келген шешімдердің кешенді тәсілмен шешілуі.

Жоғарыда көрсетілген тезистер арқылы компания табыстылығын арттыруға мүмкіндік бар.

Кәсіпорын үшін аса өзекті мәселе тауардың бағасын төмендету оның сыртқы тартымдылығын (дизайн) жоғарылату, кәсіпорынның күшті және әлсіз жақтарын анықтапалып, фирманың күшті жақтарына сүйене отырып, маркетингтік стратегия дайындау [3].

Сегменттеу стратегиясы – нарық сұранысының максималді тереңдігін таңдау. Диверсификация стратегиясы жаңа тауарлар өндірісін игеру. Әрбір өндіруші кәсіпорынның алдына қойған мақсаты өнімнің, атқарған қызметтің жемісін көру, яғни бір көзделген нәтижеге жету. Тауар саясатында тауар ассортименті, ТӨЦ-нің саясаты сияқты тауардың сапасы да үлкен рөл атқарады. Өнім сапасын арттыру мақсатында да Жапондық маркетинг әдісін қолдану тиімді. Сол әдістердің бірі «Кайзен» әдісі басқару процесін үздіксіз жетілдіру болып саналады. «Кайзен» концепциясы арқылы тұтынушыларға бағытталу сапаны тоталды бақылау, ақаудың болмауы, «дәл уақытында» элементтері арқылы тауар саясатындағы барлық мәселелерді шешуге болады.

Жоғары бәсеке жағдайында тауар белгісі мен қораптама да үлкен рөл атқарады. Бұл тұтынушы өз талғамын көбінесе өнімнің сыртқы түріне

қарай бұратынымен түсіндіріледі. Қазіргі кезде тұтынушы талғамынан түрлерінің барлық түрін қораптамада алғысы келеді.

Тауар ассортиментін кеңейтудің перспективасы мол. Болашақта диабетикалық, емдік-диеталық нандарды шығару да тауар ассортиментін кеңейтуге өз үлесін қосады.

Кәсіпорынның маркетинг қызметіндегі тауар саясатында қарастырылмай қалған тағы бір проблема ол жаңа тауарлар шығаруды жоспарлау. Нан өнімдері бойынша тұтынушылар талғамы, нарық талабына сай емдік-диеталық қасиеттегі нандарды шығаруды жоспарлау қажет. Мысалы, 2003 жылдың қараша айынан бастап өндірілетін «Баварский» наны емдік-диеталық сипатта болғандықтан және де тиімді жарнама жұмыстар нәтижесінде өз тұтынушыларын тез тапты. Қазір бұл нан Алматы қаласында ең танымал әрі жоғары табысты отбасылардың басты сұраныстағы нан болып есептеледі.

Компанияның стратегиялық маркетингтің жоспарлау екі бағытта жүреді:

1. Тауардың бәсеке қабілеттілік артықшылықтарын жақсарту стратегиясын жүргізу;

2. Серіктестіктермен өткізу құрылымы мен өткізу қатынастарын жақсартуды жетілдіру бойынша бағдарламалар жүргізу.

Компания табыстылығын арттыру мақсатында келесідей бағдарламалар ұсынылады:

Тауарлар. Сату мен пайдалылық потенциалын өткізу мақсатында комбинаттың ең жоғарғы пайда беретін тауарларды қарастыру:

- нан және тоқаш өнімдерінің локалді жергілікті нарықтың үлесін бекіту және қамту;
- компания өнімдері арқылы тауар маркасын жылжыту;
- компания, яғни – сапалы ұғымын тұтынушы санасында қалыптастыру.

Қазіргі таңда кәсіпорындағы өнім сапасын басқарудың халықаралық тәжірибеде көрсетілген 9000-сериалы ИСО халықаралық стандарты кең таралуда. Бұл стандартта көрсетілген құжаттарға сай өнім сапасы саласындағы саясат, яғни, өнім сапасын қамтамасыз ететін, жақсартатын және оны басқаратын тікелей сапа жүйесі көрсетіледі.[3]

Сапа саласындағы саясат кәсіпорын қызметінің қағидасы түрінде немесе ұзақ мерзімді қағида ретінде қалыптасуы мүмкін. Оларға жататындар:

- кәсіпорынның экономикалық жағдайын жақсарту;
- өткізу нарығын кеңейту және жаңа нарықты жаулап алу;
- алдыңғы сатылы кәсіпорындар мен фирманың деңгейін көтеретін өнімнің технологиялық жетістігіне жету;
- белгілі бір салалар мен аймақтардағы тұтынушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағыттау;

- жаңа қағидалар бойынша өткізілетін функционалдық мүмкіндіктер мен өнімнің бейімделуі;
- өнім сапасының маңызды көрсеткіштерін жасарту;
- өндірілген өнімнің ақаулық деңгейін төмендету ;
- өнімді сақтау мерзімінің кепілдігін ұзарту;
- қызмет көрсетуді дамыту.

Тұтынушылардың өнімге қоятын басты талаптарының бірі – сапаның тұрақтылығы.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Аграков С.А., Кузнецова Е.С., Грязнова М.О., «Инновационный менеджмент и государственная инновационная политика.» , 2011
2. Шеремет А.Д., «Теория экономического анализа», Москва – 2003
3. Мейірбеков А.Қ., «Кәсіпорын экономикасы», Алматы – 2003

*Бекбусинова Г.К. к.э.н., ст.препод.
Актюбинский университет им.С.Баишева
Жабасова Н. Ж. магистрант.
Актюбинский университет им.С.Баишева*

Аннотация

В статье рассматриваются пути повышения доходности предприятия в результате совершенствования инновационной деятельности.

Ключевые слова: *инновационная предпринимательская деятельность, индустриально- инновационное развитие, инновационная деятельность.*

*Bekbusinova G.K. Candidate of Economic Sciences,
Associate Professor of "Economics and Tourism"
Aktobe University named after S Baishev
Zhabasova N.Zh. Master of specialty «Экономика
Aktobe University named after S Baishev*

Annotation

In this article consider the waya of increase the yield in interprice as a result of improvement of innovation.

Keywords: *innovation entrepreneurial activities, industrial-innovation development, innovation activities.*

ОӘЖ 338.3

*Бекбусинова Г.К. э.э.к. аға оқытушы
С.Бәйішев ат. Ақтөбе университеті
Нурманова Ж.А. магистрант
С.Бәйішев ат. Ақтөбе университеті*

ӨНДІРІС ШЫҒЫНДАРЫН БАСҚАРУ СТРАТЕГИЯСЫН ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Түйіндеме

Авторлар нарықтық экономика жағдайында пайданы максимизациялау мақсатында өндіріс шығындарын кәсіпорын мысалында талдады. Шығындарды басқару стратегияларын жетілдіру шараларын ұсынды.

Кілт сөздер: Шығын. Шығындарды басқару стратегиясы. Шығын түрлері. Өзіндік құн. Шығындарды басқару объектісі.

Нарықтық экономикада шаруашылық қызмет жүргізуші кез-келген кәсіпорын өз қызметін жүргізу барысыныда үлкен пайда алу мүмкіндігін көздейді. Осыған орай, әрбір кәсіпорын алдында өндірістің өнім көлемін ұлғайту факторларымен қатар, өндіріс шығындарын үнемдеу проблемасы туындайды.

Қазіргі таңда шығындарды басқару өз функциялары арқылы кәсіпорынның ішкі қызметін, оның стратегиясы мен тактикасын басқарудың негізгі ақпараттық фундаменті ретінде көрініс табуда. Осы жүйенің негізгі бағыты – бұл жедел және болжалды басқарушылық шешім қабылдау үшін ақпараттарды дайындау. Егер қазіргі таңдағы авторлардың шығындарды басқарудың мәні, мақсаты, міндеттері туралы пікірлерін жалпылап алатын болсақ, онда оларды төмендегідей көрсетуге болады.

Шығындарды басқару стратегиясы - бұл кәсіпорынның ресурстарын тиімді қолдану, өндіріс процесінің барлық кезеңдерінде ресурстарды үнемдеу және олардан болатын пайданы максимизациялау бойынша жүргізілетін шаралар жиынтығы. Ол тек қана шығындарды азайтуды

көздемейді, себебі басқарудың барлық элементтеріне тарайды. Шығындарды басқару стратегиясы арқылы кәсіпорын жоғары экономикалық нәтижелерге қол жеткізеді.[1]

Шығындарды басқару құралы болып кәсіпорын шығындарының барлық көптүрлілігі табылады. Шығындарды басқару объектісі болып ұйымның өзіндік шығындары, олардың құрылу және азаю процесі табылады. Ал шығындарды басқару субъектісі болып өндіріс бөлімшелері, басшылар және ұйым мамандары, яғни басқару жүйесі табылады.

Қазіргі таңдағы шарттарға байланысты шығындарды басқару жүйесін құрудың негізгі мақсаты — ең тиімді тәсілмен баға анықтауында, сатып алушы сол бағаны белгілі бір тауар түрі мен қызмет үшін төлеуге келісуі қажет. Пайданы максималдау арқылы қаржылық нәтижеге қол жеткізу. Сонымен қатар, пайда табудың негізгі факторлық желісі түпкілікті зерттеледі: шығындар - өндіріс көлемі - пайда.

Шығындарды басқару стратегиясының маңызды міндеттері:

- кәсіпорын қызметінің тиімділігін арттыру;
- шығындарды басқарудың негізгі функциялары арқылы анықтау;
- шығындарды жекелеген құрылымдық бөлімшелері бойынша есептеу;
- өнімнің (жұмыс, қызмет) бір бірлігіне деген шығынды есептеу — өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау;
- шаруашылық шешімдер қабылдау барысында шығындарды бағалауға көмектесетін ақпараттық базаны дайындау;
- бақылаудың және шығындардың өзгеруінің техникалық тәсілдері мен құралын анықтау;
- кәсіпорынның барлық өндірістік бөлімшелерінде және өндіріс процесінің барлық кезеңдерінде шығындарды төмендету қорларын іздеу;
- шығындарды нормалау әдісін таңдау;
- өндіріс процесін, ассортименттік және баға саясатының қалыптастыруды, инвестициялау нұсқасын таңдауды, өнім өтімі мен өндіріс көлемін болжауды жетілдіру бойынша басқарушылық шешімдерін қабылдау мақсатында шығындарды талдауды жүргізу[2].

Шығындарды басқару стратегиясының жоғарыда аталған міндеттерінің барлығы кешенді шешілуі қажет, тек осындай қадам кәсіпорын жұмысының жылдам тиімді өсуіне ықпалын тигізеді және пайда әкеледі.

Шығындарды басқару стратегиясының функциялары:

- өндіріс шығындарын болжау, жоспарлау, нормалау және есептеу, өзіндік құнды калькуляциялау, инвестициялық қызмет пен капитал салымдарына деген шектелген (ұзақ мерзімді) шығындарды жоспарлау және есептеу;

- шығындарды әр түрлі бағыттары, сегменттері, өнімдері мен бөлімшелері бойынша, көрсеткіш динамикасы, шығындар сметасы мен нормадан ауытқуы бойынша бақылау және талдау;
- белгілі бір шаруашылық қызметті басқаруда қолдану үшін, қызметті бақылау мен персоналды ынталандыру үшін ішкі сандық және сапалық ақпаратты қалыптастыру;
- кәсіпорынның өндіріс процесінің барлық кезеңдері мен барлық өндірістік бөлімшелерінде шығындарды азайту резервтерін анықтау.

Шығындарды талдау — бақылау функциясының маңызды элементі бола отырып, негізді жоспарлануы үшін ақпараттарды дайындайды. Шығындарды басқару жүйесінде талдау функционалды циклды аяқтайды және онымен бір мезгілде оның басы болып табылады. Шығындар жалпы кәсіпорын бойынша және де, сонымен қатар, өндірістік бөлімшелер, шығындардың экономикалық элементі мен калькуляция баптары, қызмет түрлері, өнім (жұмыс, қызмет) бірліктері, өндіріс процесі кезеңдері мен есептеудің басқа да объектілері бойынша талдауға түседі.[3]

Кәсіпорынның негізгі қызмет түрі бойынша шығындарды талдау өзіне негізгі жұмыстарды орындауды қосады:

1) өндіріске деген шығындардың жалпы сомасы мен экономикалық элементтері бойынша өнімнің өтімін талдау. Талдау өндіріске деген шығындарды зерттеу және экономикалық элементтер шегінде негізгі қызмет түрі бойынша өнімді (жұмыс, қызмет) ұсынуды болжайды.

Талдау есепті кезеңнің экономикалық элементтері бойынша нақты шығындардың үлес салмағын өткен кезеңнің аналогиялық көрсеткіштерімен, сонымен қатар жоспарлы мәліметтерімен салыстыру арқылы жүргізіледі. Бұндай тәсіл шығындар құрылымындағы өзгерістерді анықтауға және өнімнің материал сыйымдылығының, қор сыйымдылығының, еңбекақы сыйымдылығының және еңбек сыйымдылығының өзгерісін анықтауға көмектеседі.

Жекелеп қарастыратын өнім (жұмыс, қызмет) өтімі мен өндіріске кеткен шығынның жалпы сомасындағы материалдық шығын үлесінің өзгеруін

талдау кезінде жекелеген ұйымдардың қызметтеріне кеткен төлемдердің шығындарын ұлғайтуды және олардың өсу себептерін анықтауды талап етеді.

Еңбекті өтеуге кеткен шығындар үлесін салыстырмалы ұлғайту кезінде материалдық шығындардың үлес салмағын азайту өнім құрамындағы құрылымдық жылжумен байланысты.

Шығынның жалпы сомасындағы амортизация үлесінің өзгерісі өндірістің қор сыйымдылығының динамикасы мен жұмыскерлердің еңбек қорымен қамтамасыз етілгенін, сонымен қатар амортизацияны есептеудің жаңа тәсіліне ауысуын көрсетеді. Амортизацияға деген шығын үлесін

азайту негізгі қорлар мен олардың тасымалдануының массалық тозуын куәландырады, ал осы шығындар үлесінің артуы өндіріске жаңа техниканы енгізумен және жеделдетілген амортизациямен байланысты болуы мүмкін.

Экономикалық элементтері бойынша кәсіпорынның жалпы шығындарын талдау шығындар сомасының элементтері мен олардың құрылымы бойынша өзгеруінің нақты себептерін ашу керек.[4]

Аталмыш мақсатқа жету үшін кәсіпорынның өндірістік шығындарының сипатын анықтап, оған талдау жасаймыз.

Жалпы алғанда, әрбір өндіріс өзінің қызмет етуі барысында тиісті шығын жұмсайды және ұтымды баға қалыптастыру арқылы табыс табады. Шығындылықтың төмен болуы, оның тиімді жұмсалуды баға саясатына ықпал етеді.

Кәсіпорынның барлық шығындарын үш топқа бөліп қарастыруға болады:

1. Өнім өндіруге және өткізуге жұмсалған шығындар;
2. Өндірісті кеңейтуге және жаңартуға жұмсалған шығындар;
3. Әлеуметтік-мәдени, тұрмыстық және басқа да өндірістен тыс мақсаттарға жұмсалған шығындар.[5]

Кәсіпорынның шығындарын талдауды «Адал» АҚ мысалында жүргізетін боламыз. (1–кесте)

1–кесте. Өнім өндірісіне кететін тікелей материалдық шығындардың соммасына әсер ететін факторлардың есебі

№	Материалдар	Жылдар		Ауытқулар
		2014	2015	+/-
Сүттің барлық түрі бойынша				
1	Шикізат	29 787 620,0	30 790 730,0	1 003 110,0
2	Қораптама	9 845 298,0	9 996 385,0	151 087,0
3	Электр энергиясы	793 853,0	795 945,0	2 092,0
4	Жалпыөнімөндірісі	2 116 419,5	2 117 524,6	1 105,1
Айранның барлық түрі бойынша				
1	Шикізат	23 151 600,0	23 390 450,0	238 850,0
2	Қораптама	13 786 521,0	13 975 550,0	189 029,0
3	Электр энергиясы	848 255,0	850 360,0	2 105,0
4	Жалпыөнімөндірісі	2 139 337,0	2 450 202,0	310 865,0
Қаймақтың барлық түрі бойынша				
1	Шикізат	45 003 767,0	45 116 658,0	112 891,0
2	Қораптама	15 295 873,0	15 456 958,0	161 085,0
3	Электр энергиясы	1 617 718,0	1 620 612,0	2 894,0
4	Жалпыөнімөндірісі	1 877 425,7	1 881 562,5	4 1368,8
Сүзбенің барлық түрі бойынша				
1	Шикізат	1 348 275,0	1 365 985,0	17 710,0
2	Қораптама	1 013 416,0	1 152 579,0	139 163,0

3	Электр энергиясы	61 539,0	65 212,0	3 673,0
4	Жалпыөнімөндірісі	178 333,9	179 523,0	1189,1
Ескерту- «Адал» АҚ кәсіпорнының көрсеткіштері негізінде автормен құрастырылған.				

Кестеден көріп тұрғанымыздай, «Адал» АҚ өнім өндірісіне тікелей әсер ететін факторлардың ең біріншісі - шикізат. Бұл көрсеткіш сүт тағамдарының өндірісінде 50 %-дан жоғары орынды алып отыр, ал қалған электр энергиясы мен қораптаманың беделі онша жоғары емес.

2-кесте. 2014-2015 жылдарға арналған «Адал» АҚ-ның негізгі қорының жағдайын сипаттайтын көрсеткіштер

№	Көрсеткіштер	2014 жыл		2015 жыл		Ауытқулар	
		Жыл басы	Жыл аяғы	Жыл басы	Жыл аяғы	+/-	%
1	Бастапқы құны	263254	302875	302875	353103	50228	16,6
2	Жиналған тозу	31567	66927	66927	107453	40526	60,5
3	Қалдық құны	231687	235948	235948	245650	9702	4,1
4	Орташажылдыққұны	233817,5		240799,0		6981,5	3,0
Ескерту- «Адал» АҚ кәсіпорнының көрсеткіштері негізінде автормен құрастырылған.							

Кестеден көріп отырғанымыздай, негізгі құралдардың орташа жылдық құны әлдеқайда жоғарылаған. 2014 жылмен салыстырғанда, 2015 жылы орташа жылдық құны 6 981,5 мың тг. құрап, 3 %-ға артты. Оны анықтау үшін қалдық құнының жыл басындағысын жыл аяғындағысына қосып, 2-ге бөлеміз. [6]

Жоғарыда келтірілген кестелердегі көрсеткіштер жанама шығындарға өз әсерін тигізеді.

Келесіде шығындардың әр бабы бойынша қорларды үнемдеу немесе шығындарды артық төлеуге қатысты себептерді анықтау керек.

Амортизацияның жалпы соммасы машиналар мен құрал-жабдықтың санына, оның құрылымына, құнына және амортизация нормасына байланысты. Құрал-жабдықтардың құны аса қымбат машиналарды сатып алуға және де инфляцияның арқасында жоғары бағалауға байланысты өзгеруі мүмкін. Амортизация нормасы қор құрамында құрылымдық жылжуға байланысты өзгеруі мүмкін:

$$\Delta \text{НА} = (\text{УР}_1 - \text{УР}_0) \times \text{Ц}_0, \quad \Delta \text{УМЗ} = (\text{Ц}_1 - \text{Ц}_0) \times \text{УР}_1.$$

Өнімнің бір данасына шаққандағы үнемді амортизациясы өнім өндірісінің көлеміне де байланысты. Берілген өндірістік қуатта неғұрлым көп өнім өндірілсе, соғұрлым амортизация аз және де өнімнің бір бірлігіне басқа да тұрақты шығындар аз келеді.

Эксплуатациялық шығындардың көлеміне эксплуатацияланған объектілердің саны, олардың жұмыс уақыты немесе бір сағат жұмысқа кететін шығындар жатқызылады.

Толық, ағымдағы және профилактикалық жөндеуге кеткен шығындар жөндеу жұмыстарының көлеміне, ауырлығына, негізгі қорлардың тозу деңгейіне, қосымша бөлшектердің құнына және материалдарды жөндеп, оларды үнемді ұстауға байланысты болады.

Тауарларды завод ішінде тасымалдауға кететін шығындар соммасы транспорттық қор түрі, оларды қолдану кеңдігі, өндірістік бағдарламаны орындау деңгейі, эксплуатациялық және қамтамасыз етудегі жылжымалы құрамдағы қорларды үнемді қолдануға әсерін тигізеді.

МБП тозу соммасына, өнім өндіріс көлеміне және өнімнің бір данасының шығындар деңгейіне байланысты өзгереді және ол, өз алдына, құрал-жабдықтардың, бағалы емес инвентарьдың қаншалықты рационалды және үнемді қолдануына байланысты. Сонымен қатар, оларды сақтау мен түзету үшін, шын мәнінде, орнатылған бақылауға да байланысты.

«Адал» АҚ – ның шаруашылық қызметімен таныса келе, өзіндік құнның нақты төмендеуін негіздейтін үнемдеу шаралын, өндіріс шығындарын басқару стратегияларын жетілдіру мақсатында келесідей ұсыныстар береміз:

1. Өндірістің техникалық деңгейін арттыру. Бұл жаңа прогрессивті технологияларды енгізу, өндірістік процестердің механизациялануы мен автоматизациялануы; шикізат пен материалдардың жаңа түрлерін қолдану мен тұтынуды жақсарту; өндірістің техникалық деңгейін жоғарылататын басқа да факторлар. Өзіндік құнды төмендету басқарудың автоматтандырылған жүйесін құру, ЭЕМ қолдануда, қалыптасқан техника мен технологияларды модернизациялау мен жетілдіруде барысында болуы мүмкін. Шығындар өндірісте қалдықтарды толық қолдануда, экономикалық алмастыруларды қолдануда және шикізатты кешенді қолдану нәтижесінде азаяды. Үлкен резервтер өзіне өндірісті жетілдіруді, оның еңбексыйымдылығы мен материал сыйымдылығын төмендетуді, машиналары мен құралдарының салмағын азайтуды және т.б. қосады.

2. Еңбек пен өндірісті ұйымдастыруды жетілдіру. Өзіндік құнды төмендету өндірісті ұйымдастырудағы өзгерістердің, өндірісті мамандандырудың дамуындағы еңбек формалары мен әдістерінің, өндірісті басқаруды жетілдіру мен оған кететін шығындарды азайтудың, негізгі қорларды пайдалануды жақсартудың, материалдық-техникалық жарақтануды жақсартудың, транспорттық шығындарды азайтудың, өндірісті ұйымдастыру деңгейін жоғарылататын басқа да факторлар нәтижесінде жүруі мүмкін.

Ағымдағы шығындарды төмендету негізгі өндіріске қызмет көрсетуді жетілдіру нәтижесінде жүргізіледі (мысалға, нақты өндірісті дамыту, өзгеру коэффициентін жоғарылату, технологиялық жұмыстарды ретке келтіру, құрал-жабдықты шаруашылықты жақсарту, өнім мен жұмыс сапасына бақылауды ұйымдастыруды жетілдіру).

3. Өнім көлемі мен құрылымының өзгерісі, олар шартты-тұрақты шығындардың (амортизациядан басқа) салыстырмалы азаюына, амортизациялық аударымдардың қатысты азаюына, өнімнің ассортименті мен номенклатурасының өзгерісіне және оның сапасының артуына алып келеді. Шартты-тұрақты шығындар шығарылатын өнімнің санына байланыссыз болады. Өндіріс көлемін арттыру арқылы олардың өнім бірлігіне деген саны азаяды, ол оның өзіндік құнының төмендеуіне алып келеді.

1. Табиғи ресурстарды қолдануды жақсарту. Бұл жерде мыналар ескеріледі: шикізаттың сапасы мен құрамының өзгерісі; табиғи шикізатты алу әдістері, шикізат пайда болған жердің өнімділігінің өзгеруі, басқа табиғи жағдайлардың өзгеруі. Осы факторлар табиғи жағдайлардың ауыспалы шығындар көлеміне деген әсерін көрсетеді. Өнімнің өзіндік құнын төмендетуге олардың әсерін талдау өңдейтін өндіріс саласының салалық әдіснамасы негізінде жүргізіледі.

2. Салалық және басқа да факторлар. Оларға келесілер жатқызылады: жаңа цехтарды, өндірістік бірліктер мен өндірісті енгізу және игеру; кәсіпорындарда және қызмет етуші бірлестіктерде өндірісті дайындау мен игеру; басқа да факторлар. Өзіндік құнды төмендету резервтерін жоғары техникалық негізде жақсы экономикалық көрсеткіштер мен ескірген цехтарды ликвидациялау мен жаңа цехтарды енгізу нәтижесінде талдаудан өткізу қажет.

Бұл шаралар кәсіпорынның шығындарын азайтып, пайданы ұлғайтуға көмектеседі, ол кәсіпорынның қаржылық жағдайының нығайтуға көмектеседі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Кеулимжаев К.К., Сулеева С.Е. Учет и распределение накладных расходов в промышленности. // Бюллетень бухгалтера, 2003, № 21, с.7-8.
2. Макарьева В.И. О составе затрат.// Налоговый вестник. - М., 2004, №4.с.3-5
3. Николаева С.А. Формирование себестоимости в современных условиях. // Бухгалтерский учет.-2004, №11.с.6-9
4. Стуков С.А. Учет и контроль себестоимости промышленной продукции в европейских странах- членах СЭФ: учебное пособие/ - Калинин: - КГУ, 2003.-321с.
5. Герчикова И.Н. Маркетинг и международное коммерческое дело: учебное пособие/ - М: Внешторгиздат, 2000.-212с.
6. «Адал» АҚ кәсіпорнының 2014-2015 жылдарға арналған есептік көрсеткіштері.

*Бекбусинова Г.К. к.э.н., ст.препод.
Актюбинский университет им.С.Баишева
Нурманова Ж.А. магистрант
Актюбинский университет им.С.Баишева*

СПОСОБЫ УЛУЧШЕНИЯ УПРАВЛЕНИЯ СТРАТЕГИИ ПРОИЗВОДСТВЕННЫЕ РАСХОДЫ

Аннотация

Автор рассматривает максимизацию прибыли рыночной экономики. А также анализирует расходы предприятия на примере предприятия, а также предлагаются мероприятия по усовершенствованию стратегии управления расходами.

Ключевые слова: затраты, стратегия управления расходами, виды затрат, себестоимость, объект управления затратами.

*Bekbusinova G.K. Candidate of Economic Sciences,
Associate Professor of "Economics and Tourism"
Aktobe University named after S Baishev
Nurmanova Z.A. master student
Aktobe University named after S Baishev*

WAYS TO IMPROVE MANAGEMENT STRATEGIES PRODUCTION EXPENSES

Annotation

The author considers the profit-maximizing market economy. And also analyzes the costs of the company as an example of the enterprise, as well as offers merroprijatija to improve the strategy of cost management.

Keywords: costs, costs management strategy, types of costs, the main cost, object cost management.

ОӘЖ 658

*Бекбусинова Г.К. э.ғ.к. аға оқытушы
С.Бәйішев ат. Ақтөбе университеті
Курмангазина А.К. магистрант
С.Бәйішев ат. Ақтөбе университеті*

КӘСІПОРЫННЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ РЕЗЕРВТЕРІ МЕН ЖОЛДАРЫ

Түйіндеме

Мақалада нарықтық экономика жағдайында кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау арқылы өнімнің бәсекеге қабілетін арттыру жолдары қарастырылады. Дамыған елдер тәжірибесі мен Қазақстандағы қалыптасып жатқан нарықтық қатынастар көрсетіп отырғандай өндірістің тұрақтандырылуы мен дамуы және тұрақты экономикалық өсуге қол жеткізу бәсекеге төтеп бере алатын шағын экономиканың дамуына және солар көтеретін бастамаларға негізделудің маңыздылығы сипатталады.

Кілт сөздер: *кәсіпкерлік, кәсіпкерлер кеңесі, материалдық және қаражылық ресурстар, шағын және орта кәсіпорындар.*

Кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау орта және шағын бизнестің дамуына жағдай жасайтын, олардың қызметтерін ынталандыруға мүмкіндік тудыратын экономикалық құқықтық жағдай жасауды, сонымен қатар оларға жеңілдіктерді пайдалана отырып материалдық және қаржылық ресурстар салуды білдіреді[1].

Кәсіпкерлердің көзқарасы бойынша, олардың максималды пайда табуына, салынған инвестицияның тиімділігі мен тәуекелдік деңгейінің жоғары болуына, меншік пен азаматтардың құқықтық жағдайының қорғалу мақсаттарына жетуіне тек мемлекет қана жағдай жасай алады. Ал, мемлекеттің көзқарасы бойынша кәсіпкер ең жоғары деңгейдегі мүдделер мен мақсаттарға жетуі тиіс (мысалға, қоғамдық байлықтың өсуіне, жұмысбастылық мәселесін шешуге, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге ықпалын тигізуі қажет және т.б.)

Президент жанындағы Кәсіпкерлер кеңесі кәсіпкерлік саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастырып, оны жүзеге асыру мен қатар мемлекет жағынан кәсіпкерлікті қаржылай, ақпараттық-талдау және материалдық-техникалық жағынан қолдау функциясын атқарады. Мемлекет аталған қолдаудың барлық түрін атқарушы органдар арқылы, көптеген жергілікті және аймақтық деңгейде қабылданған бағдарламалар арқылы, және соған лайықтап мемлекеттік капитал қатысуымен арнайы құрылған мекемелер арқылы жүзеге асырады. Оларға:

1. «Инжиниринг және технологиялардың трансферті орталығы» АҚ. Орталықтың негізгі мақсаты Қазақстан экономикасының нақты сектор салаларының жаңа технологиялар трансферті және республикадағы инновациялық іс-әрекетті белсендіру арқылы бәсекеге жарамдылығын арттыру болып табылады;

2. "Kaznex" экспортты дамыту және ілгерілеті корпорациясы» АҚ - үкіметке мемлекеттік саясатты, соның ішінде кәсіпкерлікті

дамытуға қатысты, құру саласында ақпараттық-талдау жағынан қолдау көрсетеді ;

3. «Даму» Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры АҚ - қаржылық, консалтингтік қызметтерді ұсыну интеграторы және операторы рөлінде ШОБ-ң, сонымен бірге Қазақстанның микроқаржы ұйымдарының сапалы дамуына жәрдемдеседі;

4. «Ұлттық инновациялық қоры» АҚ - кәсіпкерлік бастамаларға инвестицияларды тарту және жобаларды қаржылау арқылы қаржылай қолдау көрсетеді;

5. «Қазақстанның инвестициялық қоры»- жаңа және алдыңғы қатарлы технологияларды қолданып, шикізат пен материалдарды тереңдетіп қайта өңдейтін кәсіпорындардың жарғылық капиталына инвестиция құю арқылы қаржылай қолдау көрсету;

6. «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ - қаржылық қолдау көрсетеді.

Мемлекет пен орта және шағын кәсіпкерліктің мақсаттары мен мүдделерін түйістіру барысында тиімді мемлекеттік саясат жүргізілуі тиіс.

Дамыған елдер тәжірибесі мен Қазақстандағы қалыптасып жатқан нарықтық қатынастар көрсетіп отырғандай өндірістің тұрақтандырылуы мен дамуы және тұрақты экономикалық өсуге қол жеткізу бәсекеге төтеп бере алатын шағын экономиканың дамуына және солар көтеретін бастамаларға негізделуі қажет. Сондықтан, мемлекеттік ресурстар бұрынғы преспективасы жоқ өндірістен қазіргі кәсіпкерлікті ынталандыруға бағытталуы қажет және жеке инвестициялар экономикалық көтерілудің бастамасы мен тұрақтандырудың негізгі кілті болуы тиіс[2].

Тауарлар мен қызметті көбейтуге мүмкіндік беретін және осы негізден орталықтандырылған қаражылық ресурстары қорларын құруға, оның ішінде мемлекеттік бюджеттік қалыптастыру құралы болып табылатын мемлекеттің салық саясаты кәсіпкерлікте негізгі роль атқаратыны сөзсіз. Нарықтық экономика кезінде салық саясаты шаруашылық жүргізудің тиімді нысандарын ынталандырып отыруы қажет және өндіріс деңгейін көтеруге, оның пайдалылығын жоғарылатуға жағдай жасауы шарт.

Кәсіпкерлік қызметтің өркениетті дамуы үшін мемлекет тарапынан жағдай жасалуы керек.

Сондықтан да, Қазақстан Республикасында шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің дамуын қолдау арқылы өнімнің бәсекеге қабілетін арттыруды жүзеге асырудың салықтық аспектілері деген актуалды болып табылады.

Салықтық реттеу кәсіпорындар мен халықтың экономикалық белсенділігін арттыруға бағытталған.

Салықтық реттеу-осы категорияның атқаратын функциялары арқылы жүргізіледі. Олар фискалдық, бөлу және реттеушілік функциялар.

Фискалдық функция мемлекеттік бюджеттің кірісінің құру ролін салықтар түсіру арқылы атқарады. Бөлу функциясы шаруашылық субъектілермен халықтың, салық төлеушілердің табысының бір бөлігін бюджетке салық арқылы бөлуін көрсетеді.

Реттеушілік функциясы салықтың элементтерін реттеу тұтқасы ретінде қолдану арқылы өзінің қызметін жүзеге асырады.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, шағын және орта бизнес субъектілерінің әрекет етуін реттеу үшін салық құралдарының қолданылуы Республикамызда қоғамның барлық экономикалық қызығушылықтарына сай келеді. Қазақстан Республикасында салық салу ерекшеліктері кәсіпкерлікті қолдау мен экономиканы мемлекеттік реттеудің негізгі құралы болып отыр.

Соның өзінде экономиканы мемлекеттік реттеу және кәсіпкерлікті қолдау өзара байланысты элементтерді құрайтын жүйе болып қалыптасады. Бұл жүйеде басты орынды кәсіпкерлікке салық салу механизмі алып отыр.

Осыған байланысты салық салу проблемаларыөзекті және кәсіпкерлікті дамыту жолында біраз қиыншылық көрсетеді.

Ескі салық кодексі бойынша қызмет еткен салымдар мен алымдар көп жағдайда нарықтың жаңа шарттарына сай болмағаны бәрімізге белгілі[3].

Айта кету керек шағын және орта кәсіпорындардың дамуы импорт ауыстырушы тауар өндіру, жаңа жұмыс орындарын дайындау, бюджетке ақша массасының ағылып келіп түсуін қамтамасыз ету.

Осының барлығы нарықтық экономика дамуының басты мәселесі болып келеді.

Шағын және орта кәсіпкерліктің дамуы Қазақстан Республикасы экономикасының әр сферасының бәсекелестік мүмкіндіктерін ұлғайтуға бағытталуы керек.

Сондықтан батыс елдерінің нарықтық экономикасы сияқты, мемлекет тарапынан шағын және орта кәсіпкерлерге қарқынды және кешенді қолдау жасау керек. Сонымен қатар шағын және орта кәсіпорындарды несиелеу, сақтандыру және инвестициялық белсенділікті ынталандыруды жергілікті жерлерде көтеру керек.

Жергілікті жерлерде мемлекеттік қолдау тиімді, себебі жергілікті қорлар инвестициялық жобаны несиелеу туралы шешім қабылдау арқылы шағын және орта кәсіпорындардың жұмысын несиені қайтарғанға дейін бақылай алады.

Шағын және орта бизнесте инвестициялық жобаны несиелеу үшін мемлекет кепілдігіндегі мемлекеттік емес зейнетақы қорларының қаржыларын қолдану ыңғайлы. Бір сөзбен айтқанда мына элементтерден

тұратын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың ыңғайлы жүйесі жұмыс атқаруы керек

- құқықтық қамтамасыз ету;
- қаржылық қамтамасыз ету;
- салықтық қамтамасыз ету;
- кадрлық және инфрақұрылымдық қамтамасыз ету.

Ұсынылып отырған салық салу механизмдері мемлекетке және салық органдарына бюджетке салықтар мен басқа төлемдердің түсуінің өз уақтылы және толығымен түсуін қадағалауына жеңілдік беру керек.

Міне, осыдан салық салу механизміне жүйелі келу, менің ойымша кәсіпкерлікті дамыту және республикадағы әртүрлі құқықтық нысандағы қызметтерден бюджетке ұйымдық-құқықтық құралдардың түсуін қамтамасыз етеді[4].

Республикада қазіргі уақытта шаруашылық субъектілер үшін берілетін салық жеңілдіктерінің азаю тенденциясы байқалады. Біз бұл жағдайды қолдаймыз. Бірақ, республикада кәсіпкерліктің дамуын ескере отырып, жаңа технология сатып алуға, өндірістік құралдарды қосуға және басқа механизмдердерге қоса салықтық кредитті ұсыну қажет деп санаймын.

Несие проценттерін қайтару мерзімін шағын және орта кәсіпорындарын қызметіне байланысты дифференциялау қажет. Соған байланысты кәсіпкерлікке арналған бюджет арқылы жүретін инвестициялар көлемін ұлғайту керек.

Оларды ішкі кредит ресурстары немесе сыртқы заем арқылы жүзеге асару керек.

Сондықтан салықтық құралдар басқа да мемлекеттік реттеу құралдарымен бірже қолданылуы қажет, тек сон дай жағдайда ғана белгілі бір нәтижеге же туге болады.

Қорыта келгенде кәсіпкерліктің кез-келген нысанының дамуында салық механизмінің ролі орасан зор болып табылады. Қазақстан Республикасы жағдайында реттеу құралдардың шағын және орта бизнес субъектілерінің даму үшін, әсіресе, олар өндірістік сферада көбірек дамыса, оларды ынталандыру үшін қажетті де жеткілікті мөлшерде қолданылмайды десек қателеспейміз. Осыған орай, салық заңнамасының тұрақтылығын қамтамасыз ету көкейкесті мәселелер қатарында, өйткені салық заңнамасында жиі болатын өзгерістер жеке тұлғалардың кәсіпкерлік қызмет тиімділігіне тікелей әсер етеді.

Кәсіпкер салық жүйесіне бірнеше рет енгізілетін өзгерістермен толықтыруларға тез бейімделе алмайды және ертеңгі күнге сенім жоқ. Өйткені, салық заңнамасына енгізілетін кезекті өзгеріс күтіліп отырған пайданы залалға айналдыруы мүмкін. Сонымен бірге, табысты кемітіп көрсету, оның нақты сомасын жасыру сияқты келеңсіз факторлар көрініс

алады. Бұл кәсіпкерлікпен айналысатын жеке тұлғалардың қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Кушербаева А. Е. Проблемы конкурентоспособности стран с переходной экономикой- Альпари , 2007- 248 с.
2. Бекмуханбетова У. Р. Индустриально-инновационное развитие – основа устойчивой экономики Казахстана- Алматы: Экономика, 2006- 496 с
3. Б.М. Мухамедиев Экономика Алматы: Қазақ университеті, 2008-320с
4. Ы.К.Мамыров, Ж.А. Кулекеев, Г.К.Султанбекова Предпринимательство Алматы: Экономика, 2007

*Бекбусинова Г.К. к.э.н., ст.препод.
Актюбинский университет им.С.Баишева
Курмангазина А.К. магистрант
Актюбинский университет им.С.Баишева*

ПУТИ ПОВЫШЕНИЯ КОНКУРЕНТОСПОСОБНОСТИ ПРОДУКЦИИ ЗА СЧЕТ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПОДДЕРЖКИ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСТВА

Аннотация

Поддержка и развития предпринимательства для повышения конкурентоспособности продукции является приоритетной сферой государственной экономической политики Республики Казахстан. Несмотря на предпринимаемые правительством республики по поддержке предпринимательства меры, в этом секторе экономики все еще много проблем, требующих ускоренного решения.

Ключевые слова: *предпринимательство, совет предпринимателей, материальные и финансовые ресурсы, малые и средние предприятия.*

*Bekbusinova G.K. Candidate of Economic Sciences,
Associate Professor of "Economics and Tourism"
Aktobe University named after S Baishev
Kurmangazina A.K. master student
Aktobe University named after S Baishev*

WAYS TO IMPROVE THE COMPETITIVENESS OF PRODUCTS DUE TO STATE SUPPORT OF ENTREPRENEURSHIP

Annotation

Support and development of entrepreneurship is a priority area of the state economic policy of the Republic of Kazakhstan. Despite the Government of the Republic of business support measures in this sector is still a lot of problems that require rapid decisions.

Keywords: *Entrepreneurship, Business Council, material and financial resources, small and medium enterprises.*

ОӘЖ 658

*Қайырғалиева М.Ғ. э.ғ.к., доцент.
С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті
Сәуенова Г.Б. магистрант
С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті*

ҚР КӘСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТТІҢ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ МЕН ОНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ МЕН РЕТТЕУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Түйіндеме

Зерттеу барысында мынадай нәтижелер алынды: кәсіпкерлік қызмет экономикалық және әлеуметтік проблемаларды шешуде маңызды рөл атқарады.

Қазақстан Республикасындағы кәсіпкерлік қызметтің дамуы мен қызмет жасауына қажетті шарттарды қалыптастырудың қадамдары жасалуда. Сондықтан, кәсіпкерлік қызметті дамыту үшін үш факторлық жағдай ескерілуі қажет.

Кәсіпкерлік қызметтің қазіргі жағдайы мен дамуын талдаудың нәтижелері ескеріліп, алға қойған мақсатқа жету үшін орындалатын міндеттер анықталды.

Кілт сөздер: *кәсіпкерлік қызмет, шағын және орта кәсіпкерлік, мемлекеттік қолдау, бәсекелестік.*

Кәсіпкерлік қызмет – экономика мен қоғам дамуының қозғаушы күші болып табылатын қазіргі нарықтық экономиканың ажырамас бөлігі. Кәсіпкерлік қызметтің дамуы экономиканың құрылымдық қайта құрылуын белсендендіреді, нарықтық таңдауға кең еркіндік береді, қосымша жұмыс орындарын ашады, шығынның жылдам өтелуін қамтамасыз етеді және тұтынушылық сұраныстың өзгерісіне жедел икемделеді. Кәсіпкерлік қызмет нарықты тауарлармен және қызметтермен

толтыруға, бәскелестікті кеңейтуге, салалық және аумақтық монополияны жеңуге көмектеседі. [1]

Кәсіпкерлік қызмет – еліміздің экономикасы үшін халықтың әлеуметтік тұрмыс жағдайының жақсаруына әрекет ететін қажетті буын. Бірақ, мемлекет тарапынан бөлінген қаржылық қолдаудың жетіспеушілігі, өнеркәсіп пен шағын кәсіпорын өнімдеріне қойылған бағаның теңсіздігі және нарық инфрақұрылымының нашарлауы, өзара төлемдердің орындалмауы, бағаның өсуі, шетелден сапасыз өнімдердің ағылып келуі, жергілікті кәсіпкерлердің бәсекеге қабілеттілігінің төмендігі және тағы басқа себептер өз кезегінде әрбір саладағы кәсіпкерлік қызметке теріс ықпалын тигізіп отыр. Ел экономикасының тұрақталуы кәсіпкерлік құрылымдарды қалыптастырып дамыту аз уақыт ішінде өзінің нәтижелерін беретіні, нарықтық жағдайға сай құрылған шағын құрылымдар өндірістік тиімділікті арттыру барысында құлдырап кеткен кәсіпорынның экономикасын жақсаруына, әрбір саладағы кәсіпкерлік қызмет жүйесіндегі кәсіпкерлік субъектілерінің ұлғая бастағаны мысал бола алады. Сонымен бірге, ұлттық экономиканы одан әрі дамытуға да аса басты ықпал етеді.

Кәсіпкерлік қызметтің нарықтық экономикада алатын орны ерекше. Ойткені, кәсіпкерлік қызмет– экономиканың ұтқыр әрі нәтижелі секторының бірі. Ішкі жалпы өнімнің елеулі бөлігін өндіру солардың үлесінде. Осы орайда, Президентіміз Қазақстан халқына жолдауында: «Жапония, Германия, Бельгия, Италия сияқты елдерде кәсіпкерлік қызмет олардың барлық кәсіпорындары санының 90%-дан астамын құрайды, көптеген дамыған елдерде олар жалпы ішкі өнімнің 50%-дан астамын береді. Сондықтан да, біздің шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың түбірінен жаңа идеологиясын түзуіміз қажет» деп айтқан болатын. [2]

Қазіргі таңда кәсіпкерлік қызметті қолдау бойынша мемлекеттік саясат кәсіпкерлік қызметті дамыту үшін оңтайлы жағдайлар жасау принципіне негізделетін мемлекетіміздің әлеуметтік-экономикалық саясатының негізгі бағыттарының бірі болып келеді.

Кесте 1 – Қазақстан Республикасында кәсіпкерлік қызметте жұмысбастылар санының динамикасы (01.12.2015ж. жағдайында)

№	Атауы	2011	2012	2013	2014	2015
1	Кәсіпкерлік қызмет субъектілерінде жұмыспен қамтылған халық, мың адам	557,9	585,9	464,6	551,3	574,2
2	Кәсіпкерлік қызметпен айналысатындар саны, мың адам	47,7	55,8	58,4	59,1	60,7
3	Халықты жұмыспен қамсыздандырудағы кәсіпкерлік қызмет үлесі	18,30%	20,60%	22,10%	23,40%	25,20%

Ақпарат көзі: «Даму» ДҚ мәліметтерінің негізінде құрастырылған

Жоғарыдағы 1-ші кестеден көрініп тұрғандай, Қазақстанда экономикалық белсенді халықтың ішінде кәсіпкерлік қызметте қызмет ететіндер саны 25% құрайды. Мұндай төмен үлес барлық жұмысбасты халықтың 25% мемлекеттік мекемелерде қызмет етулеріне байланысты.

2015 жылғы қаңтарда өткен жылғы қаңтармен салыстырғанда өнім шығарылымы (салыстырмалы бағаларда) 0,3%-ға, жұмыспен қамтылғандар саны 2,0%-ға, белсенді субъектілер саны 9,2%-ға өсті.

2015 жылғы қаңтарда кәсіпкерлік қызмет субъектілерімен өнім шығарылымы 630,3 млрд. теңгені құрады.

Төмендегі 2-ші кестеден көріп отырғанымыздай, 2015 жылғы көрсеткіштерге сәйкес аймақтарда жұмыспен қамту бойынша алдыңғы қатарда Алматы қаласында 13% орын алып отыр. Оңтүстік Қазақстан 12%, Алматы облысы 11%, Шығыс Қазақстан 9 %.[3]

Кесте 2 – Республика аймақтары бойынша кәсіпкерлік қызметте жұмыспен қамтылғандар саны, адам

Атауы	Кәсіпкерлік қызметте жұмыспен қамтылғандар саны, адам			
Жылдар	2012	2013	2014	2015
Қазақстан Республикасы	1 882 340	1 737 750	2 554 640	2 635 563
Ақмола	77 455	72 753	116 547	119 823
Ақтөбе	71 039	69 476	117 352	120 237
Алматы	242 148	212 272	262 503	257 522
Атырау	51 017	55 222	89 210	89 342
Батыс Қазақстан	65 076	58 554	91 995	94 112
Жамбыл	99 695	99 066	118 411	119 437
Қарағанды	145 666	134 973	198 737	216 948
Қостанай	96 637	88 703	138 770	140 931
Қызылорда	40 356	37 278	65 695	74 374
Маңғыстау	54 134	46 762	83 812	85 824
Оңтүстік Қазақстан	269 584	249 568	286 888	279 593
Павлодар	92 825	80 845	123 866	122 451
Солтүстік Қазақстан	66 623	57 747	99 081	102 980
Шығыс Қазақстан	179 099	162 797	231 157	241 700
Астана қаласы	96 953	98 901	165 769	189 299
Алматы қаласы	234 034	212 834	364 847	380 990

Ақпарат көзі: ҚР Статистика агенттігінің зерттеу негізінде автормен құрастырылған

Қазіргі таңда Қазақстанды жаңа территориялық жағынан ұйымдастыру жүргізіліп жатыр, ол еліміздің ірі қалаларының қарқынды

дамуынан көрінеді, оның ішінде Ақтөбе қаласы экономикалық өсу орталығы ретінде анықталған Қазақстанның төрт қаласының бірі болып саналады.

Ақтөбе облысының бәсекеге қабілетті артықшылықтарына тоқтала кететін болсақ:

1) Минералды-шикізат қорлары. Ақтөбеде 340 жуық пайдалы қазбалардың кен орындары орналасқан қайталанбас минералды-шикізат қоры бар. Облыстың территориясында Қазақстандағы көмірсутек шикізатының барланған қорының 10% және болжамды ресурстарының 30%, никель – 55%, титан – 40%, фосфор – 34%, мырыш – 4,7%, мыс – 3,6%, алюминий – 2%, көмірдің 1,4% жинақталған.

2) Экономиканың үдемелі дамуы. Ақтөбе облысы жалпы аймақтық өнімнің өсімі 15,7 рет өскен, ал жан басына шаққанда 12,9 есеге өсіп, 12,3 мың АҚШ долларын құраған, бұл көрсеткіштер ЕО мемлекеттерімен салыстыруға келеді. 2014 жылы жалпы аймақтық өнімнің өсімі 1849,1 млрд.теңгені құрады, жалпы аймақтық өнімнің өсімі республика көлемінде 4,8% құрады. Оның ішінде жалпы аймақтық өнімнің өсімін өндіріске шаққанда – 37% құрады, ауыл шаруашылығы – 4% құрады.

3) Инфрақұрылымның дамуы. Энергоресурстар: максималды мүмкіндігі 4,3 млрд.кВтс құрайды. Газбен қамтамасыз ету: аймақты өзіндік ресурстармен қамтамасыз ету толық шешілген. Сумен қамтамасыз ету: максималды мүмкіндігі 11,2 млн. текше метр. Телекоммуникация: қазіргі сандық халықаралық телефон, ұялы спутник байланыстарын ұсынатын кең таңдау бар [4].

Кесте 3 – 2015 жылға Ақтөбе облысы аудандарының кесіндісі бойынша шағын және орта кәсіпкерліктің даму көрсеткіштері

Аудандар	Субъектілер саны (бірлік)		Адамдар саны (адам)		Өнім көлемі (тауарлер мен қызметтер) (млн. теңге)	
	2015 ж.	2014 жылға %	2015 ж.	2014 жылға %	2015 ж.	2014 жылға %
Әйтекеби	778	97,0	6 198,0	101,6	4 251,6	101,2
Алға	1502	109,2	4 969,0	102,4	7 677,4	105,8
Байғанин	633	116,4	3 856,0	105,3	3 050,0	136,2
Ырғыз	452	106,6	1 797,0	102,6	561,0	103,4
Қарғалы	626	105,2	4 146,0	100,3	6 231,1	108,4
Қобда	689	108,5	5 335,0	100,9	2 271,8	102,8
Мәртөк	998	102,7	5 691,0	101,3	7 415,9	109,2

Мұғалжар	2059	99,0	7 656,0	103,1	12 701,1	107,0
Темір	1163	106,2	3 920,0	102,8	3 900,3	143,6
Ойыл	534	98,0	3 527,0	100,6	667,9	109,0
Хромтау	1477	107,3	5 316,0	104,7	5 456,6	102,7
Шалқар	1403	111,2	8 903,0	101,5	9 799,8	100,8
Ақтөбе қ.	51571	104,2	96 732,0	103,8	87 848,5	103,0
Барлығы	63895	104,5	158 046,0	103,2	151 833,0	105,1

Ақпарат көзі: ҚР Статистика агенттігінің мәліметтері негізінде автормен есептелген

Жоғарыдағы 3-ші кестеден көріп отырғанымыздай, аудандар бойынша кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің көбісі Ақтөбе қаласында 51 571 мың бірлік, Мұғалжар ауданында – 2 059 мың бірлік, Алғада – 1 502 мың бірлік, Хромтауда – 1 477 мың бірлік және Шалқар ауданында – 1 403 мың бірлік. Ең азы Ырғыз (452 бірлік) және Ойыл (534 бірлік) аудандарына келеді.

Республикамызда кәсіпкерлік қызметтің дамуы мен қызмет жасауына қажетті ұйымдастырушылық, экономикалық және құқықтық шарттарды қалыптастырудың алғашқы қадамдары жасалуда.

Кәсіпкерлік қызмет бірқатар экономикалық және әлеуметтік проблемаларды шешуде маңызды рөл атқарады. Кәсіпкерлік қызметтің қалыптасуы мен дамуы барысында мемлекеттік қолдауды талап етеді. Мемлекет кәсіпкерлік қызмет алдында тұрған кедергілерді жоюға, құқықтық жағынан көмек көрсетуге, өркениетті нарықтық қатынасты орнатуға ықпал етуге тиіс.

Кәсіпкерлік қызметті дамыту үшін үш факторлық жағдайды ескеру қажет. Олар: кәсіпкерлердің құқығын қорғайтын жүйе жасау; тексеруші органдардың санын азайту; рұқсат беруші құжаттардың санын азайту.

Кәсіпкерлік қызметті қолдау мен ынталандыру бүгінгі күнгі мемлекетіміздің алдындағы шешетін өзекті мәселелерінің бірі. Бұл тұрғыда негізгі мақсат – кәсіпкерлік қызметтің экономикалық қызметін тиімді атқаруына мүмкіндіктер жасап, өмір сүру мерзімінің неғұрлым ұзаруына ықпал ету болып табылады.

Кәсіпкерлік қызметтің қазіргі жағдайы мен дамуының талдамасының нәтижелерін және шетелдік тәжірибені ескере отырып, алға қойылған мақсатқа жету үшін аталған бағытта мынадай міндеттерді іске асыру көзделуде:

- кәсіпкерлік қызметтің дамуы үшін заңнамалық негіздің барынша ашықтығын құру;
- экономиканы бюрократиясыздандыру және әкімшілік кедергілерді жою;
- кәсіпкерлік қызметте көлеңкелі айналымды қысқарту;

- мемлекетке бейінді емес функцияларды рыноктық ортаға, бірінші кезекте кәсіпкерлік қызметке беру; [5]
- кластерлік-желілік ұстаным негізінде тіршілікке қабілетті инфрақұрылымдық жүйелерді құру және қамтамасыз ету;
- инновациялық экономикаға кәсіпкерліктің қатысуы.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Послание президента Республики Казахстан – лидера нации Н.А. Назарбаева народу Казахстана. Стратегия «Казахстан – 2050». Новый политический курс состоявшегося государства. –Официальный сайт Президента РК – Режим доступа: www.akorda.kz/ru/page_poslanie-prezidenta-respubliki-kazakhstan-lidera-natsii-nursultana-nazarbaeva-narodu-kazakhstanu
2. Елшібаев Р.Қ. Кәсіпкерлік қызметті ұйымдастыру. Оқу құралы. – Алматы, «Экономика», 2009. – 18б.
3. Исабеков Б. Кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау және дамыту бағдарламаларын жүзеге асыру концепциялары // Аль-Пари. –2002, – № 4-5. –30-35б.
4. Облыс әкімі Б.М.Сапарбаевтың «Ақтөбе облысының 2015 жылғы кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы бөлімдерінің қорытындысы және 2016 жылға арналған міндеттері туралы» есебінің тезистері. «Ақтөбе» газеті // Ақпан, 2015 жыл
5. Руденко А.И. Экономика предприятия в условиях рынка. Учебное пособие. – Минск, 2007. –264с.

*Кайыргалиева М.Г. к.э.н., доцент
Актюбинский университет имени С.Баишева
Сауенова Г.Б. магистрант
Актюбинский университет имени С.Баишева*

РАЗВИТИЕ ПРЕДПРИНИМАТЕЛЬСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН И ВАЖНОСТЬ ГОСУДАРСТВЕННОЙ ПОДДЕРЖКИ И РЕГУЛИРОВАНИЯ

Аннотация

Результаты исследования заключается в следующем: бизнес играет важную роль в решении экономических и социальных проблем.

Развитие и функционирование бизнеса в Республике Казахстан создал необходимые условия для формирования шагов. Поэтому, необходимо учитывать три фактора для развития предпринимательской деятельности.

Принимая во внимание результаты анализа текущего состояния бизнеса и развития задач для достижения целей, определенных.

Ключевые слова: *предпринимательство, малого и среднего предпринимательства, государственной поддержки, конкуренция.*

*Kaiyrgalieva M.G. Candidate of Economic Sciences,
Associate Professor of "Economics and Tourism"
Aktobe University named after S Baishev
Sauenova G.B. - Master student
Aktobe University named after S Baishev*

THE DEVELOPMENT OF ENTREPRENEURSHIP IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN AND THE IMPORTANCE OF GOVERNMENT SUPPORT AND REGULATION

Summery

Scientific novelty of the research: business plays an important role in solving economic and social problems.

Development and operation of business in the Republic of Kazakhstan has created the necessary conditions for the formation of steps. Therefore, it is necessary to take into account three factors for the development of entrepreneurial activity.

Taking into account the results of the analysis of the current state of business and development objectives in order to achieve the objectives set.

Keywords: enterprise, small and medium-sized businesses, state support, competition.

ОӘЖ 330.8

*Мусиров Г. э.ғ.к. аға оқытушы,
С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті*

АРАБ ХАЛҚЫНЫҢ ОЙШЫЛЫ ИБН ХАЛЬДУННИҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ.

Түйіндеме

Аталмыш мақала Шығыста, соның ішінде Араб елдеріндегі феодализм дәуірінде қалыптасқан экономикалық ойлар мен оның

туындауына ықпал жасаған ойшыл Ибн Хальдунның тұжырымдамаларын зерделеуге арналған.

Кілт сөздер: жер өңдеу, мал шаруашылығы, қолөнер, сауда, өндіріс, кәсіпкерлік, еңбек, баға, құнның еңбектік теориясы, меншік теориясы, өркениет

Ибн-Хальдун (1332-1406 жж).

Орта ғасырлардағы экономикалық ойлар Араб елдеріндегі феодализмнің дамуымен қатар қалыптасты.

Орта ғасырдағы экономикалық-құқықтық мәселелерді өз еңбектерінде қарастырған авторлардың қатарына мұсылман құқықтанушысы Абу Йусуф (731-798), теолог және құқықтанушы Абу Мухаммад Али б. Ахмад Ибн Хазм (994-1064), философ әрі құқықтанушы Абу Хамид Мухаммад б. Мухаммад аль-Газали ат-Туси (1058-1111), теолог әрі құқықтанушы Таки ад-дин Ахмад Ибн Таймийа (1263-1328), Ибн Таймийдің шәкірті Шамс ад-дин Абу Абдалла Мухаммад б. Аби Бакр, немесе Ибн Каййим ал-Джаузий (1292-1350) жатқызуға болады. Сонымен қатар ортағасырдағы мұсылман экономистерінің қатарына әлемдегі алғаш социолог, энциклопедист-ғалым Абд ар-Рахман Ибн Мухаммад Ибн Хальдун ал-Хадрами (1332-1406) жатады.

Бұлардың әрбірінің өмірі мен еңбектері үлкен тарих. Сондықтан олардың ішінде қазіргі экономика ғылымына өз тұжырымдамаларымен айтарлықтай үлес қосқан Ибн-Хальдун туралы тоқталмақпыз.

Ортағасырдағы мұсылман экономистерінің қатарында ерекше орынды әлемдегі бірінші социолог, энциклопедист-ғалым **Абд ар-Рахман Ибн Мухаммад Ибн Хальдун ал-Хадрами (1332-1406)** иеленеді. Ол Тунис қаласында өмірге келген, атақты тұқымнан шыққан, атасы Абу-Фарис ірі Ифрикии қалаларының бірінің әмірі болған. Ибн-Хальдунның еңбектерінің құндылығы мынада, оның пікірінше тарихи үдерістің негізінде пайғамбарлар мен патшалардың іс-әрекеттері, қызметтері емес, адамзат қоғамының дамуы жатыр. Ибн Хальдунның есмін әлемге танымал қылған оның атақты еңбегі «Мукаддима» (Кіріспе) деп аталады. Мұнда ол өз дәуірінде өмір сүрген бедуин тайпасының көшпелі және отырықшы өмірінің әлеуметтік-экономикалық сипатын ашады.

Ибн Хальдун қайтыс болған соң оның бұл еңбегі ұмыт болды, тек бес ғасырдай уақыт өткен соң барып зерттеушілер оған назар аударған. Осы жылдар ішінде оның есімі де көлеңкеде, ұмыт қалды. [1]

Ибн Хальдун қазіргі экономикалық теорияның негізін қалаған ұлы ойшылдардың бірі екені даусыз. Оның бұл саладағы сіңірген еңбегі, бірқатар ғалымдардың пікірінше, (батыс экономистері де бар) А.Смиттің еңбегінен кем емес, сондықтан да оны «экономиканың атасы» деп атауға әбден лайық.

Бұл жайында белгілі американдық экономист-социолог Й.Шумпетер: «Ибн Хальдун А.Смитпен салыстырғанда ерекшеленеді» деген пікір ұстанады. Әрине, бұл жерде Й.Шумпетер И.Хальдунның оған дейінгі өмір сүрген оқымыстылардың идеяларын негізге алғандығын, әсіресе, еңбек бөлінісі туралы Платонның, ақшаның табиғаты мен мәні туралы Аристотелдің, ал үкіметті басқару туралы Тахир ибн аль-Хұсайын идеяларын өңдеудегі ерекше қабілетін айтып отыр.

Бұдан басқа Ибн Хальдунның ғылыми концепцияларының маңыздылығы сонша, өз заманында ол «ұлы араб ойшылы», «араб Монтескьесі», «арабтың Марксі», «экономика ғылымның пионері», «социологияның толық негізін қалаушы» секілді бірнеше атақ-дәрежеге ие болған тұлға.

Питирим Сорокин оны адамзат тарихындағы атақты бес социологтардың біріне теңеуі (Платон, Аристотель, Ибн Хальдун, Вико, Конт) тегін емес.

Ибн Халдунның экономикалық мәселелерге қатысты бірталай құнды тұжырымдамалары мен ойлары бар, көптеген маңызды нәрселерді ол ойша көзқарас түрінде жеткізген. Ибн Халдунның ең басты құндылықтарының бірі қоғамның ешқандай сыртқы күштердің әсерінсіз үдемелі дамып жетілетіндігі туралы ойы. Бұл көзқарастың негізіне Ибн Халдун қоғамның саяси құрылымдық өзгеру арқылы (саяси эволюция) емес, шаруашылықты ұйымдастыру немесе жүргізу тұрғысынан (отырықшылықтан – қалалық тұрмысқа дейінгі) дамып жетілуін жатқызады. Демек, қоғам дамуының ішкі қайнар көзі адам еңбегі, яғни адамдардың атқаратын шаруашылық қызметі деп есептейді ғалым. Осылайша ол адамзат тарихының кезеңділігін (алғашқы қауымдық қоғам, ауыл өмірі, қала тұрмысы) көрсету арқылы тұңғыш рет адамзат қоғамының төменгі сатыдан жоғары сатыға дейінгі заңды әрі үдемелі даму теориясын негіздейді. Мұндай дамуға негіз болатын адамдардың өндірістік қызметі, өндірістің дамуы, соның ішінде қолөнер мен жер өңдеу екенін алға тартады. Бұл туралы ол «Ұрпақтың өмір сүру шарты, олардың өмірге деген қажеттіліктерге қалай қол жеткізетіндігіне байланысты ерекшеленетінін біл» дейді. Адамзат тарихындағы негізгі бағыттаушы күшке материалдық қажеттілікті жатқызды. «Адамдар жануарлардан өздерінің ерекшеліктеріне байланысты бөлектенеді, солардың ішіндегісі ғылым мен қолөнер», – деп есептеді Ибн Хальдун. [2]

Ғалым адамдардың өмірдегі қажеттіліктеріне қол жеткізудегі экономикалық белсенділіктеріне географиялық факторлардың қалай әсер ететініне көп көңіл аударады. Оның пікірінше, адам қажеттілігі географиялық орта қалыптастыратын мүмкіндікке байланысты қанағаттанады, яғни алдымен тамақ, баспана, содан кейін барып өнерге, ғылымға деген рухани сұраныстар қалыптасады. Осылайша жағымды климатта өмір сүретіндерде еңбекке деген ынталанушылық болады, ал

мұндай географиялық белдіктен тысқары өмір сүретіндерде (солтүстікке және оңтүстікке қарай) сәйкесінше мұндай ынталанушылық төмендейді.

Ғалымның адам «қандай климатта өмір сүрсе де, жалғыз өзі ештеңеге қол жеткізе алмайды, Алла оған өмір сүруі үшін қаншалықты несібе бергенімен өзара көмексіз ол өмір сүре алмайды, қарусыз өзін қорғай алмайды, демек, ұрпақ жалғастығы тоқтап, адамзаттың құрып кетуі мүмкін. Сондықтан, адамдар өзара көмек арқылы бірігуі тиіс, сонда ғана Алланың адам өмірі, ұрпақ жалғастығы туралы қалауы орындалады» деген пікірі қазіргі заман талабына сай құндылығын жойған жоқ деуге болады.

Ғалымның ойынша, адамдардың өмір сүруге қажетті құралдарды бірігіп табуда, яғни шаруашылық қызметпен айналысуы бірнеше кезеңдерден өтеді: жабайылық (таваххуш), қарапайымдылық (бидава), өркениет (хидара).

Оның қарапайым қоғам деп отырғаны тек қана қажетті өнімдер тұтынылатын жер өңдеу, мал шаруашылығы (дарури) болса, ал өркениетті қоғамы қолөнер мен сауда, яғни өндірумен қатар тұтынылатын «қажеттіліктен артылғандар» (заид), соның ішінде «пайда әкелетіндері» (хаджи) мен «қажеттілігі жоқ» сән бұйымдары (камали). Басқаша айтқанда, Ибн Хальдунның «қарапайым» кезеңін Ксенофонттың «экономикасына», ал «өркениетті» Аристотельдің «хрематистикасына» теңеуге болады.

Ибн Хальдунның «әлеуметтік физика» шеңберінде қазіргі заманғы экономикалық теориялардың бірнешеуінің негіздері қаланған десе де болады, олар: қоғамдық еңбек бөлінісі теориясы, адами еңбек күштің үдемелі даму теориясы, тауар өндірісінің теориясы, соның ішінде құн мен баға теориясы мәселесі, қажетті және қосымша еңбек және өнім теориясы, меншік және кәсіпкерлік теориясы, салық және салық салу мен экономикадағы мемлекеттің рөлі теориясы, қоғамның циклдық даму туралы теориялары – мұның бәрі қазіргі экономикалық теорияның зерттеу пәні саласын құрайтын теориялар болып табылады. Тағы бір ерекшелік, оның алдыңғы әріптестері ең бастысы «қиялдағы қоғамды» зерттесе, Ибн Хальдун тұңғыш рет «нақты қоғамды» зерттеген. [3]

Ибн Хальдун тауарлы өндіріс теориясын алғашқы болып қалыптастырушы, ол туралы «Адам балалық қорғансыз шақтан шыққан соң күш алады, яғни еңбек етеді, тең дәрежелі айырбас жасай отырып табыс алады, ал кез келген табыс – еңбек құны» дейді. Мұндағы маңызды тұжырымдама – өнімдегі затқа айналған еңбек. Яғни, тең дәрежеді құн айырбасы арқылы адам еңбектің өзін емес, оның нәтижесін сатып алады. Бұл ретте, тауар өндірісіне жұмсалған еңбек баға арқылы өткізіледі. Бұл біздің ұғымымызда өркениеттік дәуір болып саналады.

Сонымен қатар ол құнның еңбектік теориясын да алғашқы негіздеуші. Ибн-Хальдун байлық пен табыстың негізгі көзі адам еңбегінде

деп есептеді. Осы тұрғыда ол «кез-келген табыс құнға теңбе-тең», – деген пікір айтып шын мәнісінде құнның еңбектік теориясын тікелей көрсетті (қажетті және қосымша өнім, осыған сәйкес қажетті және қосымша еңбек). Классикалық саяси экономияның негізгі өкілдері болып есептелетін А.Смит, Д.Рикардо және К.Маркстен бұрын Ибн Хальдун құнның жеке адамның еңбегімен емес, қоғамдық қажетті еңбек шығындары арқылы анықталатынын байқаған. Ал экономика ғылымында А.Смит құн қалыптасуының еңбектік теориясының негізін қалаушы ретінде танылған.

Бұл туралы С.М.Бациева құнның құпиясын ашқан алғашқы экономист ретінде Ибн Хальдунның атын әділетті тұрғыдан атайды. «Егер еңбек мөлшері артса, онда тұрғындардың еңбек құнының мөлшері де артады» дей келе, тағы бір жерде «Адамдардың пайдаланатындарының және байлық түрінде сатып алатындарының (қолөнер бұйымдары болса) бәрі еңбек (оған жұмсалған) құнына тең» дейді. Кейінірек, ол құнның сұраныс пен ұсынысқа байланысты өзгеру (қоғамдық құн болуы мүмкін) жағдайын қарастырады.

Сол сияқты, Ибн Хальдун кәсіпкерлік теориясын негіздей отырып, нақты шаруашылық өмірдің функционалдық түсінігін білдіретін кәсіпкерлік (касб) терминін енгізеді.

Өкінішке орай, қазіргі кезде «кәсіпкерлік» терминін алғаш Р.Кантильон енгізді (XVIIғ.) деген пікір қалыптасқан. Алайда, IX-X ғасырлардың өзінде ортағасырлық араб ойшылдарының (ашарит, джабраит, кадарит, мутазалит) күшімен тарихта алғаш рет кәсіпкерлік концепциясы қалыптасқан.

Кәсіпкерлік – адамның өз еңбегі мен қабілеті арқасында қол жеткізген иелігі. Бұл терминді «дәулет» деп те түсінуге болады. Егер, кәсіпкерлік тек өмір сүру құралы және оның көлемі өмірге қажеттілерден артылмаса, онда ол «мааш», ал бұл қажеттіліктерден артылса ол «райаш». Бұлардың барлығының себебі, яғни байлық негізі еңбек мөлшеріне байланысты, демек, қажеттіліктерді қанағаттандырудан кейін артық өнім қалады. Осы ретте Ибн Хальдун алғаш рет қажетті (мааш), және қосымша құн (райаш) мен өнім теориясына жақындайды. Осы ретте Ибн Хальдун тұтыну құнын да «ризк» және «касб» деп екіге бөледі. Кәсіпкерлік – адамның өз еңбегі мен қабілеті арқасында қол жеткізген иеліктері болса, ризк – өзінің қажеттіліктеріне жұмсалғандары, немесе тұтыну заттары.

Ибн Хальдун меншік теориясын (оның терминологиясында мульк) алғаш негіздей отырып, оны үш жақты қарастырады: біріншіден, меншік – бұл иелік етілетін мүліктің өзі, екіншіден, меншік – кім меншік иесі соның қолында билік бар, үшіншіден, меншік – өзін-өзі иелену және пайдалану, яғни «жұмыс жасайтын» меншік, немесе меншік – бұл қызмет, капитал қызметін атқаратын түрі.

Ибн Хальдун ақшаның атқаратын қызметтеріне де елеулі түрде назар аударған. Ғалым, ақшаның пайда болуын, сауда айырбасының қарқынымен, жанданумен, сауда байланыстардың кеңеюімен байланыстырады. Ақшаның табиғаты мен пайда болу себептерін қарастыру барысында, Ибн Хальдун, алтын мен күмістің бағасына рынок айытқуларының ықпал жасай алмайтындығын анықтайды, сондықтан, алтын мен күмістің ақша рөлін атқарудағы басты себебі осы деп есептейді. Ал олардың жоғары құндылығын метал ретіндегі сиректігімен, өндіру мен өңдеуге жұмсалатын еңбек шығындарының жоғарылығымен түсіндіреді. Алтын мен күмістің айналыс құралы қызметіне тоқтала отырып, ол айналыстағы ақша санының тек қоғамның даму деңгейінен ғана емес, басқа елдерге шығарылатын тауар экспортының мүмкіндігіне байланысты екендігін айтады. [4]

Ибн Хальдуннің пікірінше, елдің экономикалық дамуын қолда бар алтын, күміс қорлары мен табиғи ресурстар ғана айқындамайды. Елдің дамуын рынок көлемі мен өндіріс құралдарына байланысты экономикалық қызметтер мен еңбек өнімділігі анықтайды. Өндіріс құралдары адам қажеттіліктерін қанағаттандырудан соң қалған қосымша, артық ресурстар есебінен жасалады. Ал рыноктың ұлғаюы таурлар мен қызметтерге сұранысты арттырады, ол өз кезегінде өндірістің ұлғаюына, ғылым мен білімнің дамуына, адамдардың табысының артуына ықпал жасайды, даму үдерісін жылдамдатады.

Салық мәселесі де өзге мұсылман экономистері секілді Ибн Хальдуннің аса назарында болғаны сонша, ол «салықтар мен жиындар мемлекеттің материясын құрайды» дейді. Тұрғындардан шамадан тыс мөлшерде алым алу (оның үстіне күш көрсетілсе) адамдарды еңбек нәтижесінен айырады, үкіметтегі ілгерілеуді тежейді, ал салық төмен болса, адамдардың еңбекке және өндіріске деген ынта-мүддесі артатындығын айтады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Настольная книга по Исламским финансам – Астана, ИД «Сарыарка», 2010 – 542 с.
2. Христианство и ислам об экономике. Под редакцией М.А.Румянцева, Д.Е.Раскова. Издательство НПК «РОСТ», Санкт-Петербург, 2008 – 625 с.
3. Р.И.Беккин. Экономические взгляды Ибн-Хальдуна, 2002 – 6с.
4. У.Ж.Алиев. Значение трудов Ибн-Хальдуна в становлении экономической науки 2005 – 7с.

Мусиров Г.М. к.э.н., ст. преподаватель

Актюбинский университет им.С.Баишева

ЭКОНОМИЧЕСКИЕ ВЗГЛЯДЫ АРАБСКОГО МЫСЛИТЕЛЯ ИБН ХАЛЬДУНА

Аннотация

Данная работа посвящена изучению экономических взглядов и концепции арабского мыслителя Ибн Халдуна

Ключевые слова: земледелие, скотоводство, ремесло, торговля, производство, предпринимательство, труд, цена, трудовая теория стоимости, теория собственности, цивилизация

Mussirov G. Candidate of Economic Sciences
Aktobe university named after S. Baishev

ECONOMIC VIEWS OF THE ARAB THINKER IBN KHALDUN

Summery

This article is devoted to estimation of population health by the given statistics information and allergic diseases as a result of contamination environment of Aktobe city .

Keywords: agriculture, cattle, craft, trade, production, entrepreneurship, work, price, labor theory of value, theory of property, civilization.

УДК 338.48

*Мусиров Г. э.г.к. аға оқытушы,
С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті
М.А.Жалғасбаева. магистрант
С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті*

ТУРИЗМ- ІШКІ ЭКОНОМИКАЛЫҚ НАРЫҚТЫ ДАМУШЫ ҚОҒАМДЫҚ ҚҰБЫЛЫС РЕТІНДЕ

Түйіндеме

Бұл мақалада туризмұғымы мен ішкі туризмнің даму шарттары мен сипаттамалары және Қазақстан Республикасындағы ішкі экономикалық нарықты дамытудағы туризм индустриясының бағыттары айтылады

Кілт сөздер: тур, туризм, туристік аймақ, туристік инфрақұрылым, туристік фирма, прогресс, демография, экотуризм.

Туризм – («тур» – французша «tourism» – серуендеу, жол жүру) белгілі бір маршрутқа жасалатын саяхат деген ұғымды білдіреді. «Туризм» термині қоғамдық құбылыс ретінде бірден қалыптасқан жоқ. Оның қалыптасуына тікелей болмаса да, жанама түрде әсер еткен тарихи алғы шарттар немесе факторлар болды. [1]

Оларға жататындар:

1. Ерте ғасырлардағы, әсіресе орта ғасырларда (VII-XIV ғғ) қалыптасқан мемлекеттер мен халықтар арасындағы сауданың дамуы.
2. Орта ғасырларда және XIX ғасырға дейінгі мемлекеттер арасында болған соғыс қимылдары.
3. XV ғасырдан басталған жаңа жерлердің (Ұлы географиялық) ашылулары.

Сауданың дамуы халықтар мен мемлекеттер арасындағы экономикалық, мәдени т.б. қатынастарды нығайтып, жолға қойды. Халықтардың салт-дәстүрімен олардың мекен еткен жерлерінің табиғаты және тарихы туралы мәліметтердің жиналуына негіз болды. [2]

Халықтар арасындағы сауда қатынастарының дамуы мен өсуі, дүниежүзінде құрлық бойынша да, су жолдары арқылы да жүрген. Сауда қатынастарының ең айқын айғағы «Ұлы жібек» жолының болуы. Бұл жол шығыс пен батысты яғни, Азия мен Еуропа арасындағы байланысты қалыптастырды. [3]

Үшінші алғы шарт – XV ғасырдан басталған жаңа жерлердің ашылуы болды. Ф.Магелланың, Х.Колумбтың, Дж.Куктің, Берингтің т.б. саяхатшылардың жасаған экспедициялары жер шарының басқа құрлықтары мен болашақта игерілуіне жол ашты.

Біздің дәуір – жедел прогрестік дәуір. Қоғамымызда табиғи-тарихи ескерткіштер мен табиғи жарытылысымен ерекшеленетін мекен жайлары нағыз табыс көзіне айналуға. Мұндай кешендерді – «Туристік аймақ» деп атайды. Осылайша туристік аймақтар сол елдің туризмін дамытуға жол ашып отыр. [4]

Әр елдің табыс көзін құраушы қасиетіне байланысты туризм және саяхат бойынша дүниежүзілік Кеңес, қазіргі туризмнің келесідей экономикалық сипаттамаларын анықтайды:

- кейбір елдің ішкі ұлттық өнімін қалыптастырушы өнеркәсіп өнімін өндіруде жетекші рөлге ие;
- мемлекеттің белсенді салық төлеушісі ретінде қазына қорын толықтырушы;

- миллиондаған тұрғындарды жұмыспен қамтамасыз етуші;
- дүниежүзілік экономикада ең тез дамитын сала ретінде танылады.

Қазіргі заманғы туризмнің алғашқы қалыптасуы ХІХ ғасырдың 40-шы жылдарынан бастау алады. Ағылшын кәсіпкері Т.Кук елдің ішінде бірнеше жорықтар және саяхаттар жүргізген болатын. 1920 жылы шетелдік туризмнің географиялық көлемі артып, маңызы кеңейді. 1925 жылы Гаагада туризмді үгіттеу бойынша ресми ұйымдардың бірінші дүниежүзілік одақ конгресі болды. Бұған 14 ел қатысты. Енді туризмнің уақыт жағынан дәйектелген оқиғалар тізбесіне көз жүгіртейік. [5]

Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі жылдары қаржының, жанар-жағармай ресурстарының, сауда-саттықтың және мамандырылған кадрлардың тапшылығы қатты білінді.

Екінші дүниежүзілік соғыс халықаралық туризмнің көлемін күрт азайтты.

1950 жылы барлық әлем бойынша тіркелген шетел туристерінің саны 25 миллион болды. [6]

1950 жыл халықаралық туризмнің өрлеуі жылдары болып есептелінді.

1960 жылдары шетелдерге шығатын туристер саны 71 миллион болып 3 есеге өсті.

1961-1970 жылдары аралығында туристік бизнес өрлеп, соғыстан кейінгі халықаралық туризм кең масштабты қамтыды.

Еуропалық мемлекеттердің ішкі нарықтағы үлесінің 90 пайызға жуығы ішкі туризмнен түседі. [7]

Европа елдері, соның ішінде Франция, Германия, Испания сондай-ақ, Азия елдерінің ішінде Оңтүстік және Оңтүстік Шығыс Азия елдері, әсіресе Жапония, Оңтүстік Карей, Индонезия, Тайланд, Қытай мемлекеттері ішкі экономикалық нарықты дамытуда туризмнен түсетін пайда арқылы динамикалық өсуде. Олар өз жерлеріндегі табиғи-тарихи және мәдени ескерткіштері мен рекреациялық аймақтарын нағыз табыс көзіне айналдыруды жолға қойған.

Дүние жүзінде 2,5 мыңнан аса ірі қорықтар мен табиғи ұлттық бақтар бар, олардың бәрі қосылып 4 млн. шаршы шақырым территорияны немесе құрлықтың 2,7 %-ін алады. Олардың ішінде ең ірі мұражайларын жыл сайын миллиондаған адамдар барып көреді.

Дүние жүзінің туризм жөніндегі «рекордшылары»- Франция, Испания болса, оларға жыл сайын 50 миллионнан астам адам барады екен. Бұл әрбір испандыққа 1-ден артық шетелдік турист келеді деген сөз. [8]

Ең танымал туристік елдердің қатарына жоғарыда айтылған елдерден басқа Австрия, Ұлыбритания, Чехия, Словакия, Греция т.б. жатады. Андорра, Сан Марина, Монако секілді микромемлекеттерде де туристерге қызмет ету ертеден-ақ, басты табыс көзі болып отыр. Мұнда әрбір тұрғынға бірнеше туристен келеді.

Демалу мен туризм ерекше күшті дамыған Жапония мемлекеті жыл сайын бірнеше рет ересектер мен мектеп оқушыларын жаппай туристік саяхаттарға шығуды әдетке айналдырған. Әсіресе Хонсю Аралығындағы ұлттық бақтарға бару кең тараған. Халқы жиі орналасқан Токайдо мегаполисінің тұрғындары өздерінің демалысын осында өткізеді. Жапон халқының құрмет тұтып, құлшылық ететін орны қасиетті Фудзияма тауымен, Никко бағы ерекше әйгілі. «Никкоға бармаған адам әсемдік туралы айта алмайды» деген мәтел бар. [9]

Халықаралық туризмнің дамуы жөнінен АҚШ еуропадан әлдеқайда артта қалады, бірақ осыған қарамастан, жыл сайын елге 30-40 миллион адам келеді.

Туризмді экономикалық тұрғыдан дамытуда бірыңғай басқару инфрақұрылымы бар туристік рекреациялық жүйелер көлеміндегі функционалдық белдеулердің, демалыс орындары мен туристік жорық топтарының шоғырлануы және кеңістікте ұйымдастырылуы (жобалау, салу, инженерлік коммуникациялық кешендерді орналастыру) қолда бар мүмкіндіктерді тиімді пайдалануға жағдай жасайды.

Ал аумақтық-рекреациялық жүйелердің қалыптасуын 3 топқа бөліп қарастыруға болады. [10]

1) Базистік-ресурстық жағдайлар. Туристік-рекреациялық жүйелердің дамуына ықпал жасайтын табиғи және тарихи-мәдени ресурстарды қалыптастыратын аймақ.

2) Кеңістіктік-экономикалық жағдайлар. Аумақтық-рекреациялық жүйелер кешендері жоғарғы экономикалық даму деңгейіндегі ірі урбандалған агломерациялар негізінде немесе белгілі бір аумақтық географиялық жағдайдың ерекшеліктеріне байланысты дамитын аймақ.

3) Әлеуметтік-экономикалық жағдайлар. Туристік-рекреациялық кешендердің орналасуы мен деңгейі ұлттық, әлеуметтік, тарихи-архитектуралық, археологиялық т.б. факторлармен анықталатын жағдайлар. Мұнда туристік шаруашылықтың дамуы халықаралық маңыздағы бағалы тарихи-мәдени нысандардың болуына негізделеді.

Мемлекеттік басқару органдары сондай-ақ жалпы жеке аумақтар бойынша туризмнің дамуын жоспарлайды. Ол мынадай бағыттар бойынша жүзеге асуы тиіс:

- 1) Аймақтың табиғи мүмкіндіктерін анықтау.
- 2) Аймақтың материалдық-техникалық мүмкіндіктері (туристік кешендер саны, инфрақұрылым жағдайы);
- 3) Жоспарланып отырған және қабылданатын туристер саны;
- 4) Қосымша құрылыстар және күрделі жөндеу үшін шығындар;
- 5) Қажетті қызметшілер саны;
- 6) Туристік қызмет ету нәтижесінде мемлекеттік және жергілікті бюджетке түсетін ақша көлемі .

2010 жылдан бастап, Қазақстан Республикасында ішкі туризмді дамыту ісі қолға алынды. Ел Президентінің «Қазақстан-мәңгілік ел!» Жолдауында ұзақ мерзімді бағдарламаларды жүзеге асыру аясында, көпдеген іс-шаралардың ішінде туризм де ерекше орын алады. Бұл туралы Елбасы «Салауатты өмір салтын қалыптастыра отырып, адам өмірін ұзартуға және ел экономикасын көтеруге, туризмнің алатын орны ерекше»— деп атап көрсеткен болатын.

Қазақстан Республикасында туризмнің даму көрсеткіштерін айқындайтын статистикалық мәліметтерге сүйенер болсақ, 2010 жылы қаңтар-маусым айларында шет елге шығушылар саны 2747,4 мың адам, яғни 44,1%-ға өскен. Ішкі туризмді таңдаушылар 7,2%-ды құрап, 2699,4 мың адамды құраған. 2010 жылғы атқарған жұмыс қорытындысын шығарған министірліктің берген мәліметі бойынша туристердің саны 11,4 миллион адамға жетіп, ішкі туризмнің көлемі 15,7%-ға өскен (3,4 миллион); сыртқа шығатын туристер 9,1%-ға ұлғайған (4,8 миллион). Туризм саласына тартылған инвестиция көлемі 28%-ға өсіп, 107,5 миллиард теңгені құраған. Туризмнен түсетін табыс 15,3%-ға өсіп, 78 миллиард теңгеге артқан. Орта есеппен алғанда, әрбір турист Қазақстанға 6842 теңге не 47 доллар табыс кіргізген.

Статистика агентігінің мәліметі бойынша 2014 жылы Қазақстанда 1252 туристік фирмалар жұмыс істеген. Олар 400 мыңға жуық адамға қызмет етіп, одан түскен пайда 15 млрд. теңгені құраған.

2015 жылы 29 қаңтарында Қазақстан билігі осы жылы елге 3,4 миллион шетелдік азаматтар келгенін, 5 миллионға жуық Қазақстан азаматтары шет елге саяхатқа барып қайтқанын мәлімдеді. [11]

Қазіргі уақытта турфирмалар қызметі 2003 жылмен салыстырғанда 2 есеге өскен. Шет елге саяхаттаған Қазақстан азаматтары 3 есеге көбейген, ал ішкі туризм 1,8 есеге өскен.

2016 жылдың басында елімізге келушілер саны төмендеген. Шет елге шығушылар қаңтар- наурыз айларында 2 миллион адам болса, 2015 жылмен салыстырғанда 23,5%-ға төмен. Ішкі туризм керісінше өсу дәрежесін көрсеткен – 918 400 адам ел ішінде саяхаттаған, бұл 10,6%, яғни жоғары көрсеткіш.

Елімізде ішкі туризмді дамыту үшін, барлық туристік нысандарды ғылыми тұрғыдан зерттей отырып және олардың жанында туристік кәсіпорындар орналастырып, жарнамалық- ақпараттық қызметтермен қатар, қонақжайлық индустриясын қалыптастыру қажет деп танылады.

Қазақстан Республикасы аумағында 118 ерекше қорғалатын табиғи аумақ бар. 5 ұлттық парктер мен қорықшалар, ерекше қорғалатын табиғи зоналары бар. Міне, осындай ерекше қорғалатын рекреациялық аймақтарда экотуризмді дамытудың қажеттілігі туындап отыр.

Экологиялық туризмге деген қызығушы туристер халықаралық нарықта 8,9 млн. адамды құрайды. Бұл туристік өнім әлемдік туризм

нарығында ең үздік тұғырға ие. Қазақ жерінде сақ қорғандары, алтын адам табылған ескі қорымдар және 27 мың көне ескерткіштер бар. Бұл біздің орасан зор тарихи ресурсымыз болып табылады. [12]

Қорытындылай келе, айтарымыз Қазақстан Республикасында туризм саласының болашағы өте зор. Туризм – Қазақстан үшін ішкі экономикалық нарықты дамытшы, қозғаушы күш ретінде болуы тиіс. Оған жан-жақты әрі толық мүмкіндіктер бар. 2014 жылы экскурсовод-гидтерді даярлау және сертификаттау моделі әзірленсе, «ЭКСПО-2017» халықарлық мамандандырылған көрмесінің қатысушылары мен қонақтары үшін кемінде 4 туристік пакет дайындалады. Осылайша туризм индустриясы Қазақстан Республикасының экономикасын дамытуға зор ықпал жасайтыны және оныңажырамас бір бөлігіне айналатыны анық.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Ердаuletов С.Р. География туризма: история, теория методы, практика.- Алматы, 2000./336 б.
- 2.Гезгала. Я. Туризм в народном хозяйстве. М.: Прогресс, 1975.
- 3.Теоретические основы рекреационной географии / Под. ред. В.С. Преображенского.- М.: Наука, 1975.-224 б.
- 4.Азар В.И. Экономика и организация туризма.М.: Экономика, 1972.
- 6.Экономика и организация туризма. Международный туризм/ Е.Л. Драчева,Ю.В.Забаева и др. М.: КНОРУС,2005.-576 б.
- 7.Казахстанская туристская ассоциация. – Интернет-ресурс. Режим доступа: <http://www.kaztour-association.com/>
- 8.Сергалиева Р.А. Туризм және Ақтөбе облысындағы экотуризмді дамытудың жолдары./ Ақтөбе. «NOBE
- 9.www.visitkazakhstan.kz//kk
- 10.Бейсенова Ә. Қазақстан табиғатын қорғау және физикалық географиялық идеяларының дамуы. Алматы,1990
- 11.Саипов А.А Теория и практика туризма Казахстан.Алматы 1999
- 12.Пыхарев А.Н, Жолдасбеков. А.А Мамадиярова.М.Ю. Организационно-правовые основы туристической деятельности в республике Казахстан. Алматы,1998 – 198 с.

*Мусиров Г.М. к.э.н., ст. преподаватель
Актюбинский университет им.С.Баишева
Жалгасбаева М.А. магистрант
Актюбинский университет им.С.Баишева*

Аннотация

В статье рассматриваются туризм - как общественный феномен развития внутреннего экономического рынка. В этой статье было рассмотрено понятие «туризм» и условия развития внутреннего туризма, так же были предложены направления индустриитуризма для развития внутреннего экономического рынка Республики Казахстан.

Ключевые слова: тур, туризм, туристический регион, туристическая инфраструктура, туристическая фирма, прогресс, демография, экотуризм.

*Mussirov G. Candidate of Economic Sciences
Aktobe university named after S. Baishev
Zhalgasbaeva M.A. master student
Aktobe University im.S.Baisheva*

TOURISM AS A SOCIAL PHENOMENON OF THE DOMESTIC MARKET DEVELOPMENT

Annotation

The article considers the concepts of Tourism and development condition of the domestic market; also the directions of tourism industry for the development of the domestic ecological market of the Republic of Kazakhstan are suggested.

Keywords: tour, tourism, tourist destination, tourist infrastructure, tourist firm, progressive, demography, ecotourism.

УДК 331.5

*Шукурова Б.М. э.ғ.к .доцент
С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті
Кенжегулова Ж.Л. магистрант
С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті*

ЕҢБЕК НАРЫҒЫН РЕТТЕУ ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУДЫ ЖЕТІЛДІРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ АННОТАЦИЯ

Бұл мақалада автор еңбек нарығындағы халықты жұмыспен қамту мәселелерін қарастырады.

Кілт сөздер: *жұмыссыздық, қаржылық-экономикалық дағдарыс, кәсіптік даярлау, әлеуметтік бағдарлама.*

Еңбек нарығындағы мемлекет қызметінің маңызды бағыты болып, жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге бағытталған шараларды әзірлеу және жүргізу табылады.

Еңбек нарығын мемлекеттік реттеу екі бағытта –макроденгейде және микроденгейде жүзеге асуы қажет.

Қазіргі кезде микроденгейде жұмыспен қамту мәселелері өзекті болып отыр. Кәсіпорын деңгейіндегі жұмыспен қамту мәселелерін шешіп алмай, еңбек нарығының шиеленісін төмендету мүмкін емес.

Өңірлік жұмыспен қамту стратегиясы халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етуге және олардың әл-ауқатын жақсартуға бағытталған. Халықты жұмыспен қамтамасыз етуді жетілдіру өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына тікелей байланысты.

Сонымен бірге, өңірлік жұмыспен қамту мәселелерін шешуде жергілікті атқарушы органдардың рөлін біршама арттыру керек, өйткені, осы органдар арқылы өңірлік жұмыспен қамту бағдарламалары жасақталады және ең бастысы, жүзеге асырылады.

Яғни, жергілікті жұмыс күшін тиімді пайдалану және бекітуді, оның сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруда еңбек ресурстарының ұдайы өндірісі мен дамыту жүйесін қалыптастыру жұмыспен қамту саласында маркетингтік басқаруды пайдалануды қарастырады. Жұмыспен қамту саласындағы маркетинг - бұл әлеуметтік тиімділікке қол жеткізу мақсатында жоғары сапалы қызмет көрстеу бойынша мемлекеттік мекеменің қызметі.

Жұмыспен қамту саласындағы маркетингтің біздің ойымызша, әлеуметтік-экономикалық-этикалық бағыттылығы болуы тиіс, өйткені жұмыс берушілер жұмыстан босатылған адамдарға жауапты болуы тиіс және халықты жұмыспен қамту органдары сияқты қаланың және ауданның, оның ішінде ең алдымен аймақтардағы еңбек нарығында тұрақты жағдайды сақтауға ықпал етуі тиіс.

Биліктің жергілікті органдарының, жоғары, орта арнайы және орта мектептердің басшыларына, жұмысшылар мен мамандардың даярлығының кәсіби-біліктілік құрылымы мен көлемін, еңбектің аймақтық нарығының қажеттілігіне сәйкестендіру және келістіруі қажет.

Біріккен Ұлттар Ұйымы сарапшыларының бағалауы бойынша дүние жүзінде өмір сүретін жастардың саны XX ғасырдың ортасында 720 миллионнан XXI ғасырдың бірінші онжылдығында 1,8 миллиард адамға өсті [1].

Олардың 90% жуығы демографиялық серпінді дамып жатқан елдерде тұрады, ондағы жастардың саны еңбек етуге қабілетті

тұрғындардың 30%-ынан астамын құрайды. Дамыған елдерде халықтың картаю үрдісі байқалады.

2014 жылы жастардың 62%-ы Азияда, 18%-ы Африкада, 9% Латын Америкасында, 7%-ы Еуропада өмір сүріп жатқан болса, ғасырдың аяғында бұл ара қатынас түбегейлі өзгерді: 41%-дан Азия мен Африканың, 6%-дан Еуропа мен Латын Америкасының еншісіне тиді.

Болжамды есептеулер бойынша алдағы онжылдықта бұл көрсеткіш 1,9 миллиард адам деңгейінде тұрақтайды, ал 2060 жылға қарай олардың саны олардың ең жоғары саны 1,1 млрд. адамға жетеді, содан кейін бұл көрсеткіш ақырындап қысқаратын болады.

Жастар арасында жұмыссыздық проблемасының өсуі алаңдаушылық туғызуда. Атап өтілгендей, Біріккен Ұлтар Ұйымы экономикалық және әлеуметтік мәселелер жөніндегі департаментінің баяндамаларының бірінде («Жастарды жұмыспен қамту проблемасы: құбылмалы қоғамда лайықты еңбекке қол жеткізудің перспективалары») бұл проблема әлемдегі қаржылық-экономикалық дағдарыстың салдарынан ушыға түскен.

Жастар арасындағы жұмыссыздықтың көбеюі – бұл жаңа құбылыс емес, аталған проблеманың жеткен деңгейі - жан ауыртарлық болып табылады.

Жұмыссыздық, әсіресе еуропалық жастардың бас ауруына айналды. Қазіргі таңда оның деңгейі 17 жастан 25-ке дейінгі жастар қатарында орташа 22,5 пайызды құрайды – санмен алғанда бұл шамамен 8 млн. адам болады. Осы тұрғыдан алғанда ахуал былайша қалыптасқан: жастар арасында жұмыссыздықтың ең үлкен көрсеткіші Грекияда (54%), Испанияда (53 %), сондай-ақ Португалия, Италия мен Ирландияда — бұл елдерде жастардың 30 пайызға жуығы өздеріне жұмыс таба алмай жүр. Франция (32,4%) мен Ұлыбританияда (21,7%), сондай-ақ Еуропаның басқа бірқатар елдерінде жағдай біршама дұрыс.

Осы елдермен салыстырғанда біздің елімізде жастарды жұмыспен қамту мәселесі біршама жолға қойылған. Қазақстан Республикасының Статистика агенттігінің деректеріне сәйкес 2014 жылдың екінші тоқсанында 15 жастағы және одан үлкен экономикалық белсенді тұрғындардың саны 9,1 млн. адамға жетті. Жұмыспен қамтылғандардың құрамының (31,5%) үштен бірін 25-34 жастағы адамдар; 13,1% - 15 пен 24 жас аралығындағы жастар құрайды[2].

Қалалық жастарды жұмыспен қамту құрамының – 80,3%-ы, ауылдық жастар арасында – 46,6%-ы жалдамалы еңбектің еншісінде.

Республика бойынша 5,2% жалпы жұмыссыздық деңгейімен салыстырғанда 15-28 жастағы жастар арасындағы жұмыссыздықтың деңгейі 5,9% құрайды.

Ақтөбе облысы бойынша жастар (15-28 жас) арасындағы жұмыссыздықтың деңгейі орташа республикалық деңгейден жоғары, яғни 5,0% жалпы деңгейдің 7,2%-н құрайды.

Жастарды жұмыспен қамту мәселелері жұмыспен қамту саясатын іске асыруда ерекше орын алатын мәселелердің бірі.

Қазақстанда жастар жұмыссыздығы проблемасы жастардың кәсіби білімінің болмауына, біліктіліктің, дағдыларының жетіспеуіне байланысты, еңбек нарығындағы жастардың бәсекеге қабілеттілігінің төмендігіне, еңбек ету қабілетінің шектелуі (жекелеген нысаналы топтар) және еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсыныстың ахуалы туралы ақпараттың жеткіліксіздігіне негізделеді.

Жастарды жұмысқа орналастыру мүмкіндігін кеңейту үшін мемлекет мынадай шаралар қабылдауда:

- ауыл жастарының, мүмкіндіктері шектеулі балалардың, оралмандардың сапалы білім алуына, тиісті кәсіби даярлыққа қол жеткізуіне және оған ие болуға мүмкіндіктерді кеңейту;
- жұмыспен қамту және еңбек нарығының жай-күйі мәселелеріндегі хабардарлықты арттыру;
- алғашқы жұмысқа орналасуға жәрдемдесу;
- жұмыспен қамтудың белсенді бағдарламаларына тарту;
- материалдық қолдау көрсету.

Биылғы жылдың бірінші жартыжылдығында республика бойынша жұмыспен қамту органдарына жұмысқа орналасу үшін 16-29 жас аралығындағы 76,4 мың жұмыссыз азамат жүгінген, оның ішінде 35 мыңға жуығы ауылды жерлерде тұрады. Осы құрамдағы 11 мың адамнан астамы – білім беру ұйымдарының бітірушілері. Өтініш білдірген жастардың 46%-ы (35,5 мың) жұмысқа орналастырылды. Олардың жартысына жуығын (17 мың адам) ауыл жастары құрайды.

Ақтөбе облысының жұмыспен қамту органдарына жұмысқа орналасу үшін 15,1 мың адам жүгініп, оның 10,4 мыңы (68,8%) жұмысқа орналастырылды. Жастар арасындағы жұмысқа орналасу деңгейі 37,5%-ды құрайды.

Жастарды Жұмыспен қамту 2020 жол картасына тарту мәселесіне арнайы тоқталайық.

Жаңадан қабылданған Жұмыспен қамту 2020 жол картасының аясында жастардың өзін-өзі көрсетуі үшін мүмкіндіктер кеңінен қамтылған.

Жол картасын іске асыру мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1. Инфрақұрылымды және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты дамыту есебінен жұмыспен қамтамасыз ету.

2. Кәсіпкерлікті дамыту және тірек ауылдарды дамыту арқылы жұмыс орындарын құру.

3. Жұмыс беруші қажеттігінің шеңберінде оқыту және көшіру арқылы жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу.

2015 жылға 110,6 млрд. теңге (жергілікті бюджеттен қоса қаржыландыру есебінен 5,7 млрд. теңгені қосқанда) көзделген, еліміздегі 123,3 мың адам қамтылатын болады, атап айтқанда Ақтөбе облысында – 7,6 мың адамды қамтуға 10,9 млрд. теңге көзделген.

Жол картасы аясында оқыту және жұмысқа орналастыру, жеке ісін ашуға немесе кеңейтуге микрокредит беру арқылы ауылда кәсіпкерлікті дамытуға ықпал ету, сондай-ақ экономикалық әлеуеті төмен елді мекендерден экономикалық өсу орталықтарына ерікті түрде көшіруді ұйымдастыру қарастырылады.

Бұл орайда мемлекеттік қолдаудың бұрын-соңды болмаған шаралары көрсетіледі.

Бағдарлама іске асырыла бастағаннан бері оған қатысушылардың жалпы санының (235,4 мың адам) жартысынан астамын, яғни 57,8%-ын 29 жасқа дейінгі жастар құрайды.

Жол картасының бірінші бағыты тұрғындарды әлеуметтік-экономикалық даму әлеуеті жоғары немесе орташа қалаларда, ауылды елді мекендерде, саяжайлық кенттерде инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру жолымен жұмыспен қамтамасыз етуге бағытталған және жаңа жұмыс орындарын шұғыл түрде құруға және жұмыссыздық деңгейін қадағалап отыруға мүмкіндік береді.

Осы бағыт шеңберінде азаматтарды объектілерді күрделі, орташа және ағымдағы жөндеумен байланысты жұмыстармен, фельдшерлік-акушерлік пункттердің, ауылдық жерлерде дәрігерлік амбулаториялардың құрылысымен; ауылды елді мекендерді абаттандырумен байланысты жұмыстармен қамтамасыз ету көзделеді.

2015 жылға 57,6 млрд. теңге (жергілікті бюджеттен қоса қаржыландыру есебінен 5,2 млрд. теңгені қосқанда) көзделген, 22,3 мың жұмыс орны құрылатын болады, оның ішінде Ақтөбе облысы үшін - 8,0 млрд. теңге жоспарланған, 2,8 мың адам жұмыспен қамтылады.

Осы бағыт аясында іс-шара басталғалы бері республика бойынша 3,4 мың жас азамат жұмысқа орналастырылды, оның 341-і Ақтөбе облысының тұрғыны.

Жол картасының екінші бағыты шеңберінде мемлекеттік қолдау консультациялық қызметтер көрсету, жол жүруге және тұруға материалдық көмек ұсына отырып, кәсіпкерлік негіздеріне тегін оқыту, бизнес-жоспарын дайындауға жәрдемдесу; микрокредиттер беру; бір жылға дейінгі мерзімге жобаларды сүйемелдеу жөнінде сервистік қызметтер (маркетингтік, заңдық, бухгалтерлік және басқа да қызмет түрлері) көрсету; жетіспейтін инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерін дамыту және/немесе салу және/немесе инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым үшін, оның ішінде

жайылымдық мал шаруашылығын дамыту үшін ілеспе технологиялық жабдықтар сатып алу түрінде жүзеге асырылады.

2015 жылға 25,6 млрд. теңге көзделген, 11 мың жұмыс орны құрылады, оның ішінде Ақтөбе облысы бойынша – 1,8 млрд. теңге бөлініп, 747 адамды жұмысқа орналастыру жоспарланды.

Жастардың белсенді өкілдеріне, бірінші кезекте, ауылдағы жастарға Жол картасын іске асыру шеңберінде өз ісін ашуда немесе кеңейтуде қолдау көрсетіледі.

2,3 мың жас азамат кәсіпкерлік негіздеріне оқытылды, 2,5 мың адам микрокредит алды.

Ақтөбе облысы бойынша айтатын болсақ, мұнда Жол картасы іске асырыла бастаған кезден 72 адам кәсіпкерлік негіздеріне оқытылды.

Үшінші бағыт шеңберінде: оқу және жұмысқа орналасу мәселелері бойынша консультация; лайықты бос жұмыс орындарын іздеу және жұмысқа орналасуға жәрдемдесу; біліктілікті тегін арттыру, кәсіптік даярлау және қайта даярлау курстарына жіберу; оқитын адамдарға оқу орнына дейін жол жүруге және тұруға субсидия беру; жастар практикасына жіберілген бітірушілердің жалақысын ішінара субсидиялау көзделеді.

Осы бағыт мемлекет, жұмыс беруші, оқу орны мен бағдарламаға қатысушы арасында жауапкершілікті бөлуді көздейтінін атап өткен жөн.

Жұмыссыздарды оқыту дуальді оқыту қағидатын ұстанатын жалпы білім беру мекемелерінде жүзеге асырылады, яғни жұмыс беруші практикадан өту үшін база ұсынады, осылайша оқытуға тікелей өзі қатысады және келешектегі қызметкерді оқу аяқталғаннан кейін жұмысқа орналастыруға жауапкершілік алады.

Республика бойынша кәсіптік оқуға жіберілген 43 мың жас азаматтың 2,7 мыңы (6,3 %) Ақтөбе облысының тұрғыны болып келеді.

2014 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бойынша облыстағы жұмыс берушілер 1100 бос жұмыс орны туралы мәлімдеді. Облыстың еңбек нарығында кәсіптер бөлінісінде инженерлер, педагогтар, заңгерлер, бағдарламашы техниктер, құрылысшылар (сылақшылар, кірпіш қалаушылар, арматурашылар, бетоншылар, плиткашылар), кран машинистері (краншылар), медбикелер жөніндегі жұмысшылар сұранысқа анағұрлым ие болып отыр.

Қазіргі кезде Бағдарлама шеңберінде: краншылар, электромонтер, газ-электрмен дәнекерлеуші, барлық сантар жүргізушісі мамандықтары бойынша оқыту жүргізілуде.

Оқуды аяқтағаннан кейін республика бойынша қатысушылардың 56,5 %-ы тұрақты жұмыс орындарына орналастырылды, облыс бойынша осы көрсеткіш жастар арасында – 73,3% құрайды.

Әлеуметтік жұмыс орындары мен жастар практикасы сияқты жұмыспен қамтудың тиімді тетіктері белсенді қолданылады. Олар мемлекет субсидиялайтын уақытша жұмыс орындары.

Бүгінгі күні жұмыс беруші жұмысқа қабылдаған кезде практикалық өтілі бар тәжірибелі кадрларға басымдық беретіні құпия емес. Бұндай кезде алған мамандығы бойынша бюджет қаражаты есебінен уақытша жұмысқа орналастыру қажетті алғашқы тәжірибе алудың және жұмысқа орналасудың шешімді шарасы болады.

Бағдарлама шеңберінде әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру үшін жұмыс берушілермен шарттар жасалады, осыған сәйкес республика бойынша жұмыссыз жастар арасынан 24,7 мың адам, Ақтөбе облысы бойынша – 681 адам жұмысқа орналастырылды.

Жастар практикасына республика бойынша 43,6 мың адам, Ақтөбе облысы бойынша – 1 мың адам жұмысқа орналастырылды.

Жол картасының осы бағыты экономикалық тұрғыдан болашағы бар аудандарға еңбек көші-қонын ынталандырады. Ауыл жастарына басымды көңіл бөлінеді. Қазақстан Республикасы азаматтарының өз еркімен жұмыс бар өңірлерге көшуіне жәрдемдесу, жастарды бейімдеу үшін еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыру бойынша жұмыстар жүргізіледі[3].

Тұрғын үй жұмыс берушілерден нақты өтінімдер мен жұмысқа орналастыруға міндеттемелер түскен жерлерде ғана салынады. Салынатын орынды таңдау, тұрғын үй саны нақты өндірісті дамытуға бағдарланатын болады.

Ағымдағы жылы бағдарлама шеңберінде аталған шаралармен республика бойынша 13 мың адам қамтылды, оған 11 млрд. теңге бөлінді.

Біздің пікірімізше, қазіргі қоғамымыздағы белең алып бара жатқан жұмыссыздық мамандықтың дұрыс таңдалмауынан туындаған күрмеулі мәселелердің бірі деп есептейміз.

1. Ақтөбе облысының 2015 жылғы әлеуметтік-экономикалық дамуының қорытындысының есебі. 2015ж. 11 қараша
2. 2014 жылғы Ақтөбе облысының еңбек саясаты орындалуы туралы есеп
3. Ақтөбе облысының статистикалық мәлеметтері <http://aktobe.stat.kz>

*Шукурова Б.М- к.э.н., доцент
Актюбинский университет им.С.Байшева
Кенжегулова Ж.Л.магистрант
Актюбинского университета им С.Байшева*

**РЕГУЛИРОВАНИЕ РЫНКА ТРУДА И ПРОБЛЕМЫ
СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ЗАНЯТОСТИ НАСЕЛЕНИЯ
АННОТАЦИЯ**

В данной статье автор рассматривает проблемы занятости населения и пути ее решение.

Ключевые слова: безработица, финансово –экономический кризис, профессиональная подготовка, социальная программа.

*Shukurova B.M. Candidate of Economic Sciences
Aktobe university named after S. Baishev
Kenshegulova ZH.L. master student
Aktobe university named after S. Baishev*

**LABOUR MARKET REGULATION AND THE IMPROVEMENT
OF THE EMPLOYMENT PROBLEM
ANNOTATION**

In this article the author considers the employment problem and the ways of problem solving.

Key words: employment, finance-economic crisis, professional training, social program.

«С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университетінің Хабаршысы» ғылыми журналына мақалалар беру тәртібі:

«С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университетінің Хабаршысы» ғылыми журналына (ҚР Ақпарат министрлігі бұқаралық ақпарат құралы несепке алу туралы 29.01.2004ж. №4645-Ж куәлігі берілген) қазақ, орыс және ағылшын тідерінде мақалалар қабылданады.

«С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университетінің Хабаршысы» ғылыми журналы авторларына қойылатын талаптар:

Журналға жарияланатын мақала дайындау алдында авторлардың келесі ережелерді басшылыққа алуы-сұралады:

Авторлар жөнінде мәлімет (аты-жөні, ғылыми атағы, ғылыми дәрежесі, қызметі немесе мамандығы, жұмыс орны (ұйым немесе мекеме атауы және орналасқан жері; елінің атауы, мекен-жайы, телефоны, e-mail) үштілде (қазақ, орыс, ағылшын) беріледі. *Ескерту. Автордың аты-жөні атау септігінде қолданылады.*

ӘОЖиндексі

1 интервалдан соң ӘОЖ индексі көрсетіледі. ӘОЖ индексі жарияланатын мәлімет тақырыбынан сол жағында бөлек жолмен орналасады. *Ескерту. ӘОЖ индексін ГОСТ 7.90- 2007 сәйкес есептеп немесе кітапханадан білуге болады.*

Аннотация және кілт сөздер

Аннотация және кілтсөздер арақашықтығы 1 интервал мен үштілде беріледі (қазақ, орыс, ағылшын). Мәтін алдында аннотация мен кілт сөздер жарияланатын материал тілінде жазылады және әдебиеттер тізімінен кейін басқа екі тілде орналастырылады.

Мақаланы рәсімдеуге келесі талаптар қойылады:

Мақала көлемі әдебиеттер тізімі, кесте, сурет, сурет жазбалары және аннотациялармен қоса 5 беттен аспау керек. Баспаға басыпшығарылған нұсқасымен толық сәйкес келетін электронды түрінде тапсыру керек. Файл атауы мақала авторының тегімен көрсетіледі. Мақала беттерін нөмірлеу керек. Мәтін Word бағдарламасының кез келген нұсқасымен теріліп, CD, басқада тасушы құралмен жеткізіледі немесе электронды поштаға жіберіледі. Мәтін А4 қағазына (210*297 мм) 14 пиксельдегі Times New Roman әрпімен жоларалық 1 интервал қалдыра отырып жазылады.

Кесте, сурет, формулаларда символ және белгілерге әр түрлі түсініктеме болмауы керек. Суреттер айқын әрі анық болуы тиіс. Мәтіндегі суреттер мен кестелерге сілтемелер көрсетілуі керек. Мәтінде формула саны аз болуы керек. Формулалар баспаға сәйкес (математикалық және химиялық формулалар үшін) болуы тиіс. Кестенің тақырыбы қойылып, бос бағандар болмауы тиіс.

Әдебиеттер тізімі жарияланатын материал мәтінінен кейін орналастырылады. Әдебиеттер тізімі 20-дан көп болмауы керек. Мақалада сілтеме нөмірлері әдебиеттер тізіміндегі дереккөздердің реттік нөмірлері бойынша қойылады. Мұрағаттық материалдар тізімге еңгізілмейді, оларға сілтеме мәтінішінде жақшаға алу арқылы реттеледі. Дереккөз ретінде электронды ресурстарды қолданған жағдайда

әдебиеттер тізімінде библиографиялық жазба және ғаламтордағы толық желілік адресіне сілтеме пайдаланған күнімен берілгені жөн.

Ескерту. Мақала ГОСТ 7.1 - 2003-ке сәйкес рәсімделуі керек. «Библиографиялық жазылым. Библиографиялық, сипаттама. Құрылымның жалпы талаптары мен ережелері». Мақала мәтініндегі дереккөздерге сілтеме тікжақшаға алынады.

Бір нөмірге бір автордың мақаласы 2-ден аспауы қажет. Мақалаға ұйым жетекшісінің қолы қойылған жолдама хаты мен пікірі жазылады. Баспаға түскен барлық мақалаға пікір беріледі. Қажетті жағдайда толықтыру мен өзгертулер енгізу үшін мақала авторға қайтарылып беріледі. Баспа мақала мәтініне өзгеріс енгізуге құқылы.

Жарияланымға мақалалар келесі мекен-жай бойынша қабылданады

030000, Ақтөбе қаласы, Аз. Жұбановтар көшесі, 302 А. С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университеті. Тел.: 8(7132) 974081, e-mail: edu_ausb@mail.ru (С.Бәйішев атындағы Ақтөбе университетінің Хабаршысы)

Правила для публикации в журнал «Вестник Актюбинского университета имени С.Баишева»

В научный журнал «Вестник Актюбинского университета им. С.Баишева» (свидетельство о постановке на учет средства массовой информации №4645-Ж, выданный Министерством информации Республики Казахстан от 29.01.2004 г.) принимаются статьи на казахском, русском и английском языках.

Редакционная коллегия просит авторов при подготовке статей для опубликования в журнале руководствоваться следующими правилами в порядке расположения:

Сведения об авторах

Перед наименованием статьи указываются сведения об авторах: имя, отчество и фамилия; ученое звание, ученая степень, должность или профессия, место работы (наименование учреждения, организации, предприятия и место расположения; наименование страны, домашний адрес, телефон, e-mail) приводят на трех языках (казахский, русский, английский). Сведения об авторах излагаются на языке публикуемого материала и после списка литературы на двух других указанных языках.

Примечание. Имя автора приводится в именительном падеже.

Индекс УДК

Через 1 интервал указывается индекс УДК. Его располагают отдельной строкой слева перед заглавием публикуемого материала.

Примечание. Индекс УДК можно высчитать в соответствии с ГОСТ 7.90-2007 или узнать в библиотеке.

Аннотация и ключевые слова

Через 1 интервал приводят аннотацию и ключевые слова на трех языках (казахский, русский, английский). Перед текстом публикуемого материала аннотация и ключевые слова приводятся на языке публикуемого материала и после списка литературы приводятся на двух других указанных языках.

Статья

Через 1 интервал размещается статья. Объем статьи, включая список литературы, таблицы и рисунки с подрисовочными надписями, аннотации, не должен превышать 5 страниц печатного текста. Текст должен быть набран в программе Word любой версии, представляется на электронном носителе, либо отправляется по электронной почте. Шрифт текста – Times New Roman, формат бумаги А4 (210*297 мм), размер кегля – 14 пт. Межстрочный интервал – одинарный. Выравнивание текста по ширине.

В таблицах, рисунках, формулах не должно быть разночтений в обозначении символов, знаков. Рисунки должны быть четкими. На рисунки и таблицы в тексте должны быть ссылки. В тексте число формул должно быть минимальным. Формулы должны быть набраны в соответствующем редакторе (для математических и химических формул). Таблицы должны быть озаглавлены, не допускается наличие в них пустых граф. Условные сокращения и символы следует пояснять в примечании.

Список литературы

Через 1 интервал список литературы помещают после текста публикуемого материала. Список литературы должен состоять не более чем из 20 наименований. Нумерация ссылок в статье производится по порядковому номеру источника в пристатейном списке литературы. Архивные материалы в список не включаются, ссылки на них помещаются в тексте в круглых скобках. При использовании в статье источников из электронных ресурсов или удаленного доступа (Интернета) в списке литературы приводится библиографическая запись источника и ссылка на сетевой ресурс с полным сетевым адресом в Интернете. Желательно указывать дату обращения к ресурсу.

Примечание. Список литературы оформляется в соответствии с ГОСТ 7.1–2003 «Библиографическая запись. Библиографическое описание. Общие требования и правила составления». Ссылки на источники в тексте статьи даются только в квадратных скобках [12].

В один номер принимаются не более 2 статей одного автора. В редакцию необходимо представить электронную версию статьи в полном соответствии с распечаткой. Имя файла должно начинаться с фамилии первого автора. Статья должна сопровождаться рецензией. Все статьи, поступившие в редакцию, рецензируются. При необходимости статья может быть возвращена автору на доработку. Редакция оставляет за собой право внесения в текст редакторских изменений, не искажающих смысла статьи.

Материалы для публикации принимаются по адресу: 030000, г.Актобе ул. бр.Жубановых, 302 а, Актюбинский университет им. С. Баишева. Тел.: 8 (7132) 974081. E-mail: edu_ausb@mail.ru (с пометкой для Вестника Актюбинского университета им С. Баишева). Сайт: www.vuzbaishev.kz.

**С.БӘЙІШЕВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

ВЕСТНИК АКТЮБИНСКОГО УНИВЕРСИТЕТА ИМЕНИ С.БАИШЕВА

*Қазақ және орыс тілдерінде үш айда бір рет шығарылады
Выпускается один раз в три месяца на казахском и русском языках*

Формат А4 Көлемі 8,4 баспа табақ Объем 8,4 печ.л.
Таралымы 100 дана Тираж 100 экз.

Басуға қол қойылды: 5.11.2016 ж.
Подписано в печать: 5.11.2016 г.

Редакцияның мекен-жайы: 030000, Ақтөбе қаласы, ағайынды
Жұбановтар көшесі, 302А
Адрес редакции: 030000, г. Актобе; ул. Братьев Жубановых, 302А
тел. 97-40-81, 52-36-00

С.БӘЙІШЕВ АТЫНДАҒЫ АҚТӨБЕ УНИВЕРСИТЕТІ

**® ЖУРНАЛ НАБРАН И СВЕРСТАН В РЕДАКЦИОННО-
ИЗДАТЕЛЬСКОМ ЦЕНТРЕ АКТЮБИНСКОГО УНИВЕРСИТЕТА
ИМЕНИ С.БАИШЕВА**

**Жарияланған мақала авторларының пікірі редакция көзқарасын
білдірмейді.**

Мақала мазмұнына авторлар жауап береді.

Қолжазбалар өңделмейді және авторға қайтарылмайды.



**Опубликованные материалы авторов не отражают точку зрения
редакции.**

Авторы несут ответственность за выбор и представление фактов.

Рукописи не редактируются и не возвращаются.